Біз бейбіт елде, мемлекеттік білімді жетілдіруге аса мән берген елде тұрамыз. Жалпы білім берудің мақсаты – терең білімнің, кәсіби дағдылардың негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін — өзі дамытуға адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдерді қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру, яғни жеке тұлғаны қалыптастыруға негізделген, ақпаратты технологияны терең меңгерген, жылдам өзгеріп жататын бүгінгі заманға лайықты, жаңашыл тұлғаны қалыптастыру. Тағы айта кететін жағдай, осы Мемлекеттік Бағдарламаның бір бағыты: E-learning — электронды оқыту жүйесінің қазақстандық білім жүйесіне енуі. Олай болса мектепте информатика пәні – ақпараттық қоғам негізі деп айтуға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Фаронов В.В. Турбо-Паскаль М, «Нолидж», 2001.

2 Пильщиков В.И. Сборник упражнений по языку Паскаль, М, Наука-1989.

3 Алексеев В.Е. Вычислительная техника и программирование. М. «Высшая школа»-1991.

4 Камардинов О. Есептеуіш техника және программалау. Алматы-1997.

5 Семакин И.Г., Шестаков А.П. Основы программирования – М, “Мастерство”-2001.

6 Касаткин В.И. “Информация, алгоритмы, ЭВМ”. М. “Просвешение”, 1991

ӘОЖ 796.32(574)

Бекенов Е.Е., Мурзабеков М.М.
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті
Қызылорда қ., Қазақстан Республикасы

ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ АЛҒАШҚЫ 1991-2000 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ СПОРТТЫҢ ҚИЫНДЫҚТАРЫ МЕН МҮМКІНДІКТЕРІ

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында қалыптасқан экономикалық ахуал дене тәрбиесі мен спорттың дамуына қолбайлау болып, соның салдарынан, айналып келгенде, халық игілігіне нұқсан келді. Бірқатар мәселелерді, бірінші кезекте, спорттың материалдық-техникалық базасын нығайтуды, халықтың спортпен шұғылдануына жағдай жасауды, балалар мен жасөспірімдер спортын дамытуды, шеберлігі жоғары спортшылар даярлауісін мемлекеттік деңгейде шешу қажет болды [1].

Қазақстан тәуелсіз мемлекет болғаннан бергі 20 жыл ішінде спорт саласында айтарлықтай жетістіктерге жетті. Спорттың материалдық техникалық базасын сақтап қалу, спорт нысандарына халықтың қолжетімділігі, балалар мен жасөспірімдер спортын қалпына келтіру және шеберлігі жоғары спортшыларды даярлау мәселелері мемлекеттік деңгейдегі қолдауға зәру болды. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін спорт саласының барлық нысандары мен инфрақұрылымдары азып-тозып, біразы жеке меншікке өтіп кетті.

Қазақстан тәуелсіз ел ретінде қатысқан алғашқы Олимпиада - 1994 жылы Норвегияның Лиллехаммер қаласында өткен XVII қысқы Олимпиада ойындары болатын. Қазақстанның әнұранын Олимп шыңында тұңғыш рет Владимир Смирнов шырқатты. Атақты шаңғышы сол кезде бір өзі бір алтын, екі күміс медаль жеңіп алды [2].

1996 жылы Қазақстан спортшылары алғаш рет Атлантадағы XXVI жазғы Олимпиада ойындарына қатысты. Әлемдегі ең ірі спорттық жарысқа алғаш рет қатысып жатқанына қарамастан Қазақстан құрамасы 3 алтын, 4 күміс, 4 қола медалге қол жеткізіп, командалық есепте 24-ші орынға табан тіреді. Медаль алған спортшылар, алтын медаль: боксшы Василий Жиров, (бұған қоса техникалық шеберлігі ең жоғары боксшыға берілетін Баркер кубогын жеңіп алды), балуан Юрий Мельниченко, бессайысшы Александр Парыгин. Күміс медаль: мерген Сергей Беляев (бір өзі екі күміс), боксшы Болат Жұмаділов, ауыр атлет Анатолий Храпатый. Қола медаль: боксшылар Ермахан Ибраимов пен Болат Ниязымбетов, балуан Мәулен Мамыров, мерген Владимир Вохмянин [3].

Келесі қысқы Олимпиада 1998 жылы Жапонияның Нагано қаласында өтті. Осыдан жиырма жыл бұрынғы жарыста Қазақстан командасы екі қола медаль алды. Оларды конькийші Людмила Прокашева мен шаңғышы Владимир Смирнов жеңіп алды.

2000 жылы Сиднейде (Австралия) өткен жазғы олимпиадада Қазақстан атынан тұңғыш рет қазақ баласы алтын алды. Қазақстан құрама командасы бұл жолы 199 елдің ішінде 22-орынға жайғасты. Алтын медаль: боксшылар Бекзат Саттарханов пен Ермахан Ыбырайымов, жеңіл атлет Ольга Шишигина. Күміс медаль: боксшылар Мұхтархан Ділдәбеков пен Болат Жұмаділов, балуан Ислам Байрамуков, велошабандоз Александр Винокуров.

Осыдан дәл 20 жыл бұрын Аустралияның Сидней қаласында XXVII жазғы Олимпия ойындарының алауы тұтанған еді. 1 қазанға дейін созылған айтулы жарыста 199 мемлекеттен келген 10 651 үміткер өнер көрсетіп, спорттың 28 түрі бойынша 300 жүлде жиынтығын сарапқа салды. Бұл –Қазақстанның өрендері қатысқан екінші жазғы ғаламдық дода еді. Қазақстан Сидней Олимпиядасынан 22 қатарға орналасты.

Қоржынымызды жүлдеге боксшылар толтырды. Бұл сынға бас бапкер Тұрсынғали Еділов жеті спортшыны бастап кеткен еді. Финалға Болат Жұмаділов (51 келі), Бекзат Саттарханов (57 келі), Ермахан Ыбырайымов (71 келі) және Мұхтархан Ділдәбеков (+91 келі) шыққанда, артынша қоржынға қос алтын мен қос күміс түскенде, Қазақстан үздік 25 елдің қатарына еркін енді.

Кесте 1 - 1991-2000 жылдар аралығындағы Қазақстан спортшыларының жетістіктері

Жылдар	Жетістіктер
1991-1992	1991 жылы дене шынықтыру және спорт мүгедектерінің Қазақстандық қауымдастығы құрылды, оның негізгі міндеті мүгедектер үшін спортты дамыту болды. 1992 жылдан бастап Қазақстан Республикасы ірі халықаралық жарыстарға қатыса бастады, ал Мәулен Мамыров біріккен командалық чемпионатта 52 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде қола

	медаль жеңіп алды.
1993-1994	1993 жылы хоккейден Қазақстан құрамасы Словенияда өткен әлем чемпионатына қатысып, Өскемендегі "Торпедо" командасы тәуелсіз мемлекеттің алғашқы чемпионы атанды. Қазақстан Тәуелсіз мемлекет ретінде алғаш рет Лиллехаммердегі (Норвегия, 1994 ж.12-27 ақпан) XVII қысқы Олимпиада ойындарына қатысып, бір алтын, екі күміс және бір қола медаль жеңіп алды.
1995-1996	1995 жылғы 5-13 тамыз аралығында Гетеборг қаласында (Швеция) жеңіл атлетикадан әлем чемпионаты өтті, оған 191 елден 1800 спортшы қатысты, ал Қазақстан бір күміс медаль жеңіп алды. Ольга Шишигина әйелдер арасында 100 метрге жүгіруде әлем чемпионатының күміс жүлдегері атанды. 1996 жылы Қазақстан құрамасы алғаш рет Атлантадағы XXVI жазғы Олимпиада ойындарына қатысып, үш алтын, төрт күміс және төрт қола медаль жеңіп алып, жалпы командалық есепте 24-ші орынға ие болды.
1997-1998	1997 жылы Будапештте бокстан әлем чемпионаты өтті, онда Е.Ибраимов күміс, ал Б.Жұмаділов қола медаль жеңіп алды. 1998 жылы Наганода (Жапония) өткен XVIII қысқы Олимпиада ойындарында Қазақстан екі қола медаль жеңіп алды.
1999-2000	Чангвон қаласында (Оңтүстік Корея) өткен 1999 жылғы Қысқы Азия чемпионатында қазақ спортшылары 10 алтын, 8 күміс және 7 қола медаль жеңіп алды. 2000 жылғы XXVII жазғы Олимпиада ойындарында қазақстандық спортшылар 199 ел арасынан 22-ші орынды иеленді.

Бүгінде Қазақстанда спортпен жүйелі айналысушылардың саны 2 млн. 898 мың 871(тұрғындардың жалпы санының 17,7%-ы) адамды құрайды, оның ішінде ауылдық жерлерде 1 млн. 190 мың 341 (7,3%), тиісінше 1 млн. 708 мың 530 адам (10,4%) қала тұрғындары [4].

1) Биыл салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында 17 904 спорттық-бұқаралық іс-шаралар өткізіліп, оларға 4,1 млн. адам қатысты, оның ішінде 11 мың іс-шара ауылдық жерлерде өткізіліп, оларға 2,3 млн. адам қатысты.

2) 2010 жылы спорт нысандарының жалпы саны 31 266 болса, соның ішінде 1 717 нысан жекеменшіктің үлесінде, 20 166 нысан ауылдық жерлерде орналасқан.

3) Қазақстанда жұмыс істеп тұрған 70 мың 353 спорт секцияларында 2,1 млн. адам спортпен шұғылданады.

4) Қазірде 127 мүгедек спорттың әр түрінен Қазақстан Республикасының спорт шебері. Бір ғана 2010 жылдың өзінде мүгедектер санатынан 41 адам спорт шеберінің, 24 адам халықаралық дәрежедегі спорт шеберінің нормативтерін орындады.

Ұлттық спорт өркендеу үстінде XX ғасырдың соңғы он жылдығында еліміз тәуелсіздігін алып, егеменді ел атанды. Аз уақыт аралығында барлық дерлік сала бойынша оң өзгерістер жасалды. Халық еркін

тыныстап, өз елін жаңаша құруға кірісті. Өткен ғасырдың 90-шы жылдарының басында алдыңғы буын ағалар -ауыл шаруашылығы министрінің бірінші орынбасары Айып Құсайынов, спорт министрінің орынбасары Анатолий Құлназаров, «Қайрат» республикалық спорт қоғамының төрағасы Сайлау Тұрыскелдин, Алматы, Жамбыл облыстарының әкімі болған Серік Үмбетов және басқалар ат спорты мен ұлттық ойындарды дамытуды қолға алды. Осының арқасындакөптеген облыстарда ат спорты жарыстары жиі өткізіле бастады. Әсіресе, аламан бәйге, жорға жарыс, қыз қуу, теңге алу, көкпар тарту сияқты ойындар қызықты да мәнді өтетін болды [5].

Тәуелсіздік бен ұлттық спорт түрлері жанашырларының арқасында 90-шы жылдардың ортасында ұлттық ат спорты федерациясы дүниеге келді. Көптеген азаматтардың жанқиярлық еңбектерінің нәтижесінде 1996 жылдың наурызында Алматыда бүкіл Қазақстан атбегілерінің 1-ші құрылтай-конференциясы өткізілді. Онда тұңғыш рет ұлттық спорттың ережелері, конституциясы қабылданды. Сондықтан, 1996 жылдың 1 наурызы ұлттық ат спорты тарихында ерекше күн болып саналады. Ұлттық спортқа арналған құлшыныстың арқасында 1999 жылдың 7 сәуірінде жаңа елорда - Астана қаласында Қазақстан Республикасы Ұлттық спорт федерациясының 1-ші съезі өтті.



Сурет 1 - Қазақстанда ұлттық спорт түрлерімен шұғылданушылардың саны

Олар: «ҚР Ұлттық ат спорты түрлерінің федерациясы», «Көкбөрі», «Бүркітшілер», «Қазақ күресі», «Алыпсоқ», «Ер жігіт ойыны-Джигитовка», «Жекпе-жек», «Бес қару», Түйе жарыс «Желмая», «Тоғызқұмалақ», «Жорға жарыс», «Сайыс-Аударыспақ», «Тазы-Төбет-Алабай», «Қыз қуу», «Жұдырықтасу», «Асық ату», «Поло-шөген», «Хан дойбысы», «Тай жарыс», «Алаш» алыспағы, «Номад», «Қара Жорға» федерациялары мен «Ұлы Аламан», «Қыран» және «Ұлы Дала ойындары» қоры. Сонымен бірге, 14 облыстық, 163 аудандық, 80 қалалық, 2 000-нан астам ауылдық

филиалдарымыз тұрақты жұмыс істейді. Бұл - үлкен күш. Осы бөлімшелер арқылы кең байтақ мемлекеттің 5500 ауылына ықпалын тигізіп, жұмыстар жүргізіліп отыр [4].

Жалпы, елде ұлттық спорт түрлерімен шұғылданушылардың саны 95 087 адам, оның ішінде ұлттық ат спорты түрлерімен – 15 111 (ауылдық жерлерде – 9 605), қазақ күресімен – 36 102, (ауылдық жерлерде – 25 460), тоғызқұмалақпен – 36 643, (ауылдық жерлерде – 23 009), сонымен қатар, арқан тарту, асық ату, бес тас және «Құсбегі», «Саят» атты аңшылық құстары спортымен 7231 адам айналысады [6].

Тәуелсіздік жылдары Қазақстан жазғы және қысқы олимпиада ойындарының 63 жүлдегерін, оның ішінде 18 олимпиада чемпионын шығарды. 116 қазақстандық спортшылар әлем чемпионаттарында жүлделі орындардың иегері атанды. Елбасы ұсынысымен басталған 2050 стратегиясы арқылы жаһандық спорт пен жоғары жетістіктер спортын қалыптастыру бағдарламасын әзірлеу қажеттігіне аса қатты көңіл бөлінуде. Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевспорт саласы әрқашан мемлекеттің назарында екенін атап өтті. Қазақстанның спорт саласында қиындықтары да, мүмкіндіктері де бар. Қазақстанның беделі мен экономикасын көтеретін халықаралық спорттық шараларды өткізуге мүмкіндігі бар. Мысалы, 2011 жылы қысқы Азия ойындарын және 2017 жылы Дүниежүзілік ЭКСПО көрмесін өткізді. Болашақта өткізу мүмкіндіктері қысқы Олимпиада ойындарын қамтуы мүмкін.Қаржыландыру және инфрақұрылымды дамыту сияқты еңсеруге болатын кедергілер бар болса да, елде спорттың әртүрлі түрлерінде жетістіктерге жетуге және оларды ұлттық мақтаныш пен дене әл-ауқатын көтеру құралы ретінде пайдалануға мүмкіндік бар. Осы салалардағы үздіксіз инвестициялар мен күш-жігер Қазақстанның спорт әлеміндегі әлеуетін жүзеге асыруға көмектеседі.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Қазақстан Республикасының бірінші Президенті Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы

2 Дошыбеков А.Б. Дене шынықтыру-сауықтыру қызметі маркетингі: теория мен әдістеме: оқу - әдістемелікқұрал. - Алматы, 2017. - 110 б.

3 Лубышева Л.И. Социология физической культуры и спорта. – М.: Издат. центр «Академия», 2004.

4 Назарбаев Н.: без правых и левых. – М.: Молодая гвардия, 1991.

5 Международный опыт развития массового спорта / Агентство Республики Казахстан по делам спорта и физической культуры: под ред. Есентаева Т.К. - Астана, 2014. - 49 с.

УДК 342.5
Белов А.М., Самалдыкова З.М.
Казахская академия спорта и туризма
г. Алматы, Республика Казахстан

ФИНЛЯНДИЯ. ФОРМИРОВАНИЕ АНТИКОРРУПЦИОННОЙ КУЛЬТУРЫ

Финляндия – официальное название –Финляндская Республика – государство в Северной Европе на восточном побережье Балтийского моря. На востоке граничит с Россией, на севере с Норвегией, на западе со Швецией. На юге ближайшим соседом является Эстония к югу от Финского залива. Площадь территории составляет 338 430,53 км². Столица и крупнейший город Финляндии – Хельсинки.

Финляндия – страна белых ночей и северных сияний, бескрайних лесов и сотен тысяч голубых озёр, множества живописных островов и необъятных снежных просторов Лапландии, известная многим как родина Санты. Она лежит вдалеке от популярных туристических маршрутов и не избалована вниманием туриста. Но в этом скрыто её очарование. Финляндия совершенно настоящая – от природы до людей на улицах.

Название в русском и многих языках происходит от шведского Finland – «земля охотников». В Саге об Инглингах, написанной на древнеисландском языке, упоминается топоним Finnland. Финское название страны - Suomi. Впервые упоминается на страницах новгородских летописей в форме Сумь. По одной из версий предполагается, что существовала местность по названию Suomamaa - «земля болот». По другой, «суоми» - искаженное «саами» - самоназвание народа, жившего здесь до прихода финских племен.

Республика относится к числу малых высокоразвитых индустриальных стран. Также относится к одной из самых северных аграрных стран. Одной из составляющих экономики является туризм. Относится к числу стран с наиболее чистой экологической обстановкой окружающей среды. Часто называют «страной тысяч озер», насчитывается около 190 000 озер, занимающих 9 % ее площади.

Целью данной статьи является разбор и изучение формирования антикоррупционной культуры в Финляндской Республике.

Для реализации поставленной цели необходимо решить следующие задачи:

- дать определение понятию «коррупция» и отношение законодательства к коррупционным проявлениям;
- выявить и раскрыть антикоррупционные правонарушений.

Территория Финляндии разделяется на 19 провинций (регионов), которые, в свою очередь, делятся на города и коммуны. Регионы

Финляндии: Лаппи, Северная Остроботния, Кайнуу, Северная Карелия, Северное Саво, Южное Саво, Южная Остроботния, Остроботния, Пирканмаа, Сатакунта, Центральная Остроботния, Центральная Финляндия, Варсинайс-Суоми, Южная Карелия, Пяйят-Хяме, Канта-Хяме, Уусимаа, Кюменлааксо, Аландские острова.

Финляндия представляет собой демократическую парламентскую республику и является унитарным государством. Законодательная власть представлена парламентом страны и президентом. Исполнительная власть в стране осуществляется Государственным советом, а судебная власть-судом. Основным законом является Конституция принятая 11 июня 1999 года, состоит из 131 пункта разделенных на 13 глав [1].

Глава 1 Конституции «Основы государственного строя» провозглашает принципы государственного суверенитета и республиканской формы правления; парламентаризма и распределение властей; неделимости территории и не возможности её изменения без согласия парламента.

Конституция Финляндии определяет финский и шведский языки как национальные, также существует несколько официальных меньшинств: саамский, финский язык жестов и карельский.

Главами Финляндии являются, президент Саули Нийнистё и премьер-министр Петтери Орпо.

Поскольку Финляндия одна из наименее населенных стран Европы то, количество населения по состоянию на 1 марта 2023 года составило всего 5 568 637 человек. Плотность населения относительно низкая, 16.5 человек на квадратный километр. Население очень неравномерно распределено географически, большинство финнов живёт у побережья, в южной и юго-западной частях страны. В Хельсинки проживает более миллтона человек. В Лапландии в среднем проживает всего 2 человека на квадратный километр [2].

Финляндии присуще стабильность финского общества, в государстве разница между богатыми и бедными сокращена и составляет не более 10%. Основа общества относится к среднему классу. У финнов нет тяги к богатой жизни, они знают, что обогащение себя и своих родных за счёт средств своего народа – это ненависть к своему народу.

Основным принципом антикоррупционной политики в Финляндской республике является включенность коррупцию в общую правовую канву преступности. В стране нет специальных законов, направленных на противодействие коррупции, отдельно взятых антикоррупционных государственных структур. Руководство Финляндии считает, что проявления коррупции, в первую очередь говорят о низкой эффективности чиновников работать в рамках закона. Однако резонансные коррупционные преступления расследует уже Национальное бюро по расследованию.

Финское законодательство не содержит определения понятия «коррупция», однако основные положения, касающиеся коррупционных проявлений, представлены в Уголовном кодексе страны [3].

Коррупционные проявления в государственном секторе Финляндии входят правовое регулирование в активной и пассивной форме в Уголовном кодексе страны. Нормы ответственности за так называемую «активную» коррупцию регулируются Уголовным кодексом Финляндии в главе 16, а за «пассивную» коррупцию в главе 40 [3].

Отягчающими обстоятельствами является то, что дача взятки члену Парламента происходит в виде подарка или безвозмездной оплаты, предназначенной для того, что бы должностное лицо действовало в своём парламенте, принося необходимый результат лицу давшему взятку или иному лицу.

Согласно индексу по восприятию коррупции на 2021 год, Финляндия входит в тройку и занимает 1 место, разделяя его с Данией и Новой Зеландией.

В «Национальной стратегии борьбы с теневой экономикой и экономической преступностью на 2016-2020 годы» (Антикоррупционной стратегии) борьба с коррупцией указывается как один из принципиальных приоритетов деятельности Финляндии.

Цель Антикоррупционной стратегии заключается в сокращении как национальной, так и международной экономической преступности и теневой экономической деятельности в Финской республике. Ставится также задача предотвратить и уменьшить коррупционные действия в бизнесе. Особое внимание в рамках Антикоррупционной стратегии уделяется финансированию мер по предупреждению теневой экономики и экономической преступности.

Эффективная борьба с теневой экономикой и экономическими преступлениями требует отлаженного взаимодействия общественности и предпринимательских структур в рамках правого государства.

Антикоррупционная система направлена: на уточнение и укрепление структур антикоррупционной деятельности; повышение степени осведомленности населения о коррупции изменение отношения к ней; повышение прозрачности секторов и ситуаций, для содействия выявлению коррупции, а также для содействия исследованиям и сбору информация о коррупции.

Таким образом, исходя из вышесказанного, стратегия борьбы с коррупцией в Финляндии имеет ряд законодательно-правовых особенностей характеризующие достаточно высокие результаты на практике.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1 Конституция Финляндии (Финляндской Республики). — Текст : электронный // legalns : [сайт]. — URL: https://legalns.com/download/books/cons/finland.pdf (дата обращения: 09.11.2023).

2 Население Финляндии в 2023 году . — Текст : электронный // turvfinland : [сайт]. — URL: https://turvfinland.ru/naselenie-finlyandii/ (дата обращения: 09.11.2023).

3 Уголовный кодекс (Закон № 39/1889 от 19.12.1889 г., с изменениями, внесенными Законом № 217 от 06.04.2018). — Текст : электронный // www.wipo : [сайт]. — URL: https://www.wipo.int/wipolex/ru/legislation/details/17908 (дата обращения: 09.11.2023).

4 Политико-правовое регулирование противодействия коррупции в Финляндии . — Текст : электронный // moluch : [сайт]. — URL: https://moluch.ru/archive/234/54210/ (дата обращения: 09.11.2023).

ӘОЖ
Берлібаев Б.Т.
Қазақ спорт және туризм академиясы
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

ЖАҢА ТАРИХИ БІЛІМНІҢ БАСТАУЫ

Желтоқсан көтерілісінен туындайтын жаңа тарихи білімдегі әдіснамалық ұстаным мен әдістемелік үйлесімділік мәселесіне келгенде, бүгінде бәрін тәуелсіздікпен байланыстырғымыз келеді. Ал логикалық жағынан келсек, тәулсіздік көктен түскен жоқ. Оның келуін тездеткен 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі болатын. Бұған ешкімнің дауы да, дамайы да болмаса керек. Олай болса, Егеменді Қазақстандағы жаңа тарихи білім мәселсіндегі әдіснамалық ұстаным мен әдістемелік талғам да дәл осы оқиғадан басталады. Блетініміздей, тарих бұл бәрінен де жоғары тұратын ұғым. Сондықтан оның критериилері мен диагонезін дер кезінде дұрыс ажыратпасақ, қоғамда үнемі қателіктерге бой алдырамыз да, соның салдарынан болған әлеуметтік және экономикалық тұрақсыздықтардан келіп, кері кету үрдістері белең алады. Сөйтіп ақыры, бұның бәрі халықтың наразылығын туғызып, бастаған істің ілгерілеуіне ылғи нұқсан келтіреді де, мықтап тұсаған шідерден ажыратпайды. Ал шідерленген жылқы болса, тойынып жайыла да алмайтыны белгілі. Сол сияқты тарихтың жылжуына немқұрайлы қарасақ, кез-келген оқиғаның күрмеуі шешілмейді.

Осы орайда, тарихи білім дегеніміз не? деген сұраққа анықтама берген дұрыс. Оның қарапайым түсінігін мынадай тұрғыдан ұғынуды жақтаймыз: Тарихи білім, қоғам мен адам өмірінде маңызды орын алатын мәдениеттің ерекше саласы. Әр халықтың ана тілі арқылы жетілген ділдік қасиеттерінің бәрі осы тарихи білім арқылы ғана мүмкін болады. Егер, этнопедагоиканың ғылыми жаңалығына сенер болсақ, білімнің дамуының тұрмыстық, ғылымға дейінгі және ғылыми – теориялық деп бөлінетін үлкен үш кезеңі болады [1].

Сол сияқты осы кезеңдерден өтіп келе жатқан білімнің бір бөлшегі болып табылатын тарих ғылымының да, білім ретінде дамуының тарихы бар. Бұнымен санаспаған ешбір мемлекет дамудың жоғары сатысына көтеріле алмайды. Сондықтан да бүгінгі күні, тиісті халықаралық ұйымдардың XXI ғасырдағы білім мазмұнының макромоделі «Мәдениет. Білім. Тарих» болсын деп ұсыныс жасауы бекер емес.

Қазақ тарихы, бұл-тас дәуірінен бастау алып, ерте палеолиттен бері үздксіз дамуда келе жамқан ұзақ та күрделі тарих. Сондықтан да еліміз тәуелсіздік алғалы бері, оны пән ретінде жандандыра түсу жолдарының дүркін-дүркін көрсетілуі-заңдылық құбылысқа жатады. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы тарихымызда болған «ақтаңдақтардың» бетін ашшуға бет бұру, 1995 жылы қабылданған «тарихи сана тұжырымдамасы», 1998 жылдың тарих жылы атануы, Қуғын-сүргін көргендерді еске түсіру күні, Ашаршылық және Желтоқсан көтерілісі құрбандарына арнап қойылған мемориалдар, 2004 жылдан бастап, кезең - кезеңімен жүзеге асырылған «Мәдени мұра» және оны одан әрі жалғастырып келе жатқан 2018 жылғы «Рухани жаңғыру» бағдарламалары-бұрындағыдай идеологияға бой алдырған КОКП тарихын емес, елдің елдігін білдіретін Қазақстан тарихын жеке пән тұрғысынан оқытудың қажеттігін жан-жақты негіздеп берді. Сөйтіп, қазіргі таңда, оны пән ретінде қарастырудың кеңес дәуіріндегі көмескілігі жойылып, еліміздің барлық оқу орындарында жүйелі түрде оқыту барысында халқымыздың тарихи санасы жаңғырып келеді. Бірақ бұл жаңғыру, өтпелі кезкңнің ерекшелігіне орай, тәуелсіздік дәуірдегі 30 жыл ішінде өте баяу жылжып келеді. Бұның басты себебі сол, сананы жаңғыртудағы асығыстыққа бой алдырумен байланысты. Айталық, 1995 жылы академик М.Қ. Қозыбаев пен тарих пәнінің кезіндегі көрнекті әдіскері Тотай Тұрлығұловтың басшылығымен тарихи санамызды жаңғыртудың жан-жақты ойластырылған тәп-тәуір тұжырымдамасы (концепсиясы) қабылданған еді. Ол М.Қ. Қозыбаев пен Т. Тұрлығұлов өмірден кеткесін, көпке бармай сынға ұшырады да, 2004 жылдан басталатын «Мәдени мұра» және оны одан әрі жалғастырып келе жатқан 2018 жылғы «Рухани жаңғыру» бағдарламалары өмірге келгеннен кейін тарихи санадан гөрі сол бағдарламалардың маңызын насихаттау дағдысы күш алды. Осы аралықта «Қазақстандық бірегейлік» идеясы пайда болып, бүтіндей қазақ деген ұлттың тұтастай жойылып кету қауіпі төнді. Өйткені

бұл идея, «американдық» деген сияқты түсінік беретін еді. Бұлай ету Қазақстанның табиғатына мүлде сәйкес келмейтіні белгілі болған жерде, тез арада «Рухани жаңғыру» бағдарламасы дүниеге келді. Бірақ, бұрынғы басшылықтың менмендігінің кесірінен оны қалай жаңғыртудың нақты тұжырымдамасы (концепсиясы) бәрібір қабылданбай

Негізі, өмірден ерте озған талантты геогрф-ғалым Қондыбай Серікбол айтатын «арғықзақ мифологиясы» [2] мен әдебиет майталманының бірі-Ақселеу Сейдімбек айтатын «Қазақтың ауызша тарихын» (ҚАТ) [3] бүгінде айтулы деп жүрген тарихшы-Мәмбет Қойгелдиевтен бастап көп жыл ел басқарған Н.Ә. Назарбаевқа дейін толыққанды түсінбеді, я болмаса түсінсе де оған бастарын қатырғысы келмеді.. Бұлардың ішінде бүгін түк те кінәсі жоқтай, алшаңдап жер басып жүрген «мықты» Қойгелдиев болса, ана бір жылдары өзі бірінші болып бастаған қазақтың ауызша тарихының мәнін кетіріп, оны орта жолда қалдырғаннан кейін, бәріне бастау болған осы ҚАТ-ты «айтылған тарих» (өзімен кездесіп, біз сұрағандағы айтқвн пікірі) - деп, оны мүлде елеусіз қалдырды да, қазіргі биліктің ыңғаындағы сарай тарихшысы болуға бет алды. Нәтижесінде қазір, басқа тарих болмағандай, сол баяғы кеңестің кесірінен туындайтын: «Алаш», «аштық», «тәркілеу», «зобалаң», «бопсалау», «нәубет» дегендердің айналасынан шықпай қойғанымыз аздай, осының ақ-қарасын ажырату үшін бүкіл республика тарихшыларын олардың қазіргі «онлайн» немесе, «оплайн» оқыту жүйесінің ауыртып жүрген машақатына қарамастан, мойындарына биліктің қамытын кигізіп, тағы да есек арбаға жегіп тастадық. Ал бүгінгі таңда, дәл сол жоғарыда айтылғндарды қайта-қайта дабыры қылудың түк те қажеті жоқ еді. Түсінген адамға М. Қойгелдиев айтатын «айтылған тарихты» сол күйінде жауып тастайтын болсақ, біз өз қолымызды өзіміз шауып тастаған боламыз. Өйткені, олай ету тарихты орта жолда қалдырмақ болып, «Қазақстанның қазіргі заман тарихын» оқытпақ болған Н.Ә. Назарбаевтың кебін киюден де сорақы. Айтарымыз,қазақ әдебиетімен қабысқан тарихтың шындығын мүлде әріден іздеген дұрыс. Ал шындығында, Н.Ә. Назарбаев бастамашы болған «Рухани жаңғыру» бағдарламасындағы «Даланың жеті қыры» деген нәрсе, жаңалыққа жатпайды. Әуелі, ол айтатын «гүл» мен «алма» рухани жаңғыруға мүлде жанаспайды. Егер Н.Ә. Назарбаев, сондағы бастамасын «Даланың жетпіс қыры» десе, онда бұл жаңалыққа біртабан жақын келген болар еді. Сол сияқты М.Қ. Қойгелдиев айтып жүрген «Алаш мәселесі», т. б. «тарих ақтаңдағы» ретінде ескірген әңгіме емес әрине. Бірақ ол мәселе, қазақ халқы үшін қанша қасіретті нәрсе болса да, болашақ жастардың ары қарай жалғастырып әкетуіне із салынған бастама емес пе-еді? Ал біз болсақ, М.Қ. Қойгелдиевтен бастап жастардың қолын байлаумен бірге, тарихты зерттеуді кеңестік дәуірден асырмай, тұмшалап отырмыз. Шіркін, заңғар тарихшы Талас Омарбеков айналып келіп, арғықазақ мифологиясына

көңіл бөле бастап еді, бірақ ол дүниеден өткеннен бері бірде-бір тарихшы, міне бір жыл болды, оның сол бастамасына арқау бола алмай отыр...??

2021 ші жылдың 5-ші қаңтарында Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың 4 бөлімнен тұратын әділетті қоғам мен тиімді мемлекет құрудың мақсат-міндеттерін көрсеткен және Қазақстан тарихына барынша көңіл бөлінген «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласы жарияланды [4]. Президент, осы мақаласында елдегі жетістіктер мен халақаралық табыстарды мақтан ету үшін ең әуелі тұрғындардың тұрмысын жақсартудың қажеттігін айтып, оның нақты шешімі ретінде ел экономикасының игілігін халықтың сезінуі жолында бағыттау керектігін саралап берді. Осы арада, Президенттің «Отандық тарих ғылымы тың серпінмен дамуда, бірақ сол қажырлы еңбектің жемісін көпшілік көріп отыр ма?» деген заңды сауалына жауап беріп көрейік: Иә, «Мәдени мұра» мен «Рухани жаңғыру» аясында көп деректердің жиналып, республика тарихшылары мен Марат Тәжин сияқты кейбір қоғам қайраткерлерінің тарапынан идеялық және саяси саналылық тұрғыдағы тамаша ой-толғамдар айтылды да, жазылды да [5]. Тіпті, 2014 жылы тарихшылардың бірінші конгресі болып, онда Отандық тарих ғылымын көпшіліктің мүддесіне бағыштау жөнінде іргелі ұсыныстар да көтерілген еді. Бірақ «Ит үрді, керуен кетті» дегендей, бәрі бұрынғы қалпына қайта түсті де, бүгінгі президент күмәнданып отырғандай, қажырлы еңбектің жемісі тарихшы мамандарға белгілі болғанмен, өкінішке орай қалың көпшілік оны сезініп те отырған жоқ . Оның себебі неде?:

- Сан мыңдаған тарихы бар Отандық тарих ғылымын Жоғары оқу орындарында «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» деген атпен орта жолдан, тіпті негізінен, бүгінгі тарихты ғана оқытатын күйге түсірдік. Бұл арада жасыратыны жоқ, тарихшы емес мамандар даярлайтын бүкіл арнаулы және жоғары оқу орындарының бәрі дерлік осы тірліктің өзін көп көретіні жасырын емес. Олар Отандық түсінік дегенде тарих ғылымын, тіпті бүкіл гуманитарлық ғылымдарды жарата қоймайды. Оларға өз мамандықтарын даярлауға деген сағат жүктемесі бәрінен қымбат; Байқап жүргеніміздей, бұл арада үш түрлі түсінік қалыптасқан: бір жағынан, мемлекет тарапынан гуманитарлық ғылымдарды оқыту талабы; екінші жағынан, тарихшы емес мамандар даярлайтын оқу орындарының сол ғылымдарды игерудегі ынтасыздығы. Үшінші және ең қауіпті жағынан, қазақ тілінің қолданыс аясының жұтаңдана бастауы. Сонымен бірге, ел тарихшыларының жұмыс үрдісіндегі үшке бөлінушілігі. Яғни олар, бүгінде қазақ тілді, орыс тілді және қос тілді болып бөлініп алып, біртіндеп бірінші топтағы тарихшыларды ығыстыруға бет алды. (Қазақ тілді тарихшылардың психологиялық интуициясы осыны сезеді). Бұл жерде әр жақтың атын атап, түсін түстеудің қажеті жоқ. Өйткені, бұл мәселе қоғамдық ортада талқыға түсетін болса, бұрынғы Нұрболат Масанов пен Қамбар Атабаев сияқты тарихшылардың кебін киіп, текетіреске орын беріп

аламыз. Қалай болғанда да, бүгінгі таңда бірінші түсініктің қажеттілігіне басымдық берілуін мойындаған жөн. Яғни, бүгінгі тарихшылар, мемлекет тарапынан басымдық беріп отырған гуманитарлық ғылымдарды оқыту талабымен санаса білуі керек. Себебі қазір, сол гуманитарлық ғылымдар ішіндегі «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» кеңес кезіндегі КОКП тарихының рөлін атқарып отырса, бұл жерде ешқандай идеологияға арқа сүйеу білініп тұрған жоқ. Бар мәселе, тілдің алашұбарланып, мемлекеттік тілдің аясының тарылуында болып тұр. Тіпті бұл, барған сайын өткір проблемаға айнала бастады. Дегенмен, егер мемлекет әкімшілік жағынан да, конституциялық жағынан да қазақ тілінің болашағынан үлкен үміт күтіп отырса, онда қазақ тілді тарихшыларға тартынатын ештеңе жоқ. Мемлекеттің тарихы автохтонды ұлттың тілінде жазылса ғана, оның шындығы айшықтала түсетіні заңдылық құбылыс. Сондықтан бүгінде, мемлекет өзі қолдау білдіріп отырғанда, елдегі тарих институттары мен белді-беделді тарихшылар мүмкіндікті барынша пайдаланып, биліктен осыны талап етуі керек.

Тілге тиек ететін тағы бір мәселе, қазіргі таңда көп жерлерде әлеуметтік пәндер кафедралары біріктіріліп, Қазақстан тарихы кафедралары қайта жабылды. Бұндай жағдайда Президент айтып отырғандай, халқымыздың тарихи санасы қайтіп жаңғырады? Бұл арада, Қазақстан тарихы кафедралары қоғам қажетіне қарай қайта жаңғырса ғана жастарға берілетін ұлттық тарихи білім аясы кеңейіп, халқымыздың жер мен тілге және ділге деген отаншылдық сезімі күшейіп, еліміздегі патриотизм ахуалы жаңа қырынан дами алады. Бірақ, Қазақстан тарихы кафедраларының қайта жаңыруы Қазақстанның барлық салада дамуына алғы шарт қана бола алады. Ал оның толыққанды дамуы Қазақстан тарихының жаңа әдіснамалық ұстанымымен байланысты болса, қазір ондай ұстаным қалыптасып келеді. Оған тарих ғылымының бүгінгі рөлінің өзгеруінен барып өмірге еніп келе жатқан феноменология мен герменевтика әдістерін айта аламыз. Бұлар тарихи зерттеулердің сипатын өзгерте бастады. Яғни, бұрынғы тарихшылар фактілерді тізбектеумен әуестене отырып, оларды ішін-ара суреттеумен айналыса келе, оқиғаларды тіркеушінің қызметін атқаратын. Сөйтіп, олар қазақ халының тарихын аңызға айналдырып келді: Кеңес дәуірінде орыс-неміс соғысына дейін Аманкелді Имановты, ал 2-ші дүниежүзілік соғытан кейін сондағы батырларды дәріптеу үшін енді солар жөніндегі фактілерді тізбектеп, бүкіл тарихтағы бұрынғы қазақ батырларын ескерусіз қалдырды. Осы аралықтарда солақай саясат жүргізген кеңес өкіметі «халық жауларын» жаппай жазалағанда, тарихшылар оларды тізбектей келе, кеш болса да цензуралық електен өткендерін оқулыққа ендіре алды (Сәкен Сейфулин, Бәйімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров т.б.); Бұл кезде Аманкелді Имановты қайта-қайта дәріптеп, ақыры оны нағыз аңызға айналдырып үлгірген едік. Бірақ, оны қанша дәріптесек те тарихтағы Амангелдінң тағдыры бүгінде,

бәрібір ашылмаған күйінде қалып келеді. (Қазақстанда кеңес өкіметін орнатам деп жүріп, жұмбақ жағдайда мерт болған Тоқаш Бокиннің де тағдыры тура осындай).

Алайда қазіргі тарихшылар, нақты шындықты айтатын «пайымдауға» көшіп, тарихты уақыттың ішкі мағынасына ой жіберетін ғылымға айналдыра бастады; Яғни олар, айталық ұжымдастыру неден басталды, салдары не? кімдер қуғындалды, неге қуғындалды, олардың тағдыры не болды?, Алаш, Һәм Алашорда мәселесі, Тұлғаларды қалай танып-білуге болады? деген сұрақтарға байыпты жауап беріп, халықты тарихпен тәрбиелеуге әрқайсысы өзінше үлес қосуға кірісті; Сондай-ақ, тарих ғылымы фактілерді жай ғана зерттеп қоймайтын, тіпті қоғамның нақты құндылықтарын оның ішкі сыры мен моралін түсінуге қол жеткізетін ғылымға айналып келе жатса, бұл желтоқсан көтерілісінің тарихына да қатысты. Алайда бүгінде, жалпы тарихшылар көтерілістің шынайылығын зерттеп, оны жариялауға бара алмай жүр. Көп тарихшылар оны Елбасының бұрынғы билігімен шатастырады. Бірақ, сол көтерілістің тірідей куәсі болған Н.Ә. Назарбаев, тәуелсіздік жылдары Желтоқсан көтерілісінің маңыздылығынан тіпті де теріс айналған жоқ: желтоқсаншылардың бәрі дерлік ақталды; олардың атына көше беріліп, мәңгілік ескерткіш орнатылды; батырлары айқындалып, көпшілігінің құрметіне музей ашылып, ескерткіш қойылды, мекемелер мен саябақтарға, елді мекендер мен көшелерге аттары берілді, том-том кітаптар шығып жатыр, цензурадағы қысым алынып тасталды, ең негізгісі-жоғарының өктемдігімен ұйғарылған «қазақ ұлтшылдығы» деген жаладан арылды. т.б. с.с. Осының бәрі Н.Ә. Назарбаевтың билігі тұсында мүмкін болды. «Сүрінбейтін тұяқ, жаңылмайтын жақ болмайды» дегендей, кез-келген адам «идеал» емес, бәрінде кемшілік болады. Бүгінде өз дәуірінің асқан ақылшысы атанған В.И. Ленин мен азулы И.В. Сталиндердің өздері кінәдан көз ашпай қалса, олардың қасында біздегі Н. Нұрмақов пен Т. Рысқұловты жазғыру түк те емес. Бұрынғы қырғыз президенті Алмасбек Атамбаев, Ресейлік қоғам қайраткері В.В. Жироновскиилер Н.Ә. Назарбаевтың атына тіл тигізуге дейін барды. Тіпті біздегі ата сақалдары аузына шыққан «көріпкел» Кәрішал Асанов пен саясаткер Серікболсын Әбділдиндер басшыға ақыл айтып, кеңес берудің орнына өле-өлгендерінше Н.Ә. Назарбаевтың жұмысына кедергі келтіргені аздай, оның атына небір қыстырма сөздері мен рақымсыз пиғылдарын жаудырып, тірілері орысқа тән достық, қырғызға тән бауырмалдықтың үлгісін білдіре алмаса, өмірден озғандары қазаққа тән ақсақалдық мінез көрсете алмай кетті. Олар, қанша білгір болғанмен Тұңғыш президент қызметінің 1986 жылғы оқиғасымен байланысындағы кераған жағы болса, оны айта алмады. Өйткені, желтоқсан күндеріндегі Н.Ә. Назарбаев, біздің бәріміз сияқты көптің бірі ғана болатын. Тура сол кезде бір жағынан М.С. Горбачев, екінші жағынан Г.Я. Колбин қысып тұрған қысылтаяң жағдайда

ол не істей алады? «Ұр! Соқ! Итке талат! Ыстық сумен атқыла! Қама! Сотта! деп Н.Ә. Назарбаев жарлық берген жоқ қой. Бермеді. Жастарды әскерилермен немесе милициямен бірге жүріп қуалаған жоқ қой. Жоқ. Қайта керісінше, ол Қазақстан Республикасының Президенттігіне сайланған бойда-1991 жылғы желтоқсанның 12-сінде шығарған «Қазақстандағы 1986 жылғы желтоқсанның 17-18-індегі оқиғаларға қатысқаны үшін жауапқа тартылған азаматтарды ақтау туралы» Жарлығына қол қою арқылы «қылмыстық, әкімшілік және тәртіптік жауаптылыққа тартылған адамдардың ақталатынын» жариялады [6]. Бұндай қайырымдылықты дүйім жұрттың үлкен ризалықпен қабылдадағанын қалай ұмытуға болады. Жалпы кім, жалаңаш қолымен от көсегісі келеді? Онда желтоқсан қырғыны кезінде «үйіде тығылып отырған» елдің бәрін кіналайық. Олай болмайды ғой. Бұл жерде бүкіл елдің бетіне қара күйе жаға алмаймыз.

Ал жарайды, тура сол кезде желтоқсаншылар мақсатына жетіп, Г.Я. Колбин өзінің келген жағына қайта кетті делік. Сонда оның орнына аяқ астынан кімді лайық көрген болр едік? Бәрібір, қалыптасқан жағдайды ескергенде, сол тұста Н.Ә. Назарбаевтан басқа ешкімді де ортамыздан суырып бере алмайтын едік. Иә, тура сол кезде Қызылорда облыстық папртия комитетінің 1- хатшысы, ОК мүшесі, социалистік Еңбек Ері Еркін Әуелбековтың халық арасындағы беделі зор болатын. Тіпті ол бір кездері Мәскеудегі партия мектебінде М.С. Горбачевпен бірге оқыған жақсы таныстар еді. Соған қарағанда, Д.А. Қонаевтың орнына Г.Я. Колбин емес, Еркін Әуелбековтың мүмкіндігі мол болатын. Бірақ білетініміздей, олай болмады. Демек, оған М.С. Горбачевтің сенімі болмаған жерде, республика басшылығы сияқты жоғары қызметке келуіне де сенім болмағаны. Ал Н.Ә. Назарбаев болса ол, тура сол кездегі дүбірлі өмірде бейтарап позицияда болып, өзін салиқалы да салмақты әрі байсалды тұрғыдан көрсетіп, оңтайлы саясат ұстай білді. Екі тілде еркін сөйлей білетін Н.Ә. Назарбаев, қазақтың ділдік ерекшеліктерін де жақсы білді. Ол түрлі аймақтардағы орыстар мен қазақтан басқа ұлттар арасында жұмыс істей жүріп ысылып, қазақ-орыс психологиясын жан-жақты меңгерді, жүрген жерінің бәрінде ұлттардың тұрақтылығы мен татулығын үйлестірудің дәнін егіп, болашақ достықтың тұғырын қалыптастыра білді. Тіпті ол, шаруашылықтағы экономика мәселесіне де жан-жақты төселіп, бұл салада да үлкен тәжіриби жинақтау барысында, өзін КСРО сияқты алып мемлекеттің министрлер кеңесінің төрағалығына лайық бірден-бір маман тұрғысынан да көрсетіп үлгірген еді.

Жасыратыны жоқ, Желтоқсан көтерілісін көпе-көрнеу жершілдікпен кіналадық: «Ойбай! Алматыда оқып жатқандардың бәрі ұлы жүздің балалары екен, Д.А. Қонаевтың өзі осы жүздің тумасы болғасын көрсе де көрмеген болып, білсе де білмеген болып, «бармақ басты, көз қысты» жүре берген көрінеді»; «Республикадағы тұтқалы орындардың бәрінде оы

жүзден тарайтындар жайғасыпты» десе, Н.Ә. Назарбаевтың түп негізі де Ұлы жүздің тумасы еді. Соған қарамастан ол, М.С. Горбачев тақтан түспей тұрғанда-ақ Қазақстан Кп ОК нің бірінші хатшылығына Н.Ә. Назарбаевты лайық санауға келісті. Осы арада айтарымыз, кейбіреулер: «Желтоқсан көтерілісінің» шындығы әлі ашылған жоқ» деп байбалам салып жүрсе, бұған «желтоқсаншымын» деп жүргендердің өздері де кіналы. Қараңыз: Сондағы алаңға жиналғандар саны бүгінде әр түрлі деректерде әр түрлі айтылғанмен, мөлшері 10 мыңға жақын делік. Бұлардың алғашқы күні басында алаңдағы оқиғаға қатысып, біраздан соң кетіп қалғаны бар, 2 күн, немесе толық 3 күн қатысып, бастан аяқ оқиғаны көзімен көргендер бар. Соққыға жығылып, итке таланғандар бар, суға малшынып, тоңғандары бар, немесе ұрандатып, лозунг көтергендер бар, кездойсоқ қатысқандар мен жағаласып жүріп түрмеге қамалғандар бар. Сондай-ақ, машина өртегендер мен ақыл айтып, араға түскендер немесе нақақтан жазаланғандар бар... Қойшы, олардың көтеріліске қатысуы осылайша түрлі-түрлі болып кете барады. Сондда, бұлардың бәрін бірдей батырға жатқыза алмаймыз ғой. Бірақ, олардың «желтоқсаншы» екеніне күмән жоқ. Қазақта «бәлсіну», «малдану» деген сөздер бар. Алайда, мұндай сөздер олардың атына лайық емес. Дегенмен «желтоқсаншылар», ақтала бастағаннан бастап олардың өз ара тартысы әлі күнге дейін бітпей келеді: «Анау неге медаль алады? Мен неге одан кеммін»? «Неге ол пәтермен қамтылды, ондай пәтерді неге маған да бермейді?» «Анаған берілген жеңілдіктерді маған неге бермейді? Міне, осы сияқты кикілжіңдер ақыры олардың бастарын біріктірмей қойды. Кілең бір сайда саны, құмда ізі жоқ бүгінгі шағын бірлестіктер тұтастай қоғамдық ұйым, немесе партия құруда дәрменсіздік көрсетіп жүрсе, «желшоқсанның шындығы» қайдан ашылсын? Бақталастық жайлаған жерде сый да кетіп, құрмет те жоғалады да, мәселе күннен күнге күңгірт тартып, ақыры құрдымға кетеді. Осы халыққа керек-пе? Керек емес. Халыққа керегі, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев айтып жүргендей, «мемлекет түгелдей қазақша сөйлемесе, сенің байырғы тарихыңа ешқандай шенеунік бас қатырмайды. Сана қазақыланбай, тарих таразыланбайды» [7].

Сондықтан біріншіден, Желтоқсан көтерілісі туралы айтқанда, күмәнді мәселені белгілі бір тұлғаның бойынан емес, немесе өздерін-өздері азғырудан емес, бәрінен бұрын тарихымыздағы бұрынғы әдіснамалық ұстанымның ескіргенінен, оның күнінің өткенінен іздеу керек. Иә, бүгінде ол жаңаруда дедік. Ал желтоқсан кезінде тарихтағы әдіснамалық ұстанымның шовинистік сипаты басым болды да, онымен тұсалған шідеріміздің түйінін бірден шеше алмадық. Ол тәуелсіздік алғаннан кейін ғана мүмкін болып, тарих ғылымының әдіснамалық арқауында біртіндеп сапалық секірістер жасалды да, ұлттық тприхымыздың көкжиегі кеңейе бастады. Ұлттың жаңа тарихи дүниетанымы қалыптасты. Сөйтіп, Қазақстанның 1986 жылдан басталатын жаңа тарихының 35 жылының мәні мен мағынасын пайымдауға да жол ашылды. Бірақ қазір, «Желтоқсан

көтерілісі» туралы жазып жүргендер көбінде жазушылар мен журналистер, бірен-саран ақындар мен сол көтеріліске қатысқандар және мәселенің ақ-қарасын анықтау үшін құрылған Мемлекеттік комисся мүшелері. Журналистер мен жазушылар жағы оны баяндау мен дерек жинау жағына келгенде, шебер әрине. Ал көтеріліске қатысқандар мен ақындар жағы оқиғаны эмоцияға беріліп әсірелеу мен әңгімелеуге және естелік айтудың майталмандары болып жүр. Ал жалпы тарихшылар мен саясаттанушылар болса, жоғарыдағылардың бәрінің жазғандарын тарихи айналым тұрғысынан жүйелеп, оның саяси мәніне жеткілікті тұрғыдан баға бере алмай келеді. Бұның басты себебі тарихшы мамандардың тарих ғылымындағы әдіснамалық ұстанымның жаңа түріне бейімделудегі енжарлық пен бұрын бәріне белгілі болған кейбір оқиғалардың төңірегінен айналып шыға алмаушылық.

Желтоқсан көтерілісін жүйелеудің екінші жағы оны жан-жаққа шашыратпай, ешкімді шырылдатпай, ешкімге күмәнданбай, тарихи оқулық түріндегі кітапқа айналдырудың уақыты келді. Бәріміз білетіндей, кез келген оқулық оқушылардың тарихи санасын көтеру үшін жазылады. Онда ұзын сонар әңгіменің керегі жоқ. Мәселе, нақты және тиянақты да тұжырымды болу керек. Тарихтағы көтерілістер мен соғыстарды алсақ, бұлар жөніндегі оқулықтарда мәселенің себебі, сипаты, түрткі болған нәрсе, қозғаушы күші, басталуы мен барысы, кезеңдері, белсенділік, маңызы сияқты ауқылды мәселелерге жауат беру жағы қамтылады. Сол сияқты Желтоқсан көтерілісі туралы жазылатын оқулық та дәл осы қалыптасқан стандарт бойынша жазылуы керек. Онда көтеріліске қатысқандардың жалпы сандық мөлшері айтылып, белсенділікке келгенде, қайтыс болғандар мен тергеуде болып, сотталғандарға арқа сүйеген жөн. Желтоқсан күндері қазақ жастары бірыңғай өздері ғана болған жоқ. Бұны елдегі тұрақтылық пен татулықты сақтау үшін оқулықта міндетті түрде көрсету керек. Мысалы, 2400 адам ұсталып, милицияға әкелінгендер ішінде 25 орыс, 18 ұйғыр, 10 татар, 7 қырғыз бары белгілі. Олар көтеріліске кездейсоқ қатысса да бәрібір, Желтоқсан идеясына сенген Қазақстан халықтарының өкілі болатын [8].

Немесе, әкесі орыс, шешесі қазақ болып келетін суретші Вадим Сидоркиннің дүбірлі оқиғадан кейін салған Желтоқсан көтерілісі кезіндегі орыс шовинизмін жан-жақты бейнелейтін суреті бар. Егер оқулыққа осы суретті кіргізіп, суретшінің ойын шынайы суреттей алсақ, сол сияқты алаңға барған Қазақстан халықтарының қазақтан басқа өкілдерінің алаңға барғандағы ішкі ойын дұрыс жеткізе білсек, кітапта Қазақстандағы ұлт мәселесінің тұрақтылығына да белгілі дәрежеде үлес қосатын боламыз.

Желтоқсан көтеріліс тарихын жүйелеудің үшінші жағы, шығарылатын оқулықтағы тақырып мәтіндерінің қоғамдық өмірмен байланысының нақты болып, тақырыптан ауытқымай, мәнді деген мәселелер тқңірегінде тартымды баяндалуына барынша назар аудару

болып табылады. Барша халық, «Желтоқсан көтерілісі» оқулығынан мынандай мәсесердің жауабын күтеді: Соцализм мен коммунизмді қалай түсінеміз? Жеке басқа табыну зардаптары, Жылымық, «Бос жатқан» жер, Тоқырау, әкімшіл-әміршілтік басқару әдісі дегеніміз не?, Көлеңкелі экономика, КСРО деген қандай қоғам болды және оның дүркін-дүркін түр өзгертуін немен түсіндіреміз? Демократия, жариялылық, КОКП, Орталық Қомитет, Съез, Конференция, Пленум, Бюро, В.И. Ленин және ұлт саясаты, Д.А. Қонаевтың беделі, Н.Ә. Назарбаевтың позицмясы, М.С. Горбачев, М.С. Соломенцов және Г.Я. Колбиннің саяси ойлау қабілетінің деңгейі, «Желтоқсан көтерілісі», ұйымдастырушылары, сипаты, қозғаушы күші, кезеңдері, диалог, жеңіл қарулы әскерлер мен жасақтар, жастар мен интеллигенция белсенділігі, ұлттық және жігіттік намыс, намыссыздық, қазақ қыздарының қайсарлығы, Халықтың «Желтоқсан көтерілісі» туралы алғашқы түсінігі, «бұзақылық», «нашақорлық», арандату, шовинизмнің көріністері, қазақтан басқа ұлттардың алаңда болуының себебі, заңсыздық, кемсіту, мазақтау, қудалау, қорлау, қамау, тергеу, соттау, «ұлтшылдық», «жершілдік», комисся, ақтау, ақталу, бағалау, «Желтоқсан көтерілісініңі» маңызы...Міне, осы мәселелерді шындықпен жарасымды тұрғыдан ашып көрсете алсақ, «Қазіргі Қазақстан тарихыхының» олқы тұстары толығатын болады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Қазақ педагогикалық энциклопедия сөздігі. – Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 1995. – 185 б.

2 Қондыбай Серікбол. «Арғықазақ мифологиясы»: 1-4 том.- Алматы: «Дайк Пресс». 2004.

3 Ақселеу Сейдімбек. Қазақтың ауызша тарихы: зерттеу.- Астана: Фолиант. 2008.-32 б.

4 Тоқаев Қ.К. Тәуелсіздік бәрінен қымбат // Егеменді Қазақстан.- 2021.- 5 қаңтар.

5 Тәжин М. АСТАНА.-2013.-6 маусым. ҚазАқпарат.

6 Назарбаев Н.Ә. «Қазақстандағы 1986 жылғы желтоқсанның 17-18-індегі оқиғаларға қатысқаны үшін жауапқа тартылған азаматтарды ақтау туралы» Жарлығы// Егеменді Қазақстан.-1991.- 12 желтоқсан.

7 Тоқаев Қ.К. Тәуелсіздік бәрінен қымбат // Жас Алаш.- 2021.- 21 қаңтар.

8 Жас Алаш, 7, 8, 10-сәуір 1992 жыл.

УДК 004.92
Бодесова А.Е.
Казахская академия спорта и туризма
г. Алматы, Республика Казахстан

СОЗДАНИЕ 3D-ПРЕЗЕНТАЦИИ НА ПЛАТФОРМЕ EMAZE

PowerPoint – очень популярный продукт для презентций, но он не имеет многих интересных функций, таких как, например, разнообразные 3D-эффекты. Недавно нашла на просторах Интернета необычный и простой в освоении сервис Emaze. В данной статье мы сделаем обзор даного ресурса и покажем, как его использовать.

Для начала зарегистрируемся. Заходим **на сайт**, нажимаем **«Start Now»**.



Рисунок 1 - регистрация на платформе **Emaze**

Для регистрации достаточно указать адрес электронной почты и придумать пароль. В поле «What Do You Do?» нужно выбрать из выпадающего списка сферу деятельности или профессию. Я выбрала «Teacher» (учитель).

Чтобы завершить регистрацию, нажимаем «Sign Up». На адрес электронной почты придёт письмо с кодом для подтверждения аккаунта (верификации).

Рисунок 2 - смс для подтверждения регистрации на платформу **Emaze**

Копируем его и вставляем в открывшееся окошко на сайте Emaze. Нажимаем «Verify».



Рисунок – 3 После регистрации попадаем в личный кабинет и нажимаем **«Create»**.

Кстати, слева от кнопки «Create» есть малозаметная клавиша «Import PDF/PPT». С помощью неё можно загрузить в сервис уже созданную презентацию в формате PowerPoint или PDF и применить к ней один из шаблонов.

Выбираем тип шаблона для работы – презентация (Prezentation).



Рисунок 4 - выбор шаблона будущей презентации

Следующий шаг – собственно выбор шаблона будущей презентации: здесь их более тридцати. Самые, на мой взгляд, интересные собраны в разделе «Education». Можно создать презентацию «с нуля», для этого есть пустой шаблон.



Рисунок 5 - Любой шаблон можно развернуть для предварительного просмотра (Preview) и начать редактировать (Edit).



Рисунок 6 - Добавление объектов

Рабочее поле сервиса очень похоже на PowerPoint. Слева вверху кнопки для добавления слайдов (Add) и разделов между ними (Section).

Слайды можно добавить из галереи сервиса (Gallery) или импортировать из презентации в формате PDF или PPT (Import PPT or PDF).



Рисунок -7 сервис Gallery

Во втором случае надо выбрать, как именно мы будем импортировать слайды: с сохранением оригинальной темы оформления или без сохранения. Далее нажимаем на кнопку «Select Suppoted Files». Импортируются все файлы. Но, как показали, мои эксперименты, функция импорта работает не совсем корректно: из файла PPT загрузились только тексты без картинок, а файл PDF не загрузился совсем. Так что лучше всё-таки создавать презентацию «вручную». Продолжим. Если мы создали раздел презентации, можно щёлкнуть по нему и дать название.



Рисунок 8 - Чтобы изменить стиль и цветовое оформление презентации, выбираем «Settings»



Рисунок 9 - рабочие инструменты для вставки различных текстов и объектов

Вверху находятся рабочие инструменты для вставки различных текстов и объектов: «Text» (текст), «Image» (изображение), «Media» (видео, аудио, карта), «Shape» (геометрические фигуры), «Widget» (фотогалерея, слайд-шоу, диаграммы).

Правее – кнопки для копирования, вставки и удаления объектов на слайде.



Рисунок 10 - Картинку можно загрузить с ПК (**My**) или добавить из Интернета (**Web**)



Рисунок 11 - загрузка аудио- и видеофайлов

Аудио- и видеофайл можно загрузить с ПК иоли по ссылке / коду из Сети. Также по ссылке / коду можно добавить карту.



Рисунок 12 - Фигуры выбираем из библиотеки сервиса



Рисунок 13 - раздел **«Widget»**

В разделе «Widget» нам могут пригодится опции «Carousels» и «Charts». Первая опция помогает создавать фотогалереи и слайд-шоу, а вторая - диаграммы.



Рисунок -14 раздел Carousel

В разделе «Carousels» есть несколько шаблонов для создания слайд-шоу и фото-, видеогалерей. В шаблон «Slideshow» добавляются фотографии, а в шаблоны «Snowcase», «Multi-slider», «Grid Slider», «Responsive Grid» можно добавлять и фотографии, и видео.

Вот так создаётся слайд-шоу или фото-, видеогалерея: загружаем объекты с ПК (нажав на «Add and arrange photos» или «Edit photos&videos»), придумываем название, описание настраиваем и сохраняем.



Рисунок 15 - готовый материал

В настройках слайд-шоу можно настроить вопроизведение. Остаётся добавить, что в бесплатном аккаунте Emaze можно создать не более 5 презентаций.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1 Презенатции стали проще. – Текст : электронный // EMAZE : [сайт]. – URL: https://www.emaze.com/ru/презентации/ (дата обращения: 09.11.2023).

ӘОЖ 007.5
Бодесова А.Е.
Қазақ спорт және туризм академиясы
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

БҰЛТТЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ

Бұлтты технология – қызмет көрсететін әртүрлі ұғымдардан тұратын үлкен бір тұжырымдама. Бұлтты технология тұтынушыға ғаламтор арқылы онлайн жағдайында деректерді өңдеуге мүмкіндік береді [1].

Бұлттық технологияда жұмыс істеудің әдеттегі программалармен жұмыс істеуден басты айырмашылығы - тұтынушы өз компьютерінің ресурстарын емес, өзіне ғаламтор-қызметі ретінде берілген шалғайдағы

мықты серверлердің ресурстарын пайдалануында. Сол арылы тұтынушы өз дереккөздерімен жұмыс істеуіне толық мүмкіндік алады, бірақ сол дереккөздер орналасқан амалдық жүйеге, программалар базасына, есептегіш серверлердің жұмысына еш кедергі келтіріп, оны өзгерте алмайды. Пайдаланудың тиімді жақтары.

- Үлкен ресурстарды қажет ететін қиын есептерді шешу үшін тұтынушы өзінде жоқ көптеген серверлерді, программаларды бұлттар тарапынан пайдалана алады;
- Тұтынушы компьютерлік құрылғының осалдығына немесе оның сынып, бұзылуына немесе жұмыс істейтін программаның тоқтап, бұзылып қалуына тәуелді болмайды;
- Тұтынушы кез келген жерден, кез келген уақытта ғаламторға қосылған кез келген компьютерлік құрылғымен өз дереккөздерімен жұмыс істей алады;
- Тұтынушы өз дереккөздерімен басқа адамдармен еш қиындықсыз бөлісіп, сол дереккөздерімен олармен бірге қосылып жұмыс істей алады;
- Жеке компьютердегі программалармен салыстырғанда бұлттық қызметтер көбінесе тегін немесе бағалары айлық жарна ретінде өте арзан келеді;
- Кейбір жобаларды «бұлтқа шығарудың» әсіресе ірі компанияларға тиімді болатын жағы - аппараттық және программалық қамтамасыз етулерді басқаруға, қолдауға, жаңартуға, лицензиялауға кететін шығындарды үнемдеуінде болып табылады;
- Сонымен қоса сол программаларды жүргізетін білікті мамандар тапшылығы мәселесін сол жобаны "бұлтқа шығару" арқылы шеше алады.

Қазіргі таңда ақпараттық технологиялардың дамуы бүкіл дүниежүзінде ерекше қарқын алып отыр. «Көзді ашып-жұмғанша» жұмыс жасауға мүмкіндік беретін IT технологиялар қолданысын кеңейту, әрине, заман талабы. Ал оның әлемдегі жедел дамумен ілесіп, ақпараттармен алмасып қана қоймай, көптеген аудиториялармен бір жүйеде жұмыс жасау мүмкіндігі бар, озық үлгілерінің бірі – «бұлттық технологиялар» немесе «бұлттық есептеулер».

Бұлттық технологиялар (ағылш. Cloud technology, яғни Cloud – бұлт, technology – технология) – цифрлық деректерді өңдеу технологиялары арқылы интернет-пайдаланушыға барлық қызмет түрлері бір аппараттық жүйеде біріктіріліп онлайнсервис ретінде ұсынылуы.

Бұлттық есептеулер (ағылш. Cloud computing, яғни cloud – бұлт, computing – есептеулер) – қажетті конфигурацияланған есептегіш ресурстарға (мысалы, деректерді беру желілеріне, серверлерге, деректерді сақтау құрылғыларына, барлығына бірдей немесе бөлек-бөлек) талап бойынша ыңғайлы желілік қолжеткізуді қамтамасыз ету моделі.

Бұл терминдер – компьютерде арнайы программалардың орнатуынсыз, Интернет желіге қосылған жалпыға қолжетімді деректер

ортасын өңдеу, жүктеу және сақтау т.с.с. қашықтан басқарудың технологиялық мүмкіндіктерін ұсынатын виртуалды қызмет түрлерінің жалпыланған атауы.

Маңызды мәлімет. «Бұлттық есептеулер» ұғымы алғаш рет 1970 жылы американдық ғалым Джозеф Карл Робнетт Ликлайдердің ARPANET (Advanced Research Projects Agency Network) желісінің құрылуына жауапты болуынан пайда болған [2].

Ликлайдердің айтуынша: «Құжаттар, ақпарат көздері бір үлкен виртуалды сервер болып табылатын «бұлтта» сақталады және өңделеді. Жер бетіндегі әрбір адам желіге қосылады, ол тек деректерді ғана емес, сонымен қатар программаларды да алатын болады». Ал «Бұлттық есептеулер» 1960 жылы американдық ғалым Джон Маккартидің: «Қай уақытта болмасын компьютерлік есептеулер «жалпыхалықтық пайдалану» арқылы жүзеге асырылатын болады» деген тұжырымнан кейін пайда бола бастады.

Виртуалды қызмет түрлерін ұсынып, ұйымдастырып, қолайлы жағдай жасап отыратын, кез келген деңгейдегі және кез келген қуатты ақпараттық ресурстарға қолжеткізуді қамтамасыз ететін бұлттық қызмет түрлерін провайдер атқарады.

Бұлттық провайдер (ағылш. Cloud provider – бұлттық сервистерді жеткізуші) – бұлттық есептеулер негізінде қызмет көрсететін компания, ол әртүрлі виртуалды ресурстың (виртуалды серверлер, виртуалды желілер, виртуалды деректерді сақтау жүйелері) автоматтандырылған басқару түрлерін жеткізуші.

Маңызды мәлімет. 2002 жылы Amazon компаниясы бұлттық веб-сервисті әзірледі. 2006 жылы Amazon «Elastic Compute cloud» (EC2) деп аталатын сервисті іске қосты. Amazon EC2 және Amazon Simple Storage Service (S3) сервистері алғашқы қолжетімді және бұлттық есептеулер саласындағы көшбасшылардың бірі болды. Дүниежүзілік нарықта бұлттық технологияларды қолданысқа енгізген компаниялардың саны көбейді, олар: IBM, Microsoft, Google, HP, Atos, Cap Gemini, ал Қазақстандық компаниялардан «Қазақтелеком» акционерлік қоғамы ұсынған Microsoft Hosted Exchange және Microsoft Hosted SharePoint, Қазтелепорт акционерлік қоғамы ұсынған «SmartCloud», KT Cloud Lab компаниясының инфокоммуникациялық кешендері (mycloud.kz) т.б. [3].

Бұлттық технологиялардың қызмет көрсету модельдері: Инфрақұрылым қызметі ретінде (Infrastructure as a Service, IaaS) – пайдаланушы өзіне керекті инфраортаны жалға алу мүмкіндігіне ие болады. Мұнда бұлттық провайдер серверді, сақтау қоймасын, желі және виртуалдандыру ресурстарын қамтамасыз етеді, ал пайдаланушы өзінің программалық жасақтамасы мен қосымшаларын жүктейді және баптайды. Бұл қызметті пайдаланушы қымбат құрылғылар мен программаларды

сатып алу қажеттілігінен құтылады да, тек пайдаланған уақытына сәйкес қаражат төлейді. IaaS түрлеріне Amazon EC2, Google Cloud Storage, Microsoft Azure, IBM Smart Cloud, IBM Cloud, Oblako.kz және т.б. жатады. Бұл қызмет түрі арнайы кәсіпорындар, мекемелер, компаниялар үшін компьютерлік инфраортаны жалға алу ортасын құрады.

Платформа қызметі ретінде (Platform as a Service, PaaS) – пайдаланушы бұлттық провайдерлермен бірлесіп жұмыс істеу мүмкіндігіне ие болады. Мұнда виртуалдандыру, операциялық жүйелер, серверлер, сақтау қоймалары, желі, программалық жасақтама бұлттық провайдерлердің міндетіне кіреді. PaaS моделі интеграцияланған бір ортада жасалады, ал пайдаланушы өзі басқару мүмкіндігіне ие болады. Пайдаланушы серверді сатып алуға кететін шығындарды үнемдей алады. Осы модельдің мысалы ретінде веб-сайттарға арналған хостинг қызметтерін айтуға болады және Amazon Web Services (AWS), Microsoft Azure, Google App Engine, Jelastic, Apache Stratos, OpenShift түрлері жатады [3].

Коммуникациялық қызметі (Communications as a Service, CaaS) – Интернет желісі немесе кез келген IP-желісі (VoIP) бойынша сигнал беруді, хабарлама (IM) алмасуды, видеоконференцияларды қамтамасыз ететін кәсіпорын үшін бұлтта құрылған коммуникациялық шешім. CaaS үлгісі қосымша төлем жасау арқылы коммуникация құралдары мен қызмет түрлерін ұлғайтуға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Бұлтты технология. – Текст : электронный // Уикипедия : [сайт]. – URL: https://kk.wikipedia.org/wiki/Бұлтты_технология (дата обращения: 09.11.2023).

2 Ликлайдер Джозеф Карл Робнет. – Текст : электронный // Википедия : [сайт]. – URL: https://ru.wikipedia.org/wiki/Ликлайдер,_Джозеф_Карл_Робнетт (дата обращения: 09.11.2023).

3 Бұлттық технологиялар туралы толық мәлімет. – Текст : электронный // MARTEBE.KZ : [сайт]. – URL: https://martebe.kz/b-ltty-tehnologijalar-turaly-toly-m-limet/ (дата обращения: 09.11.2023).

УДК 796.05
Боканов А.А., Жанганатова К.Н.
Казахская академия спорта и туризма
г. Алматы, Республика Казахстан

ЧТО ТАКОЕ E-SPORT

Что такое e-sport: Электронный спорт, или E-sport, представляет собой форму соревновательной деятельности, основанной на видеоиграх. В Е-спорте игроки соревнуются друг с другом или в командах в различных видовых дисциплинах, используя компьютеры, консоли или мобильные устройства. Этот вид спорта объединяет игровую культуру, соревновательный дух и трансляции игр для зрителей.

Вот ключевые аспекты Е-спорта [1]:

1) Соревновательность:

Е-спорт ориентирован на соревнование и победу. Профессиональные игроки стремятся достичь выдающихся результатов, участвуя в турнирах и соревнованиях.

Разнообразие игр:

Е-спорт включает в себя множество видовых дисциплин, начиная от стратегических стратегий вроде «League of Legends» и «Dota 2», заканчивая шутерами вроде «Counter-Strike: Global Offensive» и «Overwatch». Разнообразие игр позволяет игрокам выбрать дисциплину, которая соответствует их навыкам и интересам.

2) Профессиональные игроки:

Самые лучшие игроки мира в Е-спорте могут стать профессиональными игроками и зарабатывать деньги на соревнованиях, спонсорствах и стриминге. Их навыки и дедикация поднимают их на высшие уровни среди конкурентов.

3) Турниры и чемпионаты:

Существует множество крупных и мелких турниров и чемпионатов Е-спорта по всему миру. Некоторые из них предлагают впечатляющие денежные призы и славу.

4) Зрительская база:

Е-спорт стал популярным развлечением для зрителей. Многие турниры транслируются в прямом эфире через Интернет, и они привлекают миллионы зрителей. Комментаторы и аналитики добавляют интерес для зрителей.

5) Инфраструктура и индустрия:

Индустрия Е-спорта включает в себя организаторов турниров, команды, спонсоров, производителей игрового оборудования и многие другие сегменты. Эта индустрия продолжает расти и развиваться.

В целом, Е-спорт представляет собой современный вид спорта, который активно развивается, привлекая как игроков, так и зрителей со всего мира [1].

История E-sport: когда и в какой стране появился?

История Е-спорта уходит корнями в прошлое, и его развитие происходило на протяжении нескольких десятилетий. Вот краткое описание истории Е-спорта:

1) Ранние годы (1970-1990-е):

Е-спорт начал свое развитие в 1970-1980-х годах с появлением ранних видеоигр и аркадных автоматов. Однако соревновательные моменты в играх стали привлекать внимание лишь в 1990-х годах.

2) Рост в Южной Корее (2000-е):

Начиная с начала 2000-х годов, Южная Корея стала эпицентром Е-спорта. Здесь развивались такие популярные видовые дисциплины, как стратегии вроде «StarCraft». Профессиональные игроки стали поп-культурными иконами, а игры транслировались по телевидению.

3) Мировое распространение (2000-е - настоящее время):

Е-спорт стал мировым явлением, распространяясь по всему миру. Крупные турниры и чемпионаты, такие как «The International» для «Dota 2» и «League of Legends World Championship», привлекают огромную аудиторию и предлагают значительные призовые фонды.

4) Олимпийский признак (настоящее время):

Е-спорт получил признак олимпийского движения, и многие страны официально признали его как вид спорта. Олимпийский комитет начал рассматривать возможность включения Е-спорта в программу Олимпийских игр.

5) Развитие индустрии (настоящее время):

Индустрия Е-спорта продолжает расти. С появлением профессиональных команд, организаторов турниров, спонсоров и партнеров, она стала значительной экономической силой.

Е-спорт сейчас находится на пике своей популярности, привлекая как профессиональных игроков, так и миллионы зрителей со всего мира. Его история служит примером того, как видеоигры стали не только развлечением, но и признанным и прибыльным спортивным мероприятием [2].

Кто в основном занимается Е-спортом?

Е-спорт привлекает разнообразную аудиторию, включая разные группы людей, как игроков, так и наблюдателей. Вот краткое описание основных групп, которые занимаются Е-спортом:

1) Профессиональные игроки:

Это те, кто посвящает свою жизнь соревновательным видеоиграм. Профессиональные игроки участвуют в турнирах и чемпионатах, представляя команды или играя в качестве индивидуальных участников.

Они обладают выдающимися навыками и часто зарабатывают деньги на своих выступлениях и спонсорских контрактах.

2) Команды:

Многие профессиональные игроки объединяются в команды. Команды в Е-спорте имеют менеджеров, тренеров и аналитиков, которые помогают им достигать выдающихся результатов. Команды также могут иметь спонсоров и фанатскую базу.

3) Организаторы турниров:

Компании и организации, которые организуют и проводят соревнования Е-спорта, создают инфраструктуру для игроков и зрителей. Они определяют правила, раздают призы и обеспечивают легальные рамки мероприятий.

4) Зрители и фанаты:

Е-спорт имеет огромную зрительскую базу. Множество людей по всему миру следят за соревнованиями и турнирами через онлайн-трансляции. Они поддерживают своих любимых игроков и команды, создавая страсть и атмосферу вокруг мероприятий.

5) Стримеры:

Стримеры – это люди, которые транслируют свои игровые сессии и комментируют их для зрителей в реальном времени. Они часто имеют свою аудиторию и могут зарабатывать на рекламе и спонсорстве.

6) Спонсоры и инвесторы:

Рост Е-спорта привлекает внимание компаний и инвесторов, которые инвестируют в эту индустрию. Спонсоры могут предоставлять финансовую поддержку командам и турнирам, а также рекламировать свои продукты и услуги.

7) Журналисты и аналитики:

Специалисты в области журналистики и аналитики следят за развитием Е-спорта, создают новости, анализируют игры и интервьюируют профессиональных игроков.

Это лишь некоторые из ключевых участников Е-спорта. Этот вид спорта привлекает людей разных возрастов, национальностей и интересов, что делает его динамичной и разнообразной областью [2].

Будущее Е-спорта

Будущее Е-спорта обещает быть увлекательным и перспективным. Вот некоторые ключевые аспекты будущего этого растущего индустриального сегмента:

1) Рост популярности:

Е-спорт продолжает набирать обороты и привлекать все больше внимания со стороны зрителей, спонсоров и инвесторов. Соревнования и турниры привлекают огромные аудитории, и множество людей начинают интересоваться этим видом спорта.

2) Увеличение призовых фондов:

Призовые фонды в Е-спорте становятся все более внушительными. Это привлекает талантливых игроков и способствует профессионализации индустрии.

3) Олимпийское признание:

Олимпийский комитет и множество стран признали Е-спорт как официальный вид спорта. Это может привести к его включению в программу Олимпийских игр в будущем.

4) Развитие трансляций:

Трансляции соревнований Е-спорта становятся все более качественными и доступными. Платформы стриминга, такие как Twitch, YouTube и Facebook Gaming, продолжают привлекать зрителей.

5) Рост профессионализма:

Профессиональные игроки, команды и организаторы турниров становятся все более профессиональными. Это включает в себя наем тренеров, аналитиков и менеджеров, а также соблюдение стандартов этики и интеграции антидопинговых мер.

6) Мобильный Е-спорт:

Мобильные игры, такие как «Clash Royale» и «PUBG Mobile», приобретают популярность в мире Е-спорта. Они открывают новые возможности для мобильных игроков и привлекают аудиторию, которая предпочитает играть на смартфонах и планшетах.

7) Глобальная интеграция:

Е-спорт объединяет игроков и зрителей со всего мира. Это глобальное явление, и будущее может принести еще большую интеграцию и многонациональные соревнования.

8) Инновации в технологиях:

Развитие VR (виртуальной реальности) и AR (дополненной реальности) может привнести новые измерения в мир Е-спорта, расширяя возможности для зрителей и игроков.

9) Развитие образования и тренировки:

Университеты и школы начинают предлагать программы и стипендии для будущих профессиональных игроков. Это может способствовать увеличению числа талантливых игроков [3].

В целом, будущее Е-спорта светло и полно возможностей. Этот вид спорта продолжает расти и привлекать внимание, и он, вероятно, будет продолжать развиваться и эволюционировать, открывая новые горизонты для игроков и зрителей.

Е-спорт, начавшийся как нишевая деятельность, стал глобальным явлением, объединяющим миллионы игроков и зрителей по всему миру. Его история свидетельствует о быстром развитии и профессионализации индустрии. В будущем Е-спорт ожидает дальнейший рост популярности, официальное признание и инновации в технологиях. Этот вид спорта предоставляет уникальные возможности для игроков, команд, инвесторов

и зрителей, и его динамичное развитие позволяет надеяться на успешное будущее.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1 Киберспорт [электронный ресурс] - Режим доступа: https://ru.m.wikipedia.org/wiki/%D0%9A%D0%B8%D0%B1%D0%B5%D1%80%D1%81%D0%BF%D0%BE%D1%80%D1%82

2 This is part 1 of a 4 part series on Esports [electronic resource] https://hir.harvard.edu/esports-part-1-what-are-esports/

3 The Evolution of eSports: How Digital Games Are Transforming Sports Culture [electronic resource] https://medium.com/@cristifrncu/the-evolution-of-esports-how-digital-games-are-transforming-sports-culture-fafef0650a13.

ӘОЖ 94(574):930
Булгауов Ш. Т.
Қазақ спорт және туризм академиясы
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

СМАҒҰЛ СӘДУАҚАСОВТЫҢ КЕҢЕСТІК РЕФОРМАЛАРҒА ҚАТЫСТЫ ОЙЛАРЫ: ТАРИХНАМАЛЫҚ АСПЕКТ

Егеменді, тәуелсіз ел болған Қазақстан үшін тапқа бөлінген кеңестік замандағы саяси жікке бөліну, текетірес, қарама-қайшылықты басынан кешкен қазақ қоғамының тағдырын ашып қарағысы келгені түсінікті болатын. Ұлт болашағының шешілуі тұсында болған саяси, экономикалық, мәдени өзгерістер өзінің құпияларын әлі де болса шешіп көрсеткен жоқ десе де болады. Қазақ зиялылыраның өз халқының болашағын қайткенде оң шешуге тырысқаны, бір топ таптық тұрғыдан, ал екінші топ ұлттық тұрғыдан шешуге тырысқаны тарихтан белгілі.

Қазақ зиялыларының екі жақты ойы, қоғамға деген көзқарастары белгілі себептермен көптеген кемшіліктерге, қан төгуге, ауыр саяси қателіктерге алып келгенін атап кету қажет. Себебі, Қазақстандағы кеңестік «ұлт мәселесінің» дамуына екі жақ та өз үлестерін қосты. Тарих үшін де, қазақ қоғымының қазіргі даму тұсында болсын ол тарихи ойлар Қазақстанның полиэтникалық, көпмәдениеттілік жағдайында әлі де өзінің қажеттігінен айырылған жоқ деп айту керек. Сондықтан да болар тәуелсіз елге айналған жылдардан бастап «большевик», «оңшыл», «солшыл», болмаса «алашордашыл», «революционер» немесе «контрреволюционер»... демей кеңестік қоғам қайраткерлері мен Алаш партиясының мүшелерінің құжаттары, өмірбаяндарына қатысты материалдары таңдамалы шығарма, құжат жинақтары болып жарыққа шыға бастады [1]. Сонымен қатар, 1920-1930 жылдардағы күштеп ұжымдастыруға, аштыққа және саяси

репрессияларға да арналған құжаттар мен материалдардың жарыққа шығуы замана талабы болатын [2]. Егеменді ел болған қазақ жұрты өзінің өткені мен болашағына тың көзбен қарауға тырысты, өткеннің қателіктерін қалайда қайталамау үшін, ендігі жерде тура жолда сүрінбес үшін. Жаһандану заманында кез келген ел қателесуге құқы жоқ десек болады, тіптен жай ғана кемшілік, жетіспеушілік екі-үш есе ұлғайып, үлкен мәселеге айналары сөзсіз.

Қазақ мемлекетінің саяси дамуына қатты әсер еткен, бірақ большевизмнің сынына ұшырап тарихи айналымнан шет қалған, дегенммен де, кезінде кеңестік ғылым (маркстік-лениндік, большевиктік, коммунистік) қоғамның барлық жағын «жауламай» тұрған кезінде, тоталитарлық режим күшеймей тұрғанда газет, журнал беттерінде жарық көріп қоғамның даму жолында өзінің терең ізін қалдырған қоғам қайраткерлері, ғалымдар, тарихшылар болды. Олардың қазақ қоғамының дамуына деген көзқарасы большевиктік саясаттан, идеологиядан әлдеқайда тиімді екендігін тарихтың өзі қазіргі күнде дәлелдеп отыр. Осы сөзімізге дәлел ретінде кеңестік кезеңдегі аумалы-төкпелі замандағы өзгерістер тұсында өзінің дұрыс та, аса қажетті көзқарастарымен ақпарат беттерінде, өлкелік комитеттің жиналыстарында, Голощекин секілді сталинизмнің қатігез саясатының басында тұрған билік адамдарына барынша қарсылық көрсеткен бізге белгілі, ірі мемлекет және қоғам қайраткері Смағұл Садауақасов жайлы сөз болады.

С. Садуақасов сөз жоқ өзінің артында үлкен із қалдырған ірі тұлға, біріншіден, қазақты қазақ етем, алашымды алаш етем деген, сонысымен бақытқа жетелемек болған атақты алаш партиясының жолын қуған азамат. Алаш партиясының негізін қалаушы, сол жолда өмірін қиған Алихан Бөкейхановтың туған күйеу баласы. Осының өзі оның коммунист болғанына қармастан, кез келген мезгілде саяси репрессияның жазасына ілігуіне себепші болары анық болатын. Ол сөз жүзінде ғана емес, іс жүзінде алаш партиясының көзқарасын қолдайтындығын көрсетіп отырды. «Мағжан Жұмабаев, Кошке Кемеңгеров, Мұхтар Ауэзов еңбектерін баспаға шығаруға күш салып отырды. Мағжанның басына қиыншылық туғанда Алихан Бөкейханов және Максим Горькийдің көмегімен құтқаруға бар күшін де салған» [3, б. 10].

Екіншіден, Қазақ ұлтының тарихында үлкен қасіретке толы кеңестік құрылыстың жер, су реформалары, ұжымдастыру тарихына альтернативті көзқараста қараған зерттеулердің бар екендігі анық, бірақ ол да ғылыми айналымнан «шет қалған болатын» - деп зерттеуші З. Майданали «С.П. Швецов, М.Г. Сириус, А.Н. Донич, Е.А. Полочанский, А. Челинцев, В. Скороспешкин және тағы басқа зерттеушілерді жатқызған болатын [4, б. 6]. Міне осы авторлардың еңбектері кезінде «Народное хозяйство Казахстана» журналында жиі басылып тұрған еді. Мыс: Донич А.Н. Проблема казахского аула. «НХК». 1928. №4-5; Челинцев А.Н.

Перспективы развития сельского хозяйства Казахстана. «НХК». 1928. №4-5; Жалпы қазақ қоғамының тағдырына қатысты ойларды осы журналдың 1926 жылғы №1, №3 сандарынан, сонымен қатар 1928 жылғы №6-7 сандарынан М.Г. Сириусты; 1928 жылғы №9,10 сандарынан В.И. Скороспешкинді кездестіреміз. Осы ғалымдардың негізгі ойлары, тұжырымдамалары Смағұл Садуақасовтың ойына тікелей қатысты екенін көреміз.

1931 жылғы №7-8 «Большевик Казахстана»-ның беттерінде Ф.И.Голощекин Қазақстанның Кеңес Одағының алдыңғы қатарлы бөліктерімен бірге социалистік даму жолында екенін, оған «...біздің коллективтендіру, совхоз құрылысы, өнеркәсіп құрылысы, кооператив, теміржол, мәдени дамуы» [5, б. 8] дәлел екендігін келтіре отырып, мал шаруашылығына байланысты көптеген «жетістіктерді» қорытындылайды. Ф.И.Голощекиннің мақаласын аяғына дейін оқыған азамат бұл мал шаруашылығына байланысты жетістіктердің тек «оппортунистерге» қарсы айтылған жауап екенін байқауы қиын емес. «Ол туралы айтпаса да болар еді. Бірақ ескі «көсемдерінсіз», Сәдуақасовсыз қалған бұрынғы сәдуақасовшылдықтан жақтаушы ізбасарлары шықты»- деп Төреғожиннің атын келтіреді Тореғожин неліктен сынға ілініп отыр екен десеңіз, ол Қазақстанда 1932-ші жылы ірі бас малмен есептегенде, төлімен қосып, 275 мың бас мал ғана болатындығын есептеген Тореғожиннің кеңес үкіметінің барлық жоспарына күдік келтірген сөзіне Голощекиннің шыдамағанын көреміз.

Голощекиннің бұл сынына 1931 жылғы «Большевик Казакстана» журналының №11 санында П. Исаков та өз үлесін қосады. Ол Методологические основы «торегожинщины» - деген мақаласында Торегожиннің де сол тектес қатесін сынайды [6, б. 19]. Торегожиннің сол кезде-ақ мал шаруашылығындағы кемшіліктерді көріп қана қоймай өзінің ойын ашық айтқанын көреміз. Мұнда Төреғожиннің ауылда ұзамай мал қалмайтындығын айтқанын, ол дегеніміз «партия саясатына қарсы шығу, бай және кулакты қорғау», ондай сөзді «махровый национал-уклонист» Сәдуақасов та «байларға тимеу керек, таптық күрес жоқ» айтқан [6, б. 21]- деп П.Исаков партияның, оның идеологиясының артына жасырынып алып сол кездегі саясаттың теріс жағын барынша жасыруға талпынды. Бірақ оның бұл ойы бола қояр ма екен. Себебі аз уақыттан соң-ақ миллиондаған қазақ халқының басына ашаршылықтың зор нәубеті түсетіні белгілі. Ал бұл жерде Сәдуақасовтың, Торегожиннің, Аленовтың т.б. есебі өкінішке орай шындыққа айналғанын көреміз.

Өзінің «Буржуазные и мелкобуржуазные «теории» об ауле» - деген мақаласының «Идеализация кочевья» [7] деген тараушасында Ғ. Тоғжанов та ((1900-1937) Қазақ әдебиет сыншысы, публицист, қоғам қайраткері. Көкшетау облысының тумасы. Қазақ әдебиет сыншысы, публицист, қоғам қайраткері. 1926-1928 жылдары Қазақ өлкелік партия комитетінің баспасөз

бөлімінің меңгерушісі, 1926-1932 жылдары «Еңбекші қазақ» газетінің редакторы, 1935-1936 жылдары Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы қызметтерін атқарған. 1936-1937 жылдары Тоғжанов Қазақ КСР Халық Комиссарлар Кеңесі жанындағы өнер басқармасын басқарды. Ол заңсыз қуғын-сүргінге ұшырап, қайтыс болғаннан кейін ақталды. Тоғжанов – қазақ кеңес әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі, «Новое землячество» кітабының авторы(1925), «Мағжанның поэзиясы және Жүсіпбектің сыны» (1925), «Екі жастың әңгімесі» (1926), «Әдебиет және сын мәселелері» (1929), «Байтұрсынов және Байтұрсынұлы туралы» (1932), Тоғжанов – Абай, М. Жұмабаев және Ж. Аймауытов шығармашылығының алғашқы әдеби сыншыларының бірі.) [8] осы қазақтың басына түсетін қиындықтарды көре білген, ескерткен және кеңес өкіметінің аграрлық реформаларынан арашалап қалуға тырысқан ғалымдардың атын атай отырып, сынға алады: «Швецов, Сириус, Вернер, Букинич, Донич, Е.Тимофеев, Челинцев, Соколовский – деп, бұл тізімге тағы Клеменцті қосады» [7, б. 3; 2]. Ол: «Совет өкіметін таптық жек көру байларды және кулактарды, олардың идеологтары алашордашылар мен буржуазиялық экономистердің-зиянкестердің басын біріктірді» [7, б. 33] – деп қорытынды жасауға мәжбүр болды. Міне, осы сынға түскен ғалымдардың көзқарастары Смағұл Садуақасовтың қазақ қоғамы жайлы негізгі ойымен үндес болатын. Кеңестік биліктің өн бойында, тарихи шығармаларда С. Садуақасов ұстанған, ұлтына жақын саяси идея кеңестік авторлар тарапынан тұрақты түрде сынға ұшырап отырды [9].

Бұл жағдай, біржақты кеңес «жауларын» жамандау, сынға алу тек ХХ ғасырдың 90-шы және онан кейінгі жылдары ғана өзгере бастады. С. Садуақасовтың қазақ халқының экономикалық тұрақтылығының, беріктігінің негізі, ол – қазақ қоғамында тап жоқ деген саяси ұстанымы осы аталған жылдары ғалымдар тарапынан кең қарастырыла бастады [10]. Тек жай ғана қарастырылып қана қойған жоқ, сонымен қатар қазақ халқының кеңестік билік тұсындағы трагедиясы, жойылуға сәл қалған себептері, саяси, идеологиялық және экономикалық қателіктері өзінің сырын аша бастады.

Смағұл Садуақасовтың Кеңестік билік тұсындағы қазақ қоғамының саяси реформалар барысындағы өзгерістерінің басты қателіктерін болдырмауға тырысқан әрекеттері жай ғана сынға ұшырап отырмады, ол С.Қожанов, Ж. Мыңбаев, Ы. Мұстамбаев секілді қоғам қайраткерлерінің «оңшылдыққа» айыпталып, кейін қоғамдық қызметтерінен босатылып саяси репрессияға ұшырауына да себеп болды. Тек осылай ғана Голощекин бастаған Қазақстан басшылығы, орталықтың көмегімен, Сталиннің өзінің қолдауының арқасында қазақ жерінде бұрын-соңды болмаған саяси, экономикалық өзгерістер жүзеге аса бастаған болатын.

Ф.И. Голощекин орталық партия органдарының директивалық құжаттарын жергілікті қазақ интеллигенциясының өкілдеріне қарсы репрессиялық іс-әрекетте пайдалану үшін қолданды. Автор Н.К. Смагуловтың ойынша «Автонимистерге қарсы күрес әдісі мен қағидаты өзінің қолданылу жағынан Сталиннің – Троцкийге (Зиновьев, Каменев) қарсы күресі секілді, Голощекиннің – Садуақасов (Мыңбаев, Қожанов) қарсы күресі өте ұқсас еді» дейді [11, б. 18-19]. Шынында да, билік біреу, оның әдіс-тәсілі де біреу. Алған тәжрибе, идея да біреу. Алар асуы да біреу, ол – коммунизм. Таңдануға болар ма екен, партия мен мемлекет осы тұста өзінің бір тұтас орган екенін бастан кешіріп жатқан болатын. Бұл күрес жай күрес емес, бұл болашақ сталинизмнің тоталитарлық жүйесін қалыптастыру күресі болатын. Осылайша көшпелі мәдениетке, шаруашылыққа, еркін ойдың дамуына, сонымен қатар күштеп ұжымдастыруға, индустриаландыруға қарсылық күшейді. Бұл жағдайды партиялық монополия да, Сталиннің ОК бас хатшы болуы да, сонымен бірге түрлі жау топтардың да, қарсы саяси фракциялардың да пайда болуы тоқтата алмады. Осы жағдайды 1923 жылдың аяғында Киробкомның РКП(б) партия ұйымы да «мойындағанын» автор атап өтті [11, б. 17].

Саталиндік тоталитарлық жүйенің қалыптасу ерекшелігін ғалым Н.К. Смағұлов большевиктердің кадр мәселесін шешу ерекшелігі арқылы көрсетуге тырысты, ол: «Осы тұрғыда партия ОК аппаратының, оның бөлімдерінің, сондай-ақ мемлекеттік органдардың оларды біріктіру кезінде жұмысын құруға ықпал еткен бес негізгі қағидатты бөліп көрсеткен жөн: бірінші - коммунистік партия - КСРО-дағы жалғыз партия; екінші - режимге фанатикалық берілгендік және номенклатуралық кадрдың жоғары ұйымдастырушылық таланты; үшінші - партия қызметкерінің «диалектикалық» ақыл-ойы: партия қызметкері - бұл бюрократ орындаушы ғана емес, сонымен бірге жоғарғы басшының ерік-жігерінің сенімді қолдаушысы; төртінші - режимнің нығая түсуіне көмектесетін жұмыстағы бастамашылық; бесінші - тәртіп, өзін-өзі тану және партиялық аппарат атынан жанқиярлыққа дайын болу» [11:12]. Осы бағыт, мақсат 20-шы жылдардың аяғынан бастап күшейгенін көреміз. Бұл биліктің күресі тек жеке мемлекет қайраткерлеріне қарсы емес, ол сонымен қатар тұтас халыққа қарсы күрес болатын.

Аздаған уақытта қазақ интеллигенциясының күшейіп келе жатқан, шексіздікке ұмтылған билігіне қарсы тұра алатын бетке ұстар басым бөлігі, қазақ жұртының жартысына жуығы қолдан жасалған реформалардан запа шекті, салт-дәстүрі, мәдениеті соққыға ұшырады. Осы тұста ерекше көзге түскен сала, ол – еркін экономикалық бағыттың күйреуі болатын. XX ғасырдың 90-шы жылдары өзінің ыдырап, терең өзгеріске түскенін мойындаған КСРО - деп аталатын алып империя алғашында болашақта не себептен қирайтынын түсінбеген де еді. Қысқаша айтсақ, ол дінді, рухани наным-сенімді, салт-дәстүрді, соңында адамның өзін де

силамаушылық, яғни жүздеген, мыңдаған азаматтар репресссияланды, еңбек лагерлеріне айдалды. Тоталитарлық жүйе республика азаматтарын жан-жақты қысымға алды, адамның сөзі, ойы, істеген ісі... қыспаққа түсті. Қоғам жүйелерінің барлығы да өзгеріске түскені белгілі, идеологиялық, саяси, мәдени және экономикалық жүйелер социалистік революцияның алғашқы жылдарынан бастап түбірімен өзгеріске түскен болатын. Қорытындысы да белгілі, 1991 жылы КСРО деп аталатын алып империя ыдырап кетті.

Дегенмен, кеңестік, большевиктік реформалардың арты жаман болатынын айтқан қоғам қайраткерлері, ғалымдар болғаны белгілі. Швецов, Сириус, Вернер, Букинич, Донич, Е.Тимофеев, Челинцев, Соколовский, Клеменц... айта берсек, бұл есімдерге тағы да қосатын қайраткерлер бар. Ал, Смағұл Садуақасовтың ұстанымы осы аталған ғалымдардың ойымен қатар тұрғанын ерекше айту керек. Себебі, ол мемлекет және партия қызметкері болатын. Кеңестік ғалым К.Б. Бейсембиев [12] өзінің «Победа марксистко-ленинской идеологии в Казахстане в период строительства социализма» деген еңбегінде осы ойымызды ашып көрсетеді. С. Қожанов жайлы сын айта отырып «...басқа ұлтшыл-уклонист - С. Садуақасов алаш-орданың көзқарасын ұстанды «ауылда ешқандай тап жоқ, ауыл-жай масса, ол жерде таптарды ойлап табудың қажеті жоқ...» («Советская степь». 1927, 22 ноября.) дегенін келтіреді. С. Сәдуақасов Қазақстанның ұлттық ерекшеліктерін негізсіз асырып, абсолютизациялады және социалистік құрылыстың жалпы заңдылықтарының Республика жағдайына қолданылмайтындығын дәлелдеуге тырысты, ауылдағы феодалдық-рулық қарым-қатынастарды өзгеріссіз сақтауға тырысты» [12, б. 279] - дей келе автор ұлтшыл-уклонистердің көзқарастарын міндетті түрде сынау қажеттігін, олардың ойын әлеуметтік – саяси, идеялық тұрғыдан сынай отырып, олардың көзқарастарының жалғандығын, орындалмастығын партия, халық алдында ашып беру қажеттігін айтады.

Автор ұлтшыл-уклонистерді баспа беттерінде өзге де қазақ коммунистерінің жан-жақты сынға алып отырғанын көрсетеді. Бұл қатардан Исаев, Құрамысов, Жандосов, Жүсіпбеков секілді белгілі қайраткердердің есімдерін кездестіреміз. К.Б. Бейсембиев Қазақ өлкелік пратия комитеті өзінің кезекті III пленумында (1927 г.) С. Қожановты, С. Садуакасовты және де олардың жақтастарын «идейный уклон, который в своем развитии отражает влияние на партию и Советскую власть верхушки, имущих слоев аула» («Резолюция III пленума Казкрайкома ВКП(б)». Кзыл-Орда, 1927, стр. 1,2) дей келе, «Национал-уклонисты были сняты с занимаемых постов, разгромлены идейно и организационно» [12, б. 279-280] – деп мақтанышпен қорытады.

Көріп отырғанымыздай С. Садуақасов өзінің ойын қағаз бетінде ғана көрсеткен жоқ, ол өзінің ойын трибунадан ашық айтып отырған. Ол

мүмкіндігінше алаш қайраkерлеріне көмектесуге, сөз беруге тырысты. Осы тұстағы ел билігінің басында отырған Голощекиннің әрекетін залалсыз, жұмсақ бағытқа бұруға тырысқаны да анық көрінеді. Бір жағынан оның партия мүшесі болғандығы, екінші жағынан өз ұлтының жанашыры болу оны өте қиын жағдайға қалдырғандығы түсінікті болатын. Дегенмен оның кім жағында болсам деп ойланбағанын, екі ойлы болмағанын көреміз. Мемлекет, билік емес, ол өз халқының жағында күресті. Әсіресе оның «Тап жоқ», «Неге біз мыңдаған километр жерге, орталыққа шикізаттарды тасуымыз керек, неге оны өзімізде өңдемейміз» деген секілді ойлары шетел авторларының да ойымен үндес келетінін көреміз.

Кеңесті тәртіпті қорғаушы, ұлтшылдарға қарсы барынша қарсы күрескен кеңестік ғалымдар КСРО тұсында ғылымда айтылмаған, қозғалмаған көзқарастарды, дұрыс ойды фальсификаторларды сынау барысында жария етіп отыруға мәжбүр болады. Мәселен, Д. Кшібеков салған жерден Қазақ қоғамында «жеке меншік», «таптар», «таптық күрес»... болғандығын, демек «таптық қоғам» бар - дей отырып [13] қазақ қоғамындағы «национализациялау, жерді, суды, мал-мүлікті «тартып алу», «ұжымдастыру», «күшпен отырықшыландыру» секілді реформалардың «дұрыстығын» санамызға бірден құя бастайды. Әрине, ол осы әдіс-тәсіл арқылы өзге де кеңестік авторлар секілді шет елдік «фальсификаторларды» сынауға, оларды «жеңуге» дайындықты бастап кетеді. Б. Хаит секілді Гарвард университетінің тіл маманы, тарихшы американдық Ричард Пайпс те түркістандықтар ол бір ұлт – «мұсылмандар», бір тілдес – «түркі тілі» (жері ортақ, рухани дүниесі бір,...) деп, сонымен бірге большевиктердің «бөліп ал да билей бер» принципімен туысқан Орта Азия халықтарын беске бөліп тастағанын жазғаны үшін сынға ұшырады [13, б. 8].

Ол 1958 жылы Турцияда жарық көрген Таир Чагатайдың «Қызыл империализм» брошюрасына «Колхоздар ұлттық республикаларға езгі мен қанау алып келді», «колхоздар елде индустриаландыруды жүргізу үшін құрылды» деген сөзі үшін шүйлігеді. Ол осы сөзі арқылы «колхоздар ұлт аймақтарында, ал индустриаландыру орталық аудандарда жүрді», «Совет елінде отаршылдық бар» дегенді айтқысы келіп отыр, бұл «бейшара-теоретик» социалистік индустриаландырудың ауыл шаруашылығын ұжымдастырудан бұрын жүргенін «қайдан білсін» [13, б.13] – деп ойын қорытады. Осы айтқандарымызға А.Б. Турсунбаевтың сыны да жарық түсіретінін айту керек. Ол Б.Хаит та «Түркістан – Совет индустриасының тек шикізат базасы болу үшін қызмет етуі тиіс еді», «Түркістан-Сібір темір жолының» мақсаты да осы Орта Азия мен Қазақстанды «орыс экономикасымен» байланыстыру болатын» [14, б. 437]- деген ой айтқанын жаза отырып, басқа «фальсификаторлар» да, мәселен В. Коларз «Кеңес Одағының орыс емес территориясындағы әрбір жаңа фабрика, жаңадан салынған көмір шахтасы, әрбір мұнай шыққан бұрғысы негізінен бұл жердегі халықтар үшін емес, «великоросстар» үшін» дегенін, ал профессор

О.Кэроу болса Орта Азия мен Қазақстанның мақсаты ол «индустриалды» (Орал) жерлерді жұмыс күшімен «қамтамасыз ету» - деп түйгенін сынға алды.

Шет елдік тарихтың «бұрмалаушылары» коллективтендірудің тек қана «күштеумен» байланысты екенін, У. Дуглас тіпті «басында ешбір революциялық ойы жоқ, өз жерін, малын жақсы көретін қарапайым қырғыз халқы коллективизацияға қарсыласып штыкпен шаншылды, атылды және жер аударылды» - дей отырып, қарсылықтың қатты болғаны соншама Советтерге ұжымдастыру үшін аттай «5 жыл қажет болды» [14; б.445]- деп жазғанын келтіреді. Осындай өткір де шыншыл ой айтқан шетел сыншыларына автор тек «Социалистік құрылыс тарихының фальсификаторлары (бұрмалаушылары) әдетте ауыл шаруашылығының табыстары жайлы үндемейді» [14, б. 446]- деуге ғана шамасы келеді. А.Б. Турсунбаев 1929-1932 жылдары қарсылықтың болғанын «мойындайды», алайда У. Дуглас және басқа да империализм идеологтары мал санының «неге азайғанын», «себептерін объективті түрде қарағысы келмейді» [14, б. 44]- деп қайткенде айтылған сынның салмағын көтергісі келеді. Ал кім кінәлі десек, автор әрине «қанаушы тап» екенін көрсетеді, олар қателіктер мен асыра сілтеулерді пайдалана алды, «жетесіз» кадрлар, «аптыққан» басшылар тап жауларының малды жоюына, кедейлер мен орташалардың елден көшіп кетуіне септігін тигізген болып шығады.

Т. Чагатай жайлы «өзінің өсек-аяң кітапшасында ол ауыл-селодағы орасан зор табыстарды айтпай, фактілерді ашық бұрмалай отырып,... колхоз шаруалары жоқшылықта өмір сүруде деп дәлелдегісі келеді», Т. Чагатай, Б. Хаит секілділер осы жердің өнеркәсібін Орталық Ресейдің «шикізат көзі ғана» [13, б. 14-15,18]- деп сипаттағанын жаза келе, Д. Кшібеков «бұрмалаушылардың» осындай «жаласына» қарсы дәлел ретінде өзге авторлар секілді социализмнің «табыстарын» алға тартып, сол арқылы жоғарыдағы авторлардың ойын толықтырып отырды. Көріп отырғанымыздай қазақ халқының тарихында 30 жыл бұрын болған трагедияның XX ғасырдың 60 жылдары да соншалықты өзекті екенін көреміз.

Осы секілді С. Садуақасовтың да айтқандары, жазғандары өзінің сыншылдарын 60, 70-ші жылдары да тауып отырды. М.К. Қозыбаев болса 2000 жылғы еңбегінде М.Г. Сириус, С.П. Швецов, Ә. Бөкейханов, К.А. Гувелев, А. Донич, С. Садуақасов және т.б. отырықшыландырудың альтернативті жолын ұсынған көптеген ғалымдар, практиктер, қоғам қайраткерлері қатаң қаралып, соңында «репрессияға ұшырауы кездейсоқ емес еді» деген қорытынды жасады [15, б. 40]. Ия, тек 1930-1931 жж. «кулактар ссылкасына» аттандырылған Қазақстан шаруаларының саны, толық емес мәліметтер бойынша 6765 адам болғанын да атап көрсетеді.

Көптеген қазақ өлкелісінің кеңестік күштеу саясатына бір кісідей көтерілгенінің айғағы болатын қазақ, орыс ғалымдарының, қоғам

қайраткерлерінің, интеллигенция өкілдерінің қарсылығы, сонымен бірге қазақ шаруаларының, орыс кулактарының... көтерілістері ол – тек уақытша оқиға емес болатын. Осы қарсылықтың жалғасы 30, 40, 50-ші жылдары да бітпегенін М.К. Козыбаевтың тоталитарлық режимнің күшеюі еңбек-түзету лагерлерінің де санының өсуімен байланыстырғанынан көруге болады. Қарсылықтың күшеюі тоталитарлық режимнің де күшеюіне алып келсе, ол өз кезегінде жазалау органдарының да санының өсуіне септігін тигізді. Солтүстікте, Оралда, Қиыр Шығыста, Сібірде, Орта Азияда және басқа да жерлерде НКВД-нің ГУЛАГ (Главное управление лагерей) жүйесінде 1940-шы жылы – 53 лагерь болды, 1947 жылы – 56, 1954 жылы – 61-ге жетті. Ал ондағы адамдар саны да өзгеріп отырды. 1930-шы жылы – 179 мың, 1940 ж. – 1 млн. 344,4 мың, 1950 ж. – 1 млн. 416,3 мың, 1953 ж. – 1 млн. 727.9 мың адам. болды. 58 статьямен айыпталғандар саны – 20% көлемінде. Қазақстанда Карлаг, Степной, Песчаный, Луговой, Дальный, Алжир... секілді лагерьлер болды. [15, б. 11-12].

Нәтижесінде қазақ халқының бетке ұстар азаматтары, «буржуазияшыл ұлтшылдар», «оңшылдар», «солшылдар», «ұлтшылдар», «контрреволюционерлер», «шпиондар»... саяси жазаға, репрессияға ұшырады. 1937-1938 жж. осы секілді жаламен айыпталған Қазақстанның көрнекті қоғам, мемлекет қайраткерлері: Т. Рысқұлов, Н. Нұрмаков, С. Қожанов, Ұ. Құлымбетов, О. Исаев, О. Жандосов, А. Досов, А. Асылбеков, Ж. Садуақасов, С. Сафарбеков, Ж. Сұлтанбеков, Т. Жүргенов, Н. Сырғабеков, З. Тореғожин, С. Сегізбаев, С. Ескараев, А. Кенжин және т.б. Сонымен қатар Қазақстан ғылымы да, мәдениеті де орны толмас запа шекті. Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Х. Досмухамедов, М. Тынышпаев, М. Жұмабаев, С. Сейфуллин, И. Джансүгіров, Б. Майлин, С. Асфендияров, М. Жолдыбаев, К. Жұбанов, Ж. Шанин, Т. Шонанов, К. Кеменгеров, Н Төреқұлов және т.б. көптеген азаматтар «репрессия құрбаны болды» [15, б. 19].

Қорыта келе, Смағұл Садуақасовтың саяси, мәдени және экономикалық ұстанымдары өзінің өміршеңдігін көрсеткенін айту керек. Қазақ автономиялық республикасының мемлекеттік тілі қазақ және орыс тілдері болды. Алайда, Голощекиннің ойынша партия ұйымының жұмысы, іс жүргізу тек орыс тілінде болу қажет еді. Себебі, партияның орталық ұйымы Ресейде болатын, демек, партия ұйымының де тілі орысша болу керек деп есептеді. Ал, С. Садуақасов керісінше - партия қазақ елінің азаматтарымен, коммунистерімен жұмыс істейтіндіктен «неге олар жұмысын қазақша жүргізбейді» [3:19] деген тұжырымды ұстанды. Болмаса, С. Садуақасовтың және өзге де алаш зиялыларының атақты «қазақ елінде тап жоқ» деген ұстанымы. Бұл не, тек елдің назарын өздеріне аудару, дауыс жинау үшін жасалған алдамшы амал ма, жоқ әлде болашақ саяси репрессияның, аштық трагедиясының құрбандарын қайткенде азайтуға тырысушылық па. Осы секілді маңызды саяси шешімдер,

экономикалық ұсыныстар, табанды тұжырымдар, идеялардың қасында неге Смағұл Садуақасовтың аты жиі көрініп отырды. Мүмкін, ол XX ғасырдың 30-шы жылдарының екінші жартысында басталған жаппай саяси репрессияның, аштықтың болуы, оның күшеюі сол Смағұл Садуақасовтың болжамының дұрыстығын ашып бергендіктен шығар. Тіл, ұлт, жер, шекара,... мәселелері өзінің шешімін әлі толықтай таппағанын байқау қиын емес. Осы бағыттағы проблемалар өзінің зерттеушілерін күтіп отырғанын көреміз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Мұстафа Шоқай. Таңдамалы. А.:Қайнар,т.1. 1998.(т.2.1999).; Дулатұлы М. Шығармалары. –А.:Ғылым,1996, 1997. I,IIтом.; Джандосов У. Документы и публицистика (1918-1937гг.). в двух томах. – А.:Қазақстан,1999.; Тынышпаев М. История казахского народа. (Сост. И автор предисл. Проф. А.Такенов и Б.Байгалиев). Учеб. пос. – А.:Санат,1998.; С.Асфендияров. История Казахстана (С древ. времен). – А.:Санат,1998., Рыскулов Т.Р. Собр.соч. в трех томах. –А.:Казахстан,1997-1998.; Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Желтоқсан 1917ж.-мамыр 1920ж. Движение Алаш. Сб.док. и матер. Дек.1917г. – май 1920г. –А.:Алаш, 2004. 1том. (2005. 2 том).; Халел Досмухамедұлы. Таңдамалы. – А.:Ана тілі,1998.; Г.Сафаров. Колониальная революция (Опыт Туркестана). – А.:Жалын,1996, (ішінде А.Бочагов. Алаш-Орда. Краткий исторический очерк о национально-буржуазном движении в Казахстане периода 1917-1919гг.)...

2 Насильственная коллективизация и голод в Казахстане в 1931-33гг. Сб. док. и матер. –А.,1998.; Политические репрессии в Казахстане в 1937-1938гг. Сб.док. – А.:Казахстан,1998.

3 Муканова Г.К. Публисцистика Смагула Садвакасова. Алматы, 2013. -175с. 4. З. Майданали Земледельческие районы Казахстана в годы насильственной коллективизации. Уч.пос. –А.,2003. 6 бет.

4 Майданали З. Земледельческие районы Казахстана в годы насильственной коллективизации. Уч.пос. –А.,2003.

5 Голощекин Ф.И. Еще раз о путях развития животноводства. Большевик Казакстана. 1931. №7-8. 7,8бб.)

6 Исаков П. Методологические основы «торегожинщины» «Большевик Казакстана». №11. 1931.№11. -19б)

7 Тоғжанов Ғ. Буржуазные и мелкобуржуазные «теории» об ауле»

8 Тогжанов Габбас: https://el.kz/news/archive/content-29138/

9 XX-шы ғасырдың 60-шы жылдары А.П. Кучкин. Советизация казахского аула. Изд. АН СССР. – М., 1962; С.Б. Нурмухамедов, В.К. Савосько, Р.Б. Сулейменов Очерки истории социалистического сторительства в Казахстане (1933-1940гг.). –А.:Наука, 1966;

10 XX-шы ғасырдың 90-шы жылдар: Нәубет шындығы. К. Нұрпейсов, Х. Әбжанов Мәдени революция: тапқанымыз бен жоғалтқанымыз. Қазақстан коммунисі. №10, 1990ж.; Бурабаев М.С. Общественная мысль Казахстана в 1917-1940гг. – А.: Ғылым, 1991.; Ж. Сүлейменов. Сейтқали Меңдещев. Қазақстан коммунисі.№7. 1991.; История Казахстана: белые пятна. Сб. статей. – А.: Казахстан, 1991, т.с.с.

11 Смагулов Н.К. Кадровая политика большевиков в партийных и государственных органах Казахстана в 1917-1936гг. Историко-теоретический аспект. 02. Автореф. Караганда, 2006.

12 Бейсембиев К.Б. Торжество ленинской национальной политики КПСС. Материалы межресп.-ой научно-теоретической конф.-ии посвященной 50-летию образования СССР. –А.: Наука, 1973.

13 Кшибеков Д. Клеветники и фалсификаторы истории народов Советского Казахстана. А., 1961.)

14 Турсунбаев А.Б. Казахский аул в трех революциях. А.:Казахстан, 1967.

15. Козыбаев М.К. Казахстан на рубеже веков: размыщления и поиски. Социализм: несбывшиеся надежды. Кн. 2-ая. – А., 2000.

ӘОЖ 94(574):930
Булгауов Ш. Т., Өмірзақ А.
Қазақ спорт және туризм академиясы
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

БОЛАШАҚ – ЖАСТАР ҚОЛЫНДА (КӨРНЕКТІ МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ СМАҒҰЛ СӘДУАҚАСОВТЫҢ ОҚУ-АҒАРТУ, БІЛІМ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ. ТАРИХНАМАЛЫҚ АСПЕКТ)

Тақырыбымызды ашу мақсатында Смағұл Сәдуақасовтың көрнекті мемлекеттік қайраткер, әдеби сыншы, жазушы, публицист, экономист, сонымен қатар педагог, ағартушы екендігін атап кету керек. Ол 1900 жылы Солтүстік-Қазақстан облысы, Есіл ауданы, Жарқын селосында дүниеге келді. 1915 жылы орыс-қазақ училищесін бітіріп мұғалім болып қызмет етті. 1916-1918 жылдары Омбы ауылшаруашылық училищесі мен институтында оқыды. 1917-1918 жылдары Омбы қаласындағы «Бірлік» қазақ жастар ұйымының белсенді ұйымдастырушы мүшесі, сонымен бірге «Жас азамат» ұйымы басқармасының хатшысы болды. Ал, 1931 жылы белгілі күрделі саяси мәселелерге байланысты елінен кетіп, Мәскеу көлік инжерлері институтын аяқтағаны белгілі.

Ол 1918-1920 жылдары-Ақмола облысы Земство басқармасы жанындағы қазақ бөлімінің қызметкері, мұғалімдер курсының оқытушысы

қызметтерінде болды. 1920 жылы - Ресей Коммунистік Жастар одағы Сібір бюросының қазақ-татар секциясының қызметкері, Шығыс Жастар Одағы Орталық Комитетінің мүшесі, РКЖО Қазақ облыстық комитетінің хатшысы. Омбыдағы «Кедей сөзі» газетінің редакторы, Орынбор қаласындағы «Ұшқын», «Еңбек Туы» газеттерінің редакция алқасының мүшесі болды. Осылайша белгілі қоғам қайраткері Смағұл Сәдуақасов кезек күттірмейтін саяси мәселелерді алдымен шешуге тырысқанынан көреміз.

Тәуелсіз ел болуға ұмтылған алдыңғы жастар «Бірлік», кейінірек «Жас азамат» ұйымдарын құруы сөзсіз өзінің білгенін, тәжрибесін болашақ жастарға да бермек болғанын көрсетеді. Смағұлдың хаттары, мақалалары, баяндамалары, ресми жазбалары, еңбектері... жастар тақырыбын ешқашанда айналып өтпеген болатын. Керісінше, басты назарды оқуға, білімге, сауаттылыққа аударып отырғанын көреміз. Қарастырып отырған мәселелердің ішінде бірінші орынға болашақ, ол - жастардың қолында екендігі, жастардың саяси сауаттылығында, экономиканы басқара алатын жастардың қолында екенін көрсету. Мақалаларының ішінде «Қазақстанда халық ағарту мәселелері», «Халық ағарту мәселелері», «Жоғарғы оқу орнының Қазақстан үшін маңызы», «Оқу ісінің кемшіліктері, оларға қарсы шаралар», «Немізге мақтанамыз, немізге өкінеміз», «Оқу ісінің кемшіліктері, оларға қарсы шаралар», «Ауылдағы жастар туралы», «Түркістан жастары», «Көтеріл жастар», «Жастар сиезіне», «Вечный Абдраш», «Биылғы жылғы оқу маусымында»... деген тақырыптар бар. Әрине, бұл аталған мақалалар, баяндамалар,... білімге, ағартуға, жастар проблемасына арналған еңбектердің тек бір бөлігі ғана екендігін айту керек.

«Қазақстанда халық ағарту мәселелері» (1927 ж. Қазақстан мұғалімдерінің I съезінде оқылған баяндама) еңбегінде Смағұл Сәдуақасов басты үш мәселеге назар аудартады: Бірінші мәселе – жалпы еңбекшілерге хат танытып, мәдениетке жетіскен шаруа қылып шығару. Екінші мәселе – өндіріс кәсібі, ауыл шаруашылығы, үкімет мекемелеріне керекті ысылған жұмыскер, қызметкерлерді дайындау. Үшінші мәселе – қазақтың ұлт мәдениетінің көтерілуіне керекті мәдениет-білім күштерін әзірлеу, мұнда түрі ұлттыке болғанмен, тамыры социалдық болуы керек [1,138 б.].

Мемлекеттік қызметте жүріп, С. Сәдуақасов Қазақстанның мемлекеттілігі мен аумақтық тұтастығы идеясын барынша қорғады. 1921 жылы Семей облысының Сибревкомның бағынысынан ҚА КСР құрамына өтуіне басшылық етті. Семей Губкомы мен БКП (б) губисполкомын оларда қазақ өкілдерінің болмауынан таратқаны үшін партиялық жаза да алды. Осыған қарамастан, ол 1922 жылы дәл осы себеппен Қостанай губерниялық атқару комитетін және Торғай уездік атқару комитетінің қызметін де тоқтатты. Бұл әрекеттер де қоғам қайраткерінің білім мен мәдениетті және саясатты қатар алып жүруге тырысқандығын көрсетеді.

Айтылған мәселенің, сауаттылық пен білімділіктің, мәдениеттің саясаттан аулақ тұра алмайтындығын көрсетеді. Еркіндік, тәуелсіздік халықтың, өлкенің өмір сүру мүмкіндігі, ол - ұлт мәселесі, саяси мәселесі. Бұл өз кезегінде сауаттылыққа, білімділікке тәуелді.

Өзінің оқу ағарту саласына қатысты баяндамаларында ол «Қазақстанда қазақ 75 процент, олай болса бұл санды қанағаттанарлық деп айта алмаймыз» деп халық ағарту жұмысының негізгі проблемасын ескертіп кетеді. Сөз жоқ, ағарту саласы табыстарға жетіп жатыр, бұрын мектептер де болмаған, бюджеттен 35 процент ағарту саласына бөлініп жатыр... алайда ауылда тұратын халықтың 8-12 проценті ғана мектепте оқып жатқанын (қара шаруалардың 30 проценті қамтылған) өкінішпен баяндайды. Мектептердегі бірінші жетіспеушілік ол үй, екінші көзге түсетін нәрсе ол – парта, қағаз, қалам... Партаның жоқтығынан баланың беліне зақым келетінін көрсетіп кетеді, - 80 процент баланың белі қисаяды екен. Тағы бір басты назар аударатын мәселе ол – «ауыл мектебіне бөлінетін шығын (жан басына шаққанда) – 7 сом, 7 тиын. Орыс мектебінде – екі есе жоғары, Ресей жақта 20 сомға жетеді» дейді [1, б.144].

В 1936 г. постановлением Главным хозяйственным управлением Народного комиссариата земледелия СССР утверждается технический проект Невинномысского канала, разработанный главным инженером Терстроя Островским. Проект учитывал гидрографические и геологические особенности Ставрополья, что позволило выбрать наиболее оптимальный маршрут канала для подачи Кубанской воды самотеком в другой речной бассейн. Для реализации заданных целей была создана контора по строительству Невинномысского канала – «Ставропольстрой» [8, с. 236-238].

Так часть Ногайской степи (Ачикулакский и Каясулинский районы) была включена в Терско-Кумскую ирригационную систему Невинномысского канала. Идея строительства Терских каналов на заре коллективизации сельского хозяйства возникла исключительно как обводнительное мероприятие и только впоследствии Терско-Кумская система приобрела наряду с обводнением и оросительное значение [1, Ф. 1. Оп. 1. Д. 402. Л. 44.].

В августе 1942 г. строительство Невинномысского канала было приостановлено в связи с военными действиями на территории Ставрополья. Ущерб, причиненный немецко-фашистскими захватчиками по данным актов 1943 г. составлял 20 000 000 рублей. С конца 1944 г. возобновляется строительство Невинномысского канала, завершается возведения головных инженерных сооружений в 1945 г. 1 июня 1948 г. Невинномысский канал направил воду р. Кубани в р. Егорлык, а с 10 августа 1948 г. канал был введен в эксплуатацию, представив первое звено Кубань-Егорлыкской обводнительно-оросительной системы. С 1949 г. продолжилось строительство второй очереди Кубань-Егорлыкской оросительной системы. Терско-Кумский канал, берущий начало на реке Терек, обводнил засушливые земли степных районов на юго-востоке. Кумо-Манычский канал наполнил крупнейшее в крае Чоградское водохранилище. Эти воды были направлены для обводнения и орошения Ногайской степи, Приманычья и Черных земель.

Общая земельная территория, входившая в зону водохозяйственных мероприятий, составляла 5 752 000 га, в том числе 3 145 000 га пашни и 2 063 900 га естественных кормовых угодий. Площадь орошения северо-восточных районов засушливых районов включала территорию в 101 135 га, в пределах Манычкой – 10 000 га, по длине р. Егорлыка – 9 270 га, Право-Егорлыкскому каналу – 72 935 га и Лево-Егорлыкскому – 9 000 га. Терская магистральная и распределительная сеть каналов, головных сооружений, водохранилищ строилась в основном вручную, землекопами, грабарями, при широком участии местного населения, а также методом народной стройки. В довоенный период на системе были построены крупные головные сооружения на р. Баксан; водохранилища: Курганенское, Советское, Ростовановское, Курское, Степновское; магистральные каналы: Баксан-Малка, Малка-Кура, левобережные каналы, реконструирован Ленинский и Куро-Марьинский каналы [4, с. 147-148]

Степи Караногайского района были обводнены благодаря постройке канала сухоречья Сулу-Чубутла. Строительство канала было начата в 1937 г. и окончено в 1939 г. На его строительство скоростным способом правительство выделило 2 350 000 рублей и задействовало 2 500 колхозников степи. Строительство было осуществлено за 36 дней. Магистраль Сулу-Чубутла, протяженностью в 125 км. вступила в эксплуатации 1 января 1940 г. Экономический эффект от строительства ожидался огромным, агроэкономическая комиссия предполагала, что Сулу-Чубутла обводнит 100 000 га и даст 35 000 орошаемых площадей в засушливой Ногайской степи [1, Ф. 1. Оп. 1. Д. 482. Л. 12].

Использование подземных вод для обводнения и орошения Ногайской степи. В период активного строительства водохозяйственных сооружений инженерами-мелиораторами разрабатывались и иные проекты по развитию водного потенциала региона. В частности, изучив геологическое строение и гидрогеологические условия Ногайской степи, стало известно, что рассматриваемая территория располагалась в пределах обширной области опускания земной коры, называемой Терской депрессией, что означало, что повсеместно в мощной толще водоупорных пород находились водопроницаемые пласты и водоносные горизонты. Указанные естественные условия и наличие системы водоносных горизонтов позволяли рассматривать данный район как крупный бассейн подземных вод. Эти воды были пригодны для питья и нужд животноводства и добывались ранее в степи путем строительства шахтных и артезианских колодцев, которые были оборудованы, в большинстве своем, примитивными водоподъемными приспособлениями. При этом на большей части территории степи водоснабжения населения осуществлялось именно артезианскими водами.

По данным паспортизации 1940-х гг. в Ногайской степи располагалось около 450 артезианских источников. Однако не более 8%

суммарного дебита скважин расходовались полезно – для нужд населения, водопоя животных, орошения отдельных участков, остальная вода фонтанировала из скважин, неблагоприятно влияя на условия этих районов, заболачивая окружающую территорию [5, с.6-7].

Агроэкономические расчеты использования подземных вод для орошения Ногайской степи показывали, что строительная стоимость орошения поверхностными водами из р. Терека 1 га площади составляла 803 рубля 50 копеек, а подземными артезианскими водами выходило практически в два раза дешевле. Планировалось, что при размещении в Ногайской степи дополнительно к существующим еще 4050 артезианских скважин условия водоснабжения населения и водопоя скота резко улучшились бы, а созданные возле артезианских скважин орошаемые участки обеспечили бы местное население овощами, фруктами и увеличили бы кормовую базу местных колхозов [5, с. 9].

Эффективность использования артезианских скважин для орошения Ногайской степи могла осуществляться только при условии предварительного аккумулирования воды в наливных водоемах. Строительство искусственных водоемов в степном крае открывало дополнительные возможности развития местных жителей, в частности ногайцы могли разводить водоплавающую птицу, рыбу и т.д. В весенне-летний период воды искусственных водоемов планировалось использовать под поливы сельскохозяйственных и технических культур, садов и виноградников, в осенне-зимний период водохранилища могли проводить влагозарядковые поливы сенокосов и пастбищ, развивая устойчивую базу животноводства в степи [5, с. 10-11].

Тем не менее проблема строительства водохранилищ и создали основную сложность в осуществлении проекта. Это было связано с тем, что строительство водоемов в условиях сильно фильтрующих грунтов (песков и супесей) без противофильтрационных покрытий была невозможной. Решение проблемы было найдено лишь в 1960-х гг. путем искусственного «оглеения» песчаных и супесчаных грунтов. Реализация проекта в планируемых масштабах не была осуществлена [5, с. 10-18].

Орошение бурунной зоны Ногайской степи. Бурунная зона Ногайской степи, занимала площадь около 800 000 га. Большая часть этих территорий являлись зоной отгонного животноводства. Урожайность естественных сенокосов и пастбищ бурунной степи была очень низка. Даже в средние по осадкам годы она составляла не более 2,5 – 3 центнеров кормовой массы с 1 га. Отсутствие прочной кормовой базы сдерживало рост поголовья овец и повышения их эффективности. В связи с этим с конца 1930-х гг. производился поиск путей создания в условиях полупустынного климата возможности улучшения природно-климатических условий бурунной степи за счет орошения этих земель.

В виду того, что поверхностные водные источники в бурунной зоне Ногайской степи отсутствовали, а специфические почвенные и рельефные условия затрудняли здесь строительство оросительных каналов, изыскания ученых-мелиораторов были направлены на выявление возможностей орошения этой зоны подземными водами, которые были повсеместно выявлены на этой территории буровыми скважинами. Планировалось создание кормовых культур на участках оазисного орошения [6, с. 3-4].

Использование подземных вод для орошения при помощи каналов стал малоэффективным, в виду крупных потерь на фильтрацию до 60%, что ограничивало размеры орошаемых участков в 3-7 га. Для увеличения площадей орошения необходимо было аккумулировать поступающую воду из скважин в водоемах, подавая ее для орошения по трубам, а поливы планировалось проводить способом дождевания. Изыскательные работы продолжались до 1960-х гг., а лабораторные исследования в Ногайской степи в этом направлении были реализованы также лишь после выявления способа «оглеения» супесчаных грунтов во второй половине 1960-х гг. Расчеты показывали, что в условиях бурунной степи орошение подземными водами очень выгодны, окупаемость покрывала затраты практически вдвое. 1 га. орошаемой площади из реки Терека при поливе бороздами составлял около 900 рублей, а использование подземных вод и поливах дождеванием выходило также вдвое дешевле [6, с. 3-9]. Этот проект был довольно перспективным, но и как предыдущий не получил широкомасштабного применения.

Таким образом, советскими учёными была проделана большая работа по изучению и улучшению природной среды засушливой Ногайской степи в рассматриваемый исторический период. Учеными-мелиораторами разрабатывались проекты обводнения и орошения Ногайской степи как поверхностными, так и подземными водами. Тем не менее до практической реализации дошли не все из них. Фиксации основных подходов и методов аграрного освоения засушливых степных регионов, осуществляемых в первой половине XX века, дает возможность интерпретации некоторых сюжетов аграрной политики советского правительства в научно-исследовательской полемике современности.

Благодарность. Исследование выполнено за счёт гранта Российского научного фонда № 22-18-00313 «Трансформация кочевых обществ Юга России в контексте природно-климатических факторов (XIX – середина XX вв.)», https://rscf.ru/project/22-18-00313/.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1 Государственный архив новейшей истории Ставропольского края (ГАНИСК). Ф. 1. Оп. 1. Д. 402. Д. 482.

2 Государственный архив Российской Федерации (ГАРФ). Ф. Р-1235. Оп. 141. Д. 1735.

3 Джумагулова А.Т. Влияние обводнительно-оросительных мероприятий на административное и социально-экономическое положение ногайцев в 1930–1940-х гг. // Народы Кавказа в XVIII–XXI вв.: история, политика, культура: материалы X Международного форума историков-кавказоведов (г. Ростов-на-Дону, 12-13 октября 2023 г.). Ростов-на-Дону: Изд-во ЮНЦ РАН, 2023. С. 280-287.

4 Джумагулова А.Т. Советский проект в Ногайской степи в 1930–1940-е гг.: от коллективизации к мелиорации // Кавказология. – 2023.– № 3. – С. 133-152.

5 Дыса Ф.А. Использование подземных вод Ногайской степи для обводнения и орошения. Автореферат дисс. ... канд. техн. наук. Грозный, 164. 22 с.

6 Павловский А.Я. Разработка способов использования подземных вод для орошения бурунной зоны Ногайской степи с целью улучшения кормовой базы животноводства. Автореферат дисс. ... канд. с.-х. наук. Грозный, 1973. 24 с.

7 Российский государственный архив социально-политической истории (РГАСПИ). Ф. 17. Оп. 31. Д. 820.

8 Самотоев А.С. Интенсивное хозяйственное освоение поверхностных вод Ставропольского края, на примере строительства Кубань-Егорлыкской обводнительно-оросительной системы // Актуальные проблемы гуманитарных и естественных наук. 2011. №6. С. 236-238.

9 Собисевич А. В. «Если почвоведа почему-то нельзя включить в делегацию, просим физика или химика»: советские проекты преобразования природы и их презентация за рубежом // Вестник Пермского университета. История. – 2022. – № 4(59). – С. 92-101. – DOI 10.17072/2219-3111-2022-4-92-101.

10 Шумилин А. О. Организация кормовой базы для животноводства в Ногайской степи. – Грозный: Грозненское книжное издательство, 1953. – 80 с. С.9-10.

ӘОЖ 304
Додаева К.Ж., Асанбек М.
Қазақ спорт және туризм академиясы
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

АТҚА МІНУ МӘДЕНИЕТІ

Жылқы – қазақ халқының тұрмыс-тіршілігімен тығыз байланыс орнатқан дүниетанымында орнықты орын алған сенімді серігі. Елтаңбамызда қанатты тұлпар бейнеленуінің сыры да тереңде жатыр. Кең

байтақ қазақ даласын шарлаған тұлпарлар өзге кеңістіктерді де бағындырып тарих сахнасына көшпенділерді алып шыққан. Автокөлік қозғалтқыштарының қуаты әлі күнге дейін аттың күшімен өшенеді. Бұл дәстүр - жер жүзінде салт аттылар үстемдік құрған ұлы дәуірге деген құрметтің белгісі. Біз әлемнің барлық түкпіріне ежелгі қазақ жерінен тараған осынау ұлы технологиялық революцияның жемісін адамзат баласы XIX ғасырға дейін пайдаланып келгенін ұмытпауға тиіспіз.

Халықтың жылқы малына қатысты осындай ерекше ықыласы, кең байтақ жайылымдардың болуы, жылқының қыста тебініп өзі жайыла алатындығы, т.б. факторлар қазақ даласында бұл түліктің көп өсірілуіне себеп болған. 1880 жылы Австрия-Венгрияда 3,5 млн., Германияда 3,3 млн., Францияда 3 млн. жылқы болса, 1879 жылы Қазақстанның бір ғана Орынбор облысында 1,8 млн. жылқы болған. 20 ғ.-дың басындағы нәубеттерден кейін 1920 ж. Қазақстанда 8 млн-нан астам жылқы қалғандығы туралы ресми дерек бар. Шын мәнінде, ұлттық байлық саналған осыншама жылқы Кеңес үкіметінің солақай саясаты салдарынан 20 ғ-дың 30 жж. қырғынға ұшыраған. Қазақ халқының әскери жорыққа төзімді жылқы тұқымдарын көптеп өсіретіні туралы деректер Ресей және Еуропа зерттеушілері Н. Бахметьевтің, С. Вогактың, А. Гердердің, А. Вилькинстің, т.б. еңбектерінде жазылып қалған. 19 ғ.-дың 80-жж. Австрия подполковнигі А. Дандевильдің Орынбор даласына арнайы сапар шегіп, Австрия армиясы үшін 3000 қазақ жылқысын сатып алғаны туралы дерек сақталған. Қазіргі бейбіт заманда атты әскердің орнын ат спорты басты.

Ат спорты бүкіл әлемде танымал және тарихы терең. Жылқылар алғаш Олимпиадаға б.з.д 680 жылы қатысты. Бағдарламаға бірінші болып арба жарысы қосылды, содан кейін б.з.д 648 жылы ат жарысы болды. Алайда ат спортының тек 16-18 ғасырларда Еуропада алғашқы ат спорты мектептерінің пайда болғаннан кейін маңызы арта бастады. Хельсинкидағы жарыстан бастап ат спорты жынысына, жасына қарамай бірге сайысатын жалғыз спорт болып табылады. Ат спорты Олимпиялық ойындар бағдарламасына 1900 жылы үш бағыт бойынша қайта оралды, дүние жүзі және Еуропа чемпионаттары бағдарламасына 1953 жылы енгізілді. Құрамында 136 мемлекет бар Халықаралық ат спорты федерациясы (FEI) 1921 жылы құрылды. Қазақстан оған 1952 жылдан бері мүше болып келеді. 1956 жылы Алматыда алғашқы ат спорты мектебі ашылды. Қазақстандық шабандоздар алғаш Олимпиялық ойындарға 1960 жылы қатысты. Қазіргі кезде ат спортынан ұлттық құрама команда жарыстарға қатысып, Ат спорты Федерациясы жұмыс істеуде. Қазір де сол аттылы ғұмырдың көзіндей аламан бәйге, көкпар мен теңге ілу, аударыспақ сияқты ат өнері сақталып келеді. Көкпар – Орталық Азия халықтары арасында кең тараған ойын түрі. Ол қырғыз, өзбек тілінде «Улак тартыш», тәжік тілінде «бузкаши» деп аталады.

Ат спортының өзіне тән ерекшеліктері бар екені сөзсіз. Ат спортында басты рольді аттың сыны мен сипаты алады. Аттардың маңызды қасиеті оның үстінде отырған салт аттының еркіне бағыну, олар жаттықтырушы, шабандоз, атбегінің қолында тіл алғыш болады. Аттың зат алмасуы, демалу органдары, жүрек-қан тамырлары жүйесі, сүлдесі мен бұлшық еттері жақсы дамыған. Бұл жануарлар жақсы есту, сезімталдық, күшейген иіс сезумен ерекшеленеді, өз иесін тез бауыр басады. Ат жолы мен айналасын жақсы көреді, тұяғын қою керек орынды таңдай отырып сақтықпен басады.

Ат спортында ат қимылы деп ат денесін жиып алып ауыртпалық ортасын алға қарай аудару кезіндегі, ол алға қарай қимыл жасаған кездегі физикалық әрекетін айтады. Қимыл қарқыны деп аттың жер бетінен біртіндеп немесе жұппен аяқтарын көтерген, ал содан соң оларды бастапқы қалпына түсірген мезгілді атайды. Әр түрлі қимылдарды ат әр түрлі жылдамдықтармен жасайды. Аттың барлық төрт аяғының крест бейнелі қимылдары оларды жер үстіне түсетін таянышын күшейтеді, оған сенімді және түзу жүруге мүмкіндік береді.

Атты әр түрлі қимылдарға жүйелі түрде жаттықтыра отырып, оларды жетілдіруге және үйлесімділікке жетуге болады. Атты жаттықтырудың басты мақсаты да осы. Ат әр түрлі жылдамдықта жүреді. Үш негізгі аплюр бар: қадам, желіс және шоқырақ. Қадам жасау кезінде аттар аттың тұяқтары кезекпен жерге тиеді, төрт соққы естіледі. Желіс кезінде жерге кезектесіп тұяқтардың екі диагоналды жұптары тіреледі. Екі соққы естіледі. Жорғалау кезінде ат кезектесіп екі бүйіріндегі аяқтарын жұп қылып жерге соғады да көтереді, содан соң тірексіз ауада ұшады. Жорғалау кезінде ат аздап шайқалады, бірақ не дегенмен, салт атты оның үстінде өзін жайбырақат сезінеді. Шоқырақ кезінде аттың тұяқтары 3 соққы (3 темпті) білдіреді. Егер алдынғы оң тұяғы жерге соңынан тисе, онда ат шоқырақта оң аяғымен жүреді деп айту керек. Қимылдың ең жақсы жылдамдығына ат аяқтарын орта биіктікке көтерген, ал содан соң оларды алға қарай тастаған, жиі аршынды қадамдарды жасаған кезде жетеді. Шабу, кедергілерге шабу - атты арнайы жаттықтыру кезінде үйретететін күрделі қимылдар.

Аттың керек жабдықтарына, яғни ат әбзелдеріне келесі заттар жатады: жүген, ер-тоқым, тартпа, жабу, тоқым, көкірекше, қамшы, таға, өмілдірік, құйысқан, қанжыға т.б. [1]. Ауыздықсыз жүген (ноқта) атты жетектеп журу, оны байлау немесе біреуге көрсету кезінде қажет болады. Жүген тартпамен бірге аттың басына кигізіледі, ол шабандоздың атты басқаруға, қажетті жаққа бұруға, бағыттауға, тоқтатуға мүмкіндігі болу үшін қажет. Ер-тоқым салт атты аттың үстінде ыңғайлы отыру, оған аттың қимылы барысында еңкеюге, ер-тоқымға сүйеніп отыруға мүмкіндік болуы үшін қажет. Қазақ халқы ат әбзелдерін – тұрмыстық, сәндік, жауынгерлік мақсатқа орай әртүрлі пайдаланған. Тұрмыстық мақсатқа: күнделікті

шаруаға қажет ат әбзелдері жатады. Оны сәндемейді және ұсақ түлік тай-тайыншаның терісін пайдаланады. Сәндік мақсат үшін жасалған әбзелдер қатарына – ұзатылған қыздың ат әбзелі, ас-тойға немесе салтанатты жиынға баратын ел ағаларының, сал-сері, өнер адамдарының ат әбзелдері және әулеттік-отбасылық мұра үшін арнайы сәндеп жасатқан құралдар, жатады. Ал жауынгерлік әбзелдің ерекшелігі – өте берік болады, нағыз атан өгіздің терісінен жасалады. Оны сәндеп жатпайды, бірақ көшпенділер шайқас кезінде ат әбзелдеріне ритуалдық таңбаларын салатын дәстүр болған.

Атқа отыру үшін оның сол жағынан тұру керек, сол қолмен жүгенді ұстау, сол аяқты үзеңгіге салу, ал оң аяғын сол кезде ер-тоқым үстінен аттың оң бүйіріне салу қажет. Аяқтарды үзеңгілерде жақсы орнату, мойын жіпті қолға орау керек. Ер-тоқымға отыруды үйрену үшін кем дегенде 30 сағат жаттығу, аттың кез келген шабысын - желіс, жорғалау, шоқырықты басқаруды үйрену керек. Атты басқаруға үйрену үшін үш басты шартты сақтау қажет: ат үстінде түзу отыру, атпен үйлесімді байланыста болу, жүген, мойын жіп және қамшыны пайдалануды үйрену керек. Салт атты шабысқа үйренгісі келетіндер ең алдымен, ер-тоқымда тепе-теңдікті сақтап отыруға үйренуі керек. Шәкірттер үшін жеңіл жүретін байсалды мінездегі жуас аттарды таңдайды. Қазіргі кезде атқа мінуді үйренгісі келетіндер саны күннен күнге артуда, себебі атқа міну спорт қана емес емдік шипа жасау мақсатында да қолданылып келеді. Иппотерапия соматикалық, психикалық аурулармен ауыратын науқастарға әлеуметтік оңалту мақсатында, жарақаттан кейінгі жағдайларда тез қалпына келу үшін қолданылатын мойындалған шипалық құрал болып отыр. Иппотерапия «гиппос» грек тілінде жылқы деген мағынаны, «терапия» ем дегенді білдіреді. Осылайша, "иппотерапия" - бұл "атпен емдеу", науқастың психикалық және физикалық жағдайын жақсарту деген мағынаны білдіреді. Иппотерапия негізінен әртүрлі паралич, церебральды сал ауруы кезінде функционалдылықты жақсарту үшін қолданылады, ал жылқының әртүрлі позицияларында пациент оның ырғақты қозғалыстарына бейімделуі керек, бұл оның релаксациясына ықпал етеді. Бұлшықеттерді нығайтады және қан айналымын жақсартады, бұлшықет тонусын төмендетеді және омыртқаны икемді етеді. Бұл әдісті емдік атпен жүру мамандандыруынан өткен дәрігер немесе физиотерапевт қолдануы керек. Мұндай жағдайда жылқы физиотерапияның тірі құралына айналады. Ежелгі заманнан бері атқа міну адам денсаулығына пайдалы әсері белгілі. Тіпті ежелгі дәрігер Гиппократ жаралылар мен науқастар атқа мінсе тезірек және сәтті қалпына келеді деп мәлімдеді. Қазіргі Еуропада емдік атпен жүру соңғы 30-40 жылда дами бастады: алдымен Скандинавия елдерінде, содан кейін Германия, Франция, Голландия, Швейцария, Ұлыбритания, Польша және т. б. Осылайша, АҚШ-та 1000-нан астам, ал Ұлыбританияда иппотерапия бойынша 700-ге жуық топ жұмыс істейді,

онда әртүрлі патологиясы бар 26000-нан астам адам емделеді. Польшада 60-қа жуық осындай орталықтар жұмыс істейді. Жылқы адамның коммуникативті мүмкіндіктерін кеңейтеді. Жылқы ақыл-есі кем және әлеуметтік-психикалық аурулары бар адамдардың реакциясын әдеттегіден гөрі жақсарту үшін де қолданылады. Нұргул Молдабайқызы: «Қазақтың жазылмаған психологиясы» еңбегінде: «Ресейде ең алғашқы жазылған иппотерапияның құндылығы туралы ғылыми пікірге суйенсек

1) Сүйеніш-қозғалыс аппараты бұзылыстары бар адамдар үшін ең нәтижелі реабилитациялық әдіс ретінде иппотерапияны айтуға болады.

2) Иппотерапия балалардың церебральді сал, тағы басқа сүйеніш-қозғалыс аппараты бұзылыстарын емдеу мен әлеуметтік-педагогикалық зор ықпал ететін таптырмас әдіс.

3) Иппотерапия барысында мүмкіндігі шектеулі жандардың тін және психикалық тұрғыдан он езгерістер орын алып, олар өздерінің ауруларын жеңуін, өзінің болмыстық ашылуын қамтамасыз етеді, шешім қабылдау барысындағы даралығын қалыптастырады»- деген пікір білдіреді. [2. 25-26 б].

Қазақстанда ат туризмін дамытуға да мүмкіншілік мол. Ат туризмі – әлемде дамыған барлығына қол жеткізімді саяхаттың түрі. Бізде оның ең жоғары дәрежеде халықаралық деңгейде ұйымдастыруға, біздің елімізге шетелдік туристерді тартуға және ұлттық мәдениетімізбен, тамаша табиғатымызбен таныстыруға барлық мумкіндіктер бар. Ат туризмі - бұл адамға босансу мен демалуға, сонымен қатар сергектік алу мен жеке күшеюге көмектеседі. Ат үстінде басқа көліктермен жетуге болмайтын, қол жеткізуі қиын болатын табиғат түкпірлеріне - тау шатқалдарына, ормандарға, өзендер мен көлдердің жағалауларына жетуге болады, құмды бархандардан жүруге, демалуға және табиғаттың әсемдігін тамашалауға болады. Ат туризмін ұйымдастыру үшін және байсалды мінезді, күшті, кемшіліктері жоқ аттарды таңдау қажет. 4 жастан бастап, 14 жастан кәрі емес аттар жарайды. Ат туризмін ұйымдастырумен мемлекеттік ұйымдарымен қатар арнайы рұқсаты, өз шаруашылығында аттары бар жеке шаруашылықтар, кәсіпкер жылқышылар да айналыса алады. Алматының өзінде кәсіби құрылған 11 ат спорты клубтары тіркелген. Тәуелсіздік алғаннан кейін елімізде атакәсібіміз – жылқы шаруашылығын дамыту қайтадан қолға алынып отыр. Қазіргі таңда жылқыны ондап, жүздеп, мыңдап өсіретін шаруалар, кәсіпкерлер қатары өсіп келеді. Ұлттық ат ойындары: ат бәйгесі, көкпар, теңге ілу, қыз қуу, аударыспақ, жамбы ату, асауды үйрету, т.б. қолға алынып, қайта жаңғыруда.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 https://argymaq.kz/archives/2248

2 Ержан Жаубай, Нұргул Молдабайқызы: «Қазақтың жазылмаған психологиясы»

ӘОЖ 140.8
Додаева К.Ж.
Қазақ спорт және туризм академиясы
Алматы қ., Қазақстан Республикасы
Шалдарбекова А.Б.
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті
Шымкент қ, Қазақстан Республикасы

ЖЫЛҚЫНЫҢ ҚАЗАҚ ДҮНИЕТАНЫМЫНДА АЛАТЫН ОРНЫ

Қазақ халқының дүниетанымында, ділі мен тілінде жылқыға қатысты ерекше философиялық терең ой, өзгеше мәдени жүйе қалыптасқан, себебі жылқы кеңістікті игеретін көлік, әлемді дір сілкіндірген салт атты әскердің негізі, серілік құрған сал-серілердің сән-салтанатының бір бөлігі, одан бөлек жылқы сүті емдік шипалы сусын, жылқы еті сіңімді әрі дәмді, медицина тілінде диеталық тағам. Бір сөзбен айтқанда жылқы мінсең көлік, ішсең сусын, жесең тамақ, көңіл көтерсең сән-салатанатыңды асыратын, жолда қалдырмайтын серігің. Жылқыны қолға үйрету арқылы біздің бабаларымыз өз дәуірінде адам айтқысыз үстемдікке ие болды. Ал жаһандық ауқымда алсақ, жылқыны үйрету кеңістікті игеруге жол ашып, шаруашылық пен әскери саладағы төңкеріс жасады. Жылқының қолға үйретілуі атқа міну мәдениетінің де негізін қалады, бабаларымыз ат құлағында ойнауды өнер дәрежесіне дейін көтерді. Атқа міну мәдениеті қазақ жерінен бастау алғанын ғылым энеолит дәуіріне тиесілі Ботай қонысынан табылған азу тістерінде ауыздықтың ізі қалған 15 тонна жылқы сүйектерін зерттеу негізінде дәлелдеді. «Ата-бабаларымыз жылқыға қатысты ашылған барлық жаңалықтың бастауында тұр. Демек, атқа міну мәдиениеті Ұлы даладан тараған деп айтуға толық негіз бар»- дейді Ш.Уалиханов атындағы тарих және этнология институтының кіші ғылыми қызметкері А.Айжан [1, 2 б.]. Солтүстік Қазақстандағы Ботай мәдениетінен басқа орта қола дәуіріне қатысты Арқайым ескерткіштері, Қазақстанның барлық аймақтарынан кездесетін арий, сақ, ғұн кезеңдерінің ескерткіштері ежелгі қазақ жерінде жылқының қолға үйретіліп қана қоймай, бұл малдың ерекше қастерленіп, әдет-ғұрыптық рәсімдердің ажырамас бір бөлігіне айналғанын көрсетеді. Қазақстан аумағында шатқал суреттері, мысалы неолиттік дәуірдегі ескерткіштер Теректі Әулие жартасындағы, Тамғалы тастағы петроглифтерінде салт атты адам бейнесінің көптеп кездесуінің өзі Қазақстан аумағындағы ерте дәуір адамдарының өміріндегі жылқы малының маңызды орын алғандығының дәлелі бола алады. Тарихшы, археолог И.Е. Никонов «Жылқы

көшпенділерде киелі жануар болып саналған. Сондықтан сақтар жылқының суретін қолөнер бұйымдарына бейнелеген» деп атап көрсетеді. Осы ойдың дәлелі ретінде қазір Санкт, Петербургта Эрмитажда сақтаулы тұрған Чертомылық обасынан табылған алтын жалатқан күміс құмырада жайылып жүрген жылқылар, асау аттың мойнына құрық салып, арқан тартқан үш сақтың кескіні ойылып түсірілген. (1-суретті қараңыз)

1-сурет - Чертомылық обасынан табылған алтын жалатқан күміс құмыра

Жылқы малының қазақ тұрмыс-тіршілігінде, дүниетанымында алатын орнын зерттеген жұмыстарға сүйене отырып, көшпелілер әлемінде жылқыға қатысты қалыптасқан түсініктерге талдау жасайық.

Ең бірінші мәселе анау ықылым заманнан бастап байлықтың жылқы малының басымен есептелгендігін, яғни валюта орнына қолданғандығын айта кету керек. Қытай жылнамасында көшпенділер «адам өлтіруші жазаны аттың санымен өтейді» — деген мәлімет сақталған, сақтарда, кейін қыпшақтарда, олардың тікелей мұрагері болып табылатын дәстүрлі қазақ қоғамында байлық мөлшері тек жылқымен ғана өлшенген. Көшпенділерде сондай-ақ үйлену кезінде қалың малды жылқы басымен төлеген. Ғалым, фармацевт және ботаник, Ресей Императорлық Ғылым Академиясының мүшесі Иоганн Сиверс 1793 жылдың жазында досы ғалым және әйгілі саяхатшы Питер Саймон Палласқа жазған хатында: «күйеу жігіттің әкесі болашақ қалыңдық үшін 70 бас жылқы, көбіне бие, 4 түйе, 9 кез матаны және басқа да ұсақ-түйек заттар беруі шартымен келісті»- деп жазады [2]. Ондай салт түркі тобына кіретін елдерде Қазан төңкерісіне дейін сақталған. Британиялық ғалымдар ботайлықтар тұтынған керамикалық ыдыстардан қымыздың жұғынын анықтаған. Бұдан ботайлықтар жылқыны мініс көлігі ретінде пайдаланып қана қоймай, бие сауып, қымыз ашытып, шипалы сусын өндіруді де меңгергенін көре аламыз. Жоғарыда көрсетілген хатында Иоганн Сиверс: «Көшпенділер жылқы сүтінен қымыз ашытып, шипа ретінде қолданады. Өзінің алтай өңірінде қымыз ішіп көптеген аурулардан жазылғанын айта келе, тері ауру, жұқпалы, туберкулез

аурулары оларда мүлдем кездеспейді» — деп жазып кеткен. Қазақ қымызды баптап күтіп қымызды түріне қарай бал қымыз, уыз қымыз, құнан қымыз, бесті қымыз, жуас қымыз, қысырақ қымыз деп бөлген. Ә.Марғұлан М.Х.Дулатиды зерттеген еңбегінде: «Сейіт хан Қасым ханның ордасына келгенде Қасым ханның оған айтқан сөзін Мұхаммед-Хайдар былай деп жазады: - Біз сахаралық адамбыз. Бұл жерде асыл бұйым, қымбат дүние болмайды. Біздің асыл дүниеміз - бір ғана жылқымыз, ләззәт алатын асымыз - ет, сүйетін шәрбәтіміз - қымыз. Біздің жерімізде салынған қала, бау-бақша жоқ. Біздің көңіл көтеретін жеріміз - мал бағатын қонысымыз (жайлауымыз), қызық көретініміз - өрістегі жылқымыз, не болмаса бір-бірімізбен бас қосып, соны мереке ету»- деген үзінді келтіреді. [3, 246 б.]. Ғылым негізі сүттің екі топқа бөлінетінін, бірі – казеиндік, екіншісі – альбуминді сүттер екенін, қойдың, ешкінің, сиырдың, түйенің сүттері казеиндік сүттер тобына кіретінін, альбуминді топқа ана сүті мен биенің сүті жататынын айтады. Сол секілді бие сүтінде лактоферрин атты ақуыз түзілетінін, одан қазір Ресей ғалымдары қатерлі ісікке қарсы дәрі жасап жатқанын, сол ақуыздың 1 грамының құны 4 мың АҚШ долларына тең екенін тілге тиек етеді. Ресейде қымыз өндіретін 80-нен астам фирма, 48 санаторий бар екен. Саха елі осыдан жеті жыл бұрын «Саха Республикасындағы қымыз өнеркәсібі туралы» арнайы заң қабылдап, қымызды әлеуметтік маңызы бар өнімдердің қатарына қосқан. Неміс халқының «Эквимед» атты компаниясы қазақстандық профессор Кеңесхан Дүйсенбаевтың технологиясы бойынша бие сүтінен ең кішкентай нәрестелер үшін ана сүтінің орнына қолданылатын ғажайып қуаты бар тағамдар әзірлейді екен. Айтпақ ойым Ботай мәдениетінен бастау алған қымыз қазір әлемдік брендке айналған.

Қазіргі киім үлгілері де атқа міну мәдениетімен тығыз байланысты. Ат үстінде жүргенде ыңғайлы болуы үшін бабаларымыз алғаш рет киімді үстіңгі және астыңғы деп екіге бөлді. Осылайша кәдімгі шалбардың алғашқы нұсқасы пайда болды. Қазба жұмыстары кезінде табылған көне шалбарлардың қазіргі шалбардан еш айырмасы жоқ. Сонымен қатар, бүгінгі етіктердің барлық түрі өз бастауын көшпенділер атқа мінгенде киген жұмсақ өкшелі саптама етіктен алатыны белгілі. Ботай қазба жұмыстарынан сол замандағы ат әбзелдері, құрық, теріден тігілген шалбар, тізеден асатын тері етік, тымақ та табылған.

«Жігіттің сорлысын аттың жолдысы теңейді”, “ат – ердің қанаты” т.б. жүздеген мақал-мәтелдерге сүйенсек, қазақ халқының адам мен оның жан серігі мініс атына біртұтас әлем ретінде қарағанына көз жеткізуге болады. Қазақ халқы жылқыны, ең алдымен, ел қорғаны ердің жан серігі деп дәріптеген. Ұлттық мифологиядағы «Ер Төстік», «Алтын сақа» т.б. ертегілерде иесі қысылғанда тіл бітіп, ақыл айтатын тұлпарлар, батырлық жырлардағы Қобыландының Тайбуырылы, Алпамыстың Байшұбары, Қамбардың Қарақасқа аты, бергі заман батырлары Исатайдың Ақтабаны,

Амангелдінің Шалқасқасы иелерімен бірге жыр-аңызға айналып, ел құрметіне бөленген. Руна жазуларында Күлтегін мінген Боз ат, Торы ат, Алып Шалшы, Азман арғымақтар туралы Иолығтегін сүйсіне жырлайды. Бес қаруын асынған салт атты сарбаз тарих сахнасына шыққан айбарлы көшпенділер империяларының символына, көшпенділер әлемі «мәдени кодының» айрықша элементіне айналды. Сақтарды Иран жазбаларында атқа мығым отырғанына және аттарының жүйріктігіне тамсанып «жүйрік аттылар» деп атаған. Сақтардың қанқұйлы жорықтарынан соң Еуропада, Кіші Азияда, Жерорта теңізінің бойында, Мысырда атпен бірге жаратылған кентаврлар туралы аңыз тараған. Ежелгі грек мифологиясындағы жауынгер әйелдер – амазонкалар туралы аңыздар да осы сақ әйелдерінің бейнесінен алынған деген пікір бар. Көне рим тарихшысы Аммиан Марцеллин ғұндар туралы: «Ертелі-кеш ат үстінен түспейді, маңызды істер туралы кеңесетін болса, кеңесті ат үстінде отырып өткізеді, ат үстінде ұйықтап, ат үстінде түс көреді» деп жазған. Түркілердің атты әскері екі түрден тұрды: ғұн заманынан бергі дәстүрге айналған қашықтан ұрыс жүргізу үшін садақты жеңіл атты әскер және жау әскеріне ауыр соққы беру үшін сауыт киген қылыш, айбалталы ауыр атты әскер пайдаланылды. Қазақ халқының әскери жорыққа төзімді жылқы тұқымдарын көптеп өсіретіні туралы деректер Ресей және Еуропа зерттеушілері Н. Бахметьевтің, С. Вогактың, А. Гердердің, А. Вилькинстің, т.б. еңбектерінде жазылып қалған. 19 ғ.-дың 80-жж. Австрия подполковнигі А. Дандевильдің Орынбор даласына арнайы сапар шегіп, Австрия армиясы үшін 3000 қазақ жылқысын сатып алғаны туралы дерек сақталған. Қазіргі бейбіт заманда атты әскердің орнын ат спорты басты. Жылқымен байланысты ұлттық спорттық ойын-сауықтар атап айтсақ, Аламан бәйге, Бәйге, Құнан бәйге, Жорға жарыс, Көкпар, Аударыспақ, Ат омырауластыру, Ат үстінен тартыс, Жамбы ату, Қыз қуу, Салма ілу, Күміс тенге ілу т.б ойындар қазіргі кезде қайта қолға алынып даму үстінде.

Қазақ халқы жылқыны азаматтың мерейін асыратын, сал-серілік пен сәнділіктің шырайын келтіретін текті жануар деп есептеген. Сал-серілердің сән-салтанатының қырының бірі де бірегейі астындағы тұлпары болған, себебі сал-серілер ақын, әнші, күйші, саятшы, ұста, зергер ғана емес, аттың жүйрігін таңдап мінген атбегі де болған. І.Жансүгіров Ақан серіге арналған поэмасын «Құлагер» деп тұлпарының атымен атауының өзі серілер мен тұлпарының тағдырлары тұтасып жатқанын байқататындай.

Қортындылай келе, сөздік қорымызды аттың түріне, жасына, жынысына, жүрісіне, шабысына, ат әбзелдеріне қатысты сөздерден бөлек, тұспалдап айтылған мақалдар да байытып отыр, мысалы: «Жаман атқа жал бітсе, жанына торсық байлатпас», «Қу бас айғыр құлынын қуады», «Аттан жығылмай жер танымас», «Тұяғы бүтін тұлпар жоқ», «Ат ізін тай басар», «Ат болатын құлынның мүшесінен, жігіт болатын баланың кісесінен белгілі», «Енесі тепкен құлынның еті ауырмас», «Бір биеден ала да, құла

да туады», «Жақсы ат қартайса да жүрісінен танбас», «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар», «Қасқа айғырдан төбел құлын туады» т.б. Қазақ дүниетанымында жылқы малы көлік, сусын, тамақ, киелі жануар ғана емес, жеті қазынаның біріне, адамның сенімді серігіне айналып, салт-санамыздың бір бөлігінде орнықты орын алып, адам өмірінің кезеңдерімен салт-дәстүрлеріміз астасып жатыр. Жас баланың алғаш атқа отырғанын атап өту рәсімі – тоқым қағар, ат таңдау, ашамай міну тойынан бастап, адамның бұл өмірден өткенінің белгісі ат тұлдауға дейінгі бүкіл пәнилік тіршілікті жылқымен байланыстырған қазақтар біреумен жауласса “ат құйрығын кесіскен”, біреудің алдында кінәлі болып қалса “ат-шапан айыбын төлеген”. Сыйлы қонаққа ат мінгізу, күйеу жігіттің қалыңдық алуына алғаш барғанда ат байлауы, ұрыс кезінде жау қоршауында қалған қолбасшыға ат сүйек беріп құтқару, т.б. дәстүрлер, атқамінер, атқосшы, атшабар, т.б. лауазымдар жылқының қазақ халқының шаруашылығында ғана емес, әлеуметтік өмірінде де үлкен мәнге ие болғанын білдіреді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Акпар Айжан «Қазақтардың атқа міну мәдениеті» Егемен Қазақстан. 23-қазан, 2019ж

2 https://silkadv.com/ru/node/4481

3 Әлкей Марғұлан. Мұхаммед-Хайдар Дулати. Орта Азия мен Қазақстанның ұлы ғалымдары (IX-XIx ғасырлары). Құраст: Исқақов Б. - Алматы, 1964. 302б.

ӘОЖ 7.092

Есіркепов Ж.М., Құрманбаев Б.І.
Халықаралық туризм және меймандостық университеті
Түркістан қ., Қазақстан Республикасы
Мұстафаев С.Ш.
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті
Қызылорда қ., Қазақстан Республикасы

ТӘУЕЛСІЗДІК АЛҒАННАН КЕЙІНГІ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ МЕН СПОРТТЫҢ ДАМУЫ ЖӘНЕ ЖЕТІСТІКТЕРІ

Еліміз қандай салада жетістікке жетсе де бұл Тәуелсіздіктің жемісі деп сенімді айта аламыз. Ел дамуының айрықша белгілерінің бірі спорт саласындағы жетістік деп пайымдауға толық негіз бар.

Тәуелсіздік жылдары Қазақстандық спортшылар 16 Олимпиада ойындарына қатысты (жазғы Олимпиада ойындары - 8, қысқы Олимпиада ойындары - 8) [1].

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаев әрдайым салауатты өмір салтын насихаттау, халықтың денсаулығын жақсарту, спортпен шұғылдану туралы Қазақстан халқына арнаған жолдауларында айтып келеді [2]. Тәуелсіздіктің 32 жылында еліміздегі дене тәрбиесі мен спорт саласы дамып келеді. Мемлекет басшысының ерекше назарының арқасында спорт түрлерінен бірнеше Олимпиада, әлем және Азия чемпиондары шықты. Сонымен қатар, елімізде спорттың әр түрінен әлемдік деңгейдегі көптеген жарыстар ұйымдастырып, өткізуде.

Тоқсаныншы жылдар басындағы елдегі экономикалық дағдарысқа қарамастан, Қазақстан Республикасының экс Президенті Н.Назарбаев спорт саласының қарыштап дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасады. Соның нәтижесінде халықаралық ареналарда үлкен жетістіктерге жеткен жерлестеріміз әлемдік қауымдастық алдында өздерінің беделі мен абыройын арттырды.

Біздің спортшыларымыз Олимпиада ойындары, әлем және құрлық чемпионаттары, Әлем кубогы, Азия ойындары сияқты ірі жарыстарға қатысып, жекелеген спорт түрлерінен үздіктер қатарынан көрініп келеді. Бұқаралық спортты қарқынды дамытуға ерекше көңіл бөлінді. Ең бастысы, республика аумағында көптеген спорт нысандары салынды, олардың барлығы осы күндері ел игілігі үшін жұмыс істеуде.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары Қазақ ғалымдарының қазақ тілінде ғылыми диссертациялар жазуы және зерттеу нәтижелерін практикаға енгізу жөніндегі жұмыс жанданды. Сонымен қатар, қазақ мектептерінде, жоғары және орта арнаулы оқу орындарында өтетін дене шынықтыру пәні бойынша оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар, әдістемелік нұсқаулар ана тілінде жазылып, мыңдаған данамен басылып шығарылды. Сондай-ақ елімізде тұңғыш рет белгілі қазақ ғалымдары п.ғ.д., профессор А.Қ.Құлназаров пен профессор Ө.Жолымбетов авторлық бірлестікте «Қазақстан Республикасының спорт энциклопедиясы», «Қазақстан спортшылар елі» анықтамалығын, «Қазақша-орысша түсіндірме сөздік» шығарды және өндіріске енгізілді [3, 4]. Қазақ спорт журналистеріні әлемдік деңгейдегі қазақ спортшыларының жетістіктерін насихаттайтын 100-ден астам кітаптар шығарылды.

2001 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігі жанынан ТМД-да алғашқы «Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы» құрылды. Бұл Орталық ҚР спортының дамуына үлкен үлес қосуда. Осы орталық арқылы мектеп, колледж оқушылары арасында қысқы және жазғы спартакиадалар, жастар арасында спортты насихаттау бойынша жоғары оқу орындарының студенттері арасында қысқы және жазғы Универсиадалар өткізу жолға қойылды. Сонымен қатар, биылдан бастап ғалымдар мен оқытушыларға арналған «Дене тәрбиесі жаршысы» ғылыми-практикалық журналы жарық көреді, онда біздің ғалымдар спорт ғылымындағы соңғы ғылыми нәтижелерді жариялайды. Осы жемісті жұмыстардың барлығы ел тәуелсіздігінің арқасында қол жеткізілген жетістіктер деп айтуымызға толық негіз бар.

Мемлекет басшысы отандық спортты дамытудың және бұқаралық сипатының бірден-бір оңтайлы жолы - республика аумағында бүкіл әлем жұртшылығы назар аударатын ірі кешенді жарыстар ұйымдастыру екенін сол кездің өзінде-ақ жақсы түсінген болатын. Мемлекеттің тұрақты қолдауы мен спортшылардың ынтасы жоғары нәтижелердің кепіліне айналды. Шынында да, Мемлекет басшысы айтқандай Қазақстан «Спорт саласында жетістікке жетіп қана қоймай, спорттық инфрақұрылымды дамытуда нық сеніммен алға қадам жасады».

Тәуелсіздік алғаннан бері Алматыда, Астанада және республиканың басқа да өңірлерінде бірқатар заманауи спорттық кешендер мен ғимараттар салынды. Олардың барлығы біздің тәуелсіздігіміздің жемісі мен Мемлекет басшысының сындарлы саясатының арқасында жасалды деп нық сеніммен айтуға болады.

Спортшыларымыздың жеңісі - Қазақстан халқының мерекесі. Қазақстан өзін тәуелсіздік жылдарында бүкіл әлемге спорт саласындағы көптеген этностардың өкілі ретінде таныта білді. Олимпиада құрамасы халықтың нағыз спорттық Ассамблеясына айналды. Спорттық жетістіктер, бұқаралық жарыстар елді жақындастырады. Бірлік пен өзара түсіністікке қызмет етеді. Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан Республикасы әлемдік спортта лайықты орын алды. Егер әрбір қазақстандық, біздің олимпиадашыларымыз сияқты, тек қана алға басса, онда Қазақстан, сөзсіз, алдыңғы қатарлы елге айналады.

Нәтижесінде 2011 жылы Астана мен Алматы қаласында VII-ші қысқы Азия ойындары өтті [5] және 2017 жылы Алатау баурайында XXIII-ші қысқы Дүниежүзілік Универсиада алауы жағылды [6]. Дәл осы тарихи оқиғаларға байланысты Қазақстанның ең ірі екі қаласында ең заманауи технологиялық жабдықтармен жабдықталған спорт ғимараттары салынды. Олардың қатарындағы «Астана Арена» стадионы, «Алау» мұз айдыны, «Сарыарқа» республикалық велотрегі, «Алматы Арена» мұз сарайы, «Халық Арена», «Сұңқар» шаңғы трамплині, «Алатау» шаңғы-биатлон стадионын ерекше атап өтуімізге болады. Бұл спорт кешендері мен спорт ғимараттары халықтың жүйелі түрде спортпен шұғылдануына қызмет жасауда.

Жылдан-жылға спортпен тұрақты түрде шұғылданатындардың да қатары көбеюде. Мұның барлығы халықтың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, қазақстанды қуатты елге айналдыруға жол ашатыны белгілі. Күнделікті хабарлар мен жаңалықтардан көріп отырғанымыздай біздің қаншама спортшыларымыз дүниежүзілік додаларда жарысқа түсіп, жеңіске жетіп, көк туымызды биікке көтеріп, еліміздің мәртебесін асқақтатып жүр. Осының барлығы жастардың спортпен шұғылданғанының арқасында. Бұл жұртшылықты салауатты өмір салтын ұстануға шақыратын ең сәтті бастама болып саналады. Сондықтан еліміздегі бұқаралық спортты, олимпиадалық қозғалысты дамыту бағытындағы атқарылып жатқан барлық іс-шаралар көпшілік тарапынан қолдау тауып, жігерлі жастарды тәрбиелеуге септігін тигізеді деп кәміл сенеміз. Дені сау, өзі креативті әрі белсенді адамдар ғана елімізді дамытады, алға жетелейді.

Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев 2020 жылы 1 қыркүйекте Қазақстан халқына Жолдауында «Өскелең ұрпақтың спорттық және шығармашылық әлеуетіне аса назар аударып, бұқаралық спортқа, дене тәрбиесіне және балаларға басымдық беру керек. Әр облыста, ірі аудан орталықтарында спорт үйірмелерін ашу қажет», - деп бұқаралық спортты дамыту туралы айта келіп, Үкіметке және әкімдерге кем дегенде 100 дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салуды тапсырғанды. Сондай-ақ қолданыстағы, әсіресе мектептердегі спорт ғимараттарын тиімді пайдаланып, дене шынықтырумен айналысу үшін аулаларды, саябақтарды жабдықтауды міндеттеді [7]. Бүгінде Қазақстанда спортпен шұғылданатын жандар қатары көбейіп жатса, мемлекет тарапынан жасалған осындай қамқорлықтың арқасында мүмкін болып отыр деп айтуға болады. Қазір бүкіл еліміз бойынша салауатты өмір салтын ұстанатындар мен спортты серік еткендерге арналған жаттығу орындары, спорт нысандары жыл сайын көбейіп келеді.

Біздің елдегі кәсіпқой бокс та қарқынды дамып келеді. Атланта Олимпиадасының чемпионы Василий Жиров кәсіпқой боксқа ауысқаннан кейін өзін жақсы жағынан көрсетті. Ол IBF әлем чемпионы болды. Сонымен қатар, Бейбіт Шүменов WBA тұжырымдамасы бойынша әлем чемпионы болды. Кәсіби бокстағы ең табысты боксшы - Геннадий Головкин екені сөзсіз. Афина Олимпиада ойындарының күміс жүлдегері, WBC, WBA (Super) кәсіпқой боксқа өткеннен кейін, WBC, WBA (Super), IBF кәсіпқой боксқа өткеннен кейін алты жыл бойы өз атағын қорғады. Сондай-ақ, М.Жақиянов, Д.Елеусінов, Ж.Әлімханұлы сынды қазақ боксшылары кәсіби рингте үлкен жетістіктерге жетіп, Әлем чемпионы атанды.

Біздің бокс индустриясының тағы бір жетістігі - әйгілі «Astana Arlans» бокс клубы. Ол Бүкіләлемдік бокс сериясының (WSB) сегіз маусымына қатысып, барлығында үздік нәтиже көрсетті. Айта кету керек, «Астана Арландары» бұл турнирде үш алтын, екі күміс және үш қола медаль жеңіп алып, қазақ боксының дамуына айрықша үлес қосты.

Біз сондай-ақ әлемдегі спорт патасы саналатын футболда жетістікке жеттік. Ұлттық құраманың намысын қорғау үшін жұмыс жасай отырып, біздің футбол клубтарының әлемдік аренадағы жетістіктерін атап өтуге болады. 2013 жылы қарағандылық «Шахтер» футбол клубы Еуропа лигасының топтық кезеңіне жолдама алды. Екі жылдан кейін тіпті елорданың «Астанасын» тамашалау үлкен белестерді бағындырды. 2015 жылы Чемпиондар Лигасының топтық кезеңіндегі ең ірі еуропалық турнирдің алғашқы матчын өткізді. Одан кейін «Астана» Еуропа чемпиондар линасында ойнады. Бұл Қазақстан тарихында үлкен жетістік болып саналады.

Қазақ жанкүйерлеріне ұнайтын тағы бір спорт түрі - футзал. 2016 жылы Сербияда өткен құрлық біріншілігіне Қазақстан құрамасы алғаш рет

қатысты. Ұлттық құрама төрт жыл бойы әлем чемпионатында жақсы өнер көрсетті.

Футзалдан ұлттық құрамадан басқа «Қайрат» футзал командасы бар. Ол футзал бойынша УЕФА кубогын екі рет жеңіп алды.

Сонымен қатар, «Барыс» шайбалы хоккей клубы және «Астана» кәсіби велосипед командасы 2008 жылдан бері әлемдегі ең үздік командалардың бірі болып табылады. Тур де Франс, Вуэльта, Джиро Италия көпкүндік турнирлерінде жақсы нәтижелерге қол жеткізді.

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстанда жазғы олимпиадалық спорт түрлері бойынша бокс (ерлер және әйелдер), ауыр атлетика, дзюдо, еркін күрес (ерлер және әйелдер), тректегі велоспорт және су спортынан Әлем чемпионаттары өткізілді.

Бокстан ерлер арасындағы әлем чемпионаты 2013 жылы Алматыда өтті. Халықаралық әуесқой бокс қауымдастығы (AIBA) Қазақстанның әлемдік біріншілікті Алматыда өткізуге берген өтінімін бірауыздан қолдады.

2014 жылы Қазақстан ерлер мен әйелдер арасында ауыр атлетикадан әлем чемпионатын қабылдады.

Бұл ерлер арасындағы 81-ші және әйелдер арасындағы 24-ші әлем чемпионаты болды. Тарихта 14-ші рет ол бірлесіп өткізілді. Медаль үшін 76 елден 683 спортшы күресті. Қазақстан құрамасы бұл чемпионатта алты медальмен (үш алтын, екі күміс және бір қола) жалпыкомандалық екінші орынға ие болды.

2015 жылы Қазақстанда үш әлем чемпионаты өтті. Оның екеуі - дзюдо және тректегі велоспорт бойынша Астанада өтті. 19-23 тамыз аралығында Елорда жасөспірімдер арасында велосипед спортынан Әлем чемпионатын қабылдады.

2019 жылдың 14-22 қыркүйегі аралығында Астанадағы «Дәулет» спорт сарайында *күрестен әлем чемпионаты* өтті.

Қазақстанда ұлттық спорт түрлері спорт пен дене шынықтырудың ажырамас бөлігі ретінде қаралады. Ұлттық спорт - жастарды ұлттық патриотизмге тәрбиелеу және ұлттық тарих пен дәстүрлерді құрметтеу арқылы спортқа баулудың және халықтың денсаулығын нығайтудың ең тиімді жолы болып табылады.

Елімізде тәуелсіздік кезеңінде 20-дан астам ұлттық спорт түрлері дамып келеді. Барлық облыс орталықтарында, сондай-ақ Астана мен Алматыда стандартты ипподромдар салынды.

Қазақстанда 7 мамандандырылған клуб және 9 мамандандырылған спорт клубы жұмыс жасайды.

2016 жылы Материалдық емес мәдени мұраларды қорғау комитетінің шешімімен «Қазақ күресі» және «Саятшылық» ұлттық спорт түрлері ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұралардың тізіміне енгізілді.

Елімізде спорт пен дене шынықтыруды дамытудың әлемдік тәжірибесі жүйелі түрде қолданылып келеді, бұқаралық дене шынықтыру мен спорттық қозғалыстың тиімді дамуы спортшыларды Олимпиада ойындары мен халықаралық жарыстарда жоғары нәтижелерге қол жеткізеді. Бұл бағытта ҚР ТСМ тарапынан кешенді бағдарламалар даяранып, жүйелі жұмыстар жүргізіліп келеді.

Жоғары жетістіктерге ие отандық спорт түрлері де нақты міндеттер мен даму бағыттарын жүзеге асыруға бағытталған. Тәуелсіздік кезеңінде елімізде алғашқы сатыдан жоғары спорт шеберлігіне дейінгі кәсіби спортшыларды даярлау жүйесі қалыптасты.

Қазіргі таңда Қазақстанда 109 республикалық спорт федерациясы жұмыс жасайды, оның ішінде: 40 олимпиадалық, 7 ұлттық спорт, 3 мүгедек спорт және 59 олимпиадалық емес спорт түрлері бар.

Біліктілігін арттыру мақсатында 2013 жылдан бастап жетекші спортшылар мен жаттықтырушылар Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» халықаралық стипендиясы аясында шетелде білім алу мүмкіндігіне ие болды.

Отандық спортшылардың жетістіктерін халықаралық деңгейде мойындау да аса маңызды нәтиже. Олимпиаданың үздік боксшысына берілетін «Вел Баркер» кубогын үш қазақстандық боксшы жеңіп алды. Василий Жиров (1996 ж.), Бақтияр Артаев (2004 ж.) және Серік Сәпиев (2012 ж.). Бұл арнайы жүлдені АҚШ-тың бес боксшысы және Қазақстанның үш боксшысы жеңіп алды. Куба, Италия және Ресей боксшылары «Вел Баркер» кубогын екі рет қана жеңіп алды. Бұл жетістік Қазақстан әлемдік бокс державасының қатарында екендігінің айқын дәлелі.

2011 жылдан бастап қазақ күресінің жаңа дәуірі басталды. Қазақ күресі бойынша «Қазақстан Барысы» жаңа жобасын жүзеге асырып, жыл сайын Астан күні қарсаңында өткізіліп келеді. Сондай-ақ, әлем балуандарының қатысуымен Қазақ күресі бойынша «Еуразия Барысы» және «Әлем Барысы» атты ауқымды жобалар іске асырылуда.

2025 жылға дейінгі Қазақстан Республикасының дене шынықтыру мен спортты дамыту тұжырымдамасы өмір сапасын жақсартуға бағытталған мемлекеттік бағдарлама болып табылады. Осы тұжырымдама аясында мемлекеттік саясаттың стратегиялық мақсаттары мен міндеттерін, сондай-ақ саланы дамытудың өзекті міндеттерін ескере отырып, оларды жүзеге асыру жұмыстары жүргізіледі.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Қаппас Қ. «ҚР Тәуелсіздік алғаннан кейінгі спорттағы жетістіктер», Abai.kz. 2022.

2 Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаевтың халыққа жолдауы. Егемен Қазақстан. 2022.

3 Құлназаров А.Қ., Жолымбетов Ө. Қазақстан Республикасы спортының энциклопедиясы / Энциклопедия анықтамалығы. - Алматы, «Арыс», 2004. - 672 б.

4 Құлназаров А.Қ., Жолымбетов Ө. Қазақстан - спортшылар елі. – Алматы, 2005. – 560 б.

5 Алматы 2011 жылғы Қысқы Азия ойындарының толық иесі. 2011.

6 Қаппас Қ. «ҚР Тәуелсіздік алғаннан кейінгі спорттағы жетістіктер», Abai.kz. 2020.

7 Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев 2020 жылы 1 қыркүйекте Қазақстан халқына Жолдауы. 2020.

ӘОЖ 930.2:51.002

Жәкежан С. А.
М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті
Петропавл қ., Қазақстан Республикасы

ТАРИХИ ДЕРЕККӨЗДЕРДЕ ТАЛДАУ ӘДІСТЕРІН ҚОЛДАНУ

Тарих-адам өмірінде болып жатқан оқиғалар мен құбылыстарды зерттейтін, өткен өмірге әсер ететін ғылым. Ұлы орыс ғалымы Михаил Ломоносов славяндардың тарихы туралы ғылыми еңбегінде: «Өткенін білмейтін халықтың болашағы жоқ» - деді. Бұл мәлімдеме әлемде қауіпсіз өмір сүру үшін маңызды, өйткені белгілі бір жағдайларда ата-бабаларымыздың жіберген қателіктерін, қоғамның әлеуметтік және экономикалық жоспарларын ескеру қажет.

Тарихи зерттеулердің арқасында қазіргі қоғам геосаяси мүдделермен бәсекелесетін елдердің шетелдік диверсанттары қатысатын мемлекетаралық оқиғалар туралы ақпарат алды. Тарихи фактіден бүгінгі қоғамға дейін диверсия ұғымы пайда болды. Сол кездегі әртүрлі елдердегі үкіметтік төңкерістер мен төңкерістер туралы ақпарат, сондай-ақ мемлекет ішіндегі экономикалық даму туралы ақпарат қазіргі қоғамға ата-бабалары тап болған дағдарыстық жағдайға тап болмас үшін осындай қателіктер жібермеуге көмектеседі. Міне (Фихтені еске түсірсек) тарихнаманың негізгі міндетінің «күн сияқты айқын» анықтамасы: «тарихнама тарихтың ғылым болуы үшін қажет».

Тарих ғылымы пәнаралық сипатқа ие. Біріншіден, тарихи оқиғалар мен құбылыстардың анықтамасы көп деңгейлі, өйткені табиғи-климаттық, биологиялық, экономикалық, әлеуметтік-психологиялық, мәдени-этикалық, идеологиялық және басқа детерминанттардың жиынтық әрекеті тарихи процесс деп аталады. Сондықтан белгілі бір кеңістік-уақыт аралығындағы тарихи процестің процесін сипаттайтын тарихи теориялар міндетті түрде өздерінің танымдық «арсеналына» басқа пәндердің тиісті заңдылықтары мен құбылыстарын қосады.

XX ғасырдың ортасында ғылыми білімді дамытудағы интеграциялық процестердің тікелей нәтижесі әдістер мен құралдарды, тұжырымдамаларды, іргелі және кешенді ғылымдардың - әдіснамалық, техникалық және технологиялық құралдарын – математика мен информатиканы - әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласына енгізу болды. Тарих ғылымы да ерекшелік болған жоқ. Шетелде тарихи информатика саласындағы зерттеулер дамыған, Қазақстанда осы ғылыми бағытты қалыптастыру процесі жүріп жатыр.

Тарихи ғылымның дамуы, ғылыми білімнің басқа салалары сияқты, танымдық мүмкіндіктерді кеңейтетін жаңа технологияларды дамытумен тығыз байланысты. Қазіргі жағдайда-негізгі ресурстар компьютерлік технологияны қолдану саласында шоғырланған. Дәл осы салада тарих ғылымының әдістемелік құралдарын жетілдірудің перспективалы мүмкіндіктері көп. Компьютер тарихшының дереккөзмен жұмыс істеуіне түбегейлі жаңа жағдайлар жасайды: ол үлкен деректер массивтерін өңдеуге, көп өлшемді талдауға, тіпті тарихи процестер мен оқиғаларды модельдеуге мүмкіндік береді. Заманауи бағдарламалық жасақтама зерттеушінің өзіне жаңа талаптар қояды: оны көбінесе деректермен жұмыс істеу технологиясын, оларды «қолмен өңдеуді» егжей-тегжейлі білу қажеттілігінен босатып, оны зерттеу қызметінің формальды-логикалық компонентіне әлдеқайда мұқият қарауға мәжбүр етеді.

Тарихи зерттеуде компьютерлік технологияларды қолдану тарихи білімді математикаландыруға алып келеді, пәнаралық тәсілдерді кеңінен қолдануға негіз береді, соның арқасында өткен туралы дәлірек мәліметтер алуға және тарихшылардың алдыңғы буындарының бұрыннан бар теориялық әзірлемелерін тексеруге мүмкіндік туды. Математикалық әдістердің мағынасы көп қырлы, олар бір уақытта зерттеу арсеналында қуатты құрал ретінде және пәнаралық синтезге мүмкіндік беретін «коммуникативті ресурс» ретінде әрекет етеді.

Ақпараттық зерттеу әдістерінің тарихнамасы ақпаратты бекіту мен берудің әмбебап формасына негізделген тарихи дереккөзді ғылыми тану әдісі ретінде ақпараттық технологиялардың әдістері мен құралдарымен тарихи зерттеулерді байыту мүмкіндігі мен рұқсат етілуін негіздеу білім теориясының заңдылықтарына негізделген.

Сандық талдау әдістерімен жүйелі түрде жұмыс істейтін тарихшылардың саны салыстырмалы түрде аз. Зерттеушілердің көпшілігі оқиғалар мен құбылыстарды теориялық түсіндірумен шектелмей, белгілі бір мәселені шешу үшін белгілі бір дәрежеде цифрлық өңдеу әдістерін алады. Сандық әдістер мен талдау процедураларын ресімдеу негізінде тарихи зерттеу техникасын жетілдіру негізгі тенденцияны өлшеу және дисперсия, ықтималдық теориясының негізгі түсініктері және гипотезаларды статистикалық тексеру, сенімділік деңгейлерін белгілеу және іріктеу әдісі, вариацияны талдау, регрессивті талдау, көп және

ішінара корреляция, факторлық талдау және масштабтау сияқты салаларда мұқият білімді қажет етеді.

Отандық ғылымда тарихи информатиканың дамуы дәстүрлі тарихтың нақты мәселелерін шешуде таза қолданбалы мәселелерді шешуден басталды. Бүгінгі таңда қазіргі заманғы ақпарат теориясы, дереккөздердің табиғатын, ең алдымен, бұқаралық сипаттағы жаңа түсінік тұрғысынан тарихты тануға теориялық-әдіснамалық, деректанулық, инструменталистік тәсілдерді тұрақты түрде дамыту қажеттілігі туындады. Жасанды интеллекттің негізгі теориялық мәселелерін шешу өте маңызды болып табылады – математика мен информатика құралдарымен алынған тарихи тұжырымдардың үлкен дәлелдерін, тереңдігі мен дәлдігін анықтау, зерттеу нәтижелерінің объективтілігін арттыру, яғни.аз релятивизм бағытында тарихи ғылымды ілгерілету мәселелері. Бірақ бұл мәселені шешу ғылыми негізделген зерттеу әдістері мен технологияларын таңдаумен тікелей байланысты. Сондықтан тарихи информатиканың теориялық, әдістемелік және технологиялық компоненттерін зерттеу мәселесін қою біздің елімізде осы бағыттың даму перспективалары үшін жаңа білімді арттыру үшін өте өзекті және маңызды.

Қолданбалы аспектте тарихи информатика тарихнамасын талдау және сыналған әдістемелерді пайдалану қазақстандық тарихшылар мен дереккөздерге жаңа ақпараттық технологияларды қолдануды талап ететін проблемалар шеңберін едәуір кеңейтуге, дәстүрлі тәсілдермен өңдеудегі қиындықтарға байланысты бұрын талап етілмеген бұқаралық сипаттағы дереккөз базасын тартуға мүмкіндік береді.

Осы тақырыпта қойылған мәселені әзірлеу тағы бір өзекті мәселені шешуге мүмкіндік береді. XX ғасырдың тарихи білімінің әдіснамалық негізінің ерекшеліктері көбінесе ғалымдардың әдіснамалық және гносеологиялық көзқарастарының және нақты тарихи білімнің мүмкіндігіне күмән тудыратын тең, тең әсер ететін парадигмалардың көптігін анықтады. Бұл процестің жағымсыз жағы бүгінде белгілі бір тарихи мәселелерді зерттейтін отандық зерттеушілердің (әсіресе жас ғалымдардың) жалпы әдіснамаға, тарих әдіснамасына, атап айтқанда, болашақ тарихшылардың оның негіздерін түсіну дағдылары мен қажеттіліктерінің жоқтығына деген немқұрайлылығы болып табылады. Ал ғалымның зерттеу тәжірибесі теориялық рефлексиямен тығыз байланысты болғандықтан, қазақстандық зерттеушілердің жас буынының ғылыми ізденістері деңгейінің айтарлықтай төмендегенін айтуға болады. Сондықтан тез дамып келе жатқан ақпараттық қоғам жағдайында жалпы ғылыми ғана емес, сонымен қатар арнайы және нақты ғылыми зерттеу әдістерін, қазіргі тарихшылардың ғылыми әзірлемелерінің техникасы мен технологияларын байытатын тарихи информатика әдістемесін қолдану проблемаларын дамыту өте маңызды.

Жаңа ақпараттың экспоненциалды өсу қарқыны, тиісінше, жаңа, дәстүрлі ғана емес, сонымен қатар электронды тарихи дереккөздер, әлеуметтік философтар мен футурологтар болжаған «ақпараттық жарылыстың» жаңа толқыны бүгінде жаңа ақпараттық ортаның сын-қатерлерін тез қабылдай алатын және Қазақстанның ақпараттық қоғамға көшу жағдайларына бейімделе алатын тарих ғылымы саласындағы мамандарды даярлауды талап етеді. Бұл тұрғыда шетелдік және отандық практик ғалымдардың тарихты оқытуды компьютерлендіру тәжірибесі негізінде қазақстандық тарихи білім берудегі оқу пәні ретінде тарихи информатика мәселелерін әзірлеу өте өзекті болып көрінеді.

Бұл жұмыстың идеялық-теориялық негізі Т. Кунның парадигмалық тарихи-ғылыми тұжырымдамасының ғылымның когнитивтілігі, танымдық, әлеуметтік детерминистік құндылығы туралы іргелі көзқарастарымен байланысты жеке ережелері болды; ғылымның бір сапалы күйден екіншісіне объективті ауысуы туралы, бұрынғы парадигманы өзгерту арқылы, жаңа [1, 11 б.]. Квантитативті тарих пен тарихи информатиканың қалыптасуын түсіну үшін Т.Кунның уақыт секірістері, яғни «ғылыми революциялар» арқылы дамитын ғылым туралы тұжырымдамасының орталық ережелерінің бірі өте маңызды.

Тақырып қазақстандық қоғамды ақпараттандыру жөніндегі мемлекеттік бағдарламалармен, сондай-ақ іргелі зерттеу тақырыбы шеңберінде тарих әдіснамасының, тарихнаманың және әлеуметтік-тарихи процестерді модельдеудің іргелі әзірлемелерімен тікелей байланысты.

Қазіргі ғылыми таным әдістерінің өзара іс-қимылының диалектикасы мәселесіне, қазіргі қоғамның түбегейлі трансформациясы жағдайындағы ғылым әдістерінің өзара іс-қимылын талдауға арналған ғылыми зерттеулердің едәуір санына қарамастан, қазақстандық философтардың ұжымдық монографиясын бөліп көрсету қажет. А.Н.Нысанбаев және басқалар, біріншіден, нақты ғылым материалдарына және қазіргі Қазақстанның шындығына негізделеді, екіншіден, әлеуметтік-мәдени контекстегі ғылым әдістерінің өзара іс-қимыл процесі туралы пайымдаулар мен жалпылаудың нақты құрылымдалуымен және логикалық өзара байланыстылығымен ерекшеленеді [2].

Ақпараттың мәнін оның семиотикалық сипаттамаларының үштігі тұрғысынан зерттеу мәселесін әзірлеу үшін статистикалық ақпарат теориясының негізін қалаушы К. Шеннонның, кибернетикалық ғылымның негізін қалаушы Н.Винердің, ақпараттың семантикалық теориясын жасаушы Ю. А. Шрейдердің, коммуникацияның логикалық-прагматикалық моделін құрған Д. Харрахтың, Р. Карнаптың және логикалық-семантикалық ақпарат теориясының негізін қалаған Й.Бар-Хиллела [3].

Қоғамды жаһандық ақпараттандыру процесінің өркениетті одан әрі дамыту үшін стратегиялық маңыздылығы, сондай-ақ оны зерттеу және болжау үшін іргелі ғылыми база құру қажеттілігі әлеуметтік ақпараттың

салыстырмалы тұтас теориясын қалыптастыруға елеулі үлес қосқан А.Д. Урсулдың еңбектерінде көрсетілген [4]. К.К. Колиннің зерттеулері қазіргі ғылым жүйесіндегі информатиканың орнын және әлеуметтік-гуманитарлық және жаратылыстану пәндерімен байланысын талдауға арналған [5].

Тарихи дереккөздердің ақпараттық мүмкіндіктерін теориялық және ақпараттық көзқарас тұрғысынан белгілеуге, қоғамның материя қозғалысының барлық формаларын көрсетуінің нәтижесі болып табылатын әлеуметтік ақпарат ілімдері аясында дереккөздердің ақпараттық қайтарымдылығын арттыру мәселесін шешуге И.Д. Ковальченко терең аналитикалық деңгейде әзірлеген ақпараттың әр түрлі формаларын тасымалдаушы ретінде дереккөздің практикалық сарқылмайтындығы туралы ережелер ықпал етті. Шын мәнінде, бұл тәсіл дереккөзді талдаудың негізгі объектісі туралы идеялардың өзгеруіне әкелді - бұл классикалық түсінікте ашық ақпарат тасымалдаушысы ретінде қарастырылды. И.Д. Ковальченконың пікірінше, дереккөзді талдау жүйелік тәсіл мен жүйелік-құрылымдық талдауды, математикалық әдістер мен компьютерлерді тартуды талап ететін жасырын, анық айтылмаған ақпаратты көрсету мақсатында жүргізілуі мүмкін және жүргізілуі керек [6].

В.И. Бовыкин әлеуметтік ақпарат теориясы контекстіндегі тарихи дереккөздерді зерттеу қажеттілігін, сәйкесінше, ақпараттық деректану мәселелерін әзірлеу, жазбаша кезеңнен бастап ақпараттық процестер аясында тарихи дереккөздерді типологиялау қажеттілігін қояды [7]. Г.В. Можаеваның бірқатар мақалалары тарихи ақпарат көзі мен тарихи ақпараттың, ақпарат тасымалдаушы мен оның аудармашысының арақатынасының, тарихи және тарихнамалық дереккөздердің ақпараттық әлеуетін анықтаудың теориялық мәселелеріне арналған [8].

Тарихи информатиканың теориялық және әдіснамалық мәселелерін әзірлеу, оның дамуының негізгі тенденциялары мен перспективаларын талдау ұзақ уақыт бойы Л.И.Бородкин, И.М. Гарскова, В.Н. Владимиров, В.Н. Сидорцов, Ю. Юмашева және т. б. И.М. Гарскованың жұмысы тарихи базалар мен деректер банктерін әзірлеу кезінде теориялық және қолданбалы мәселелерді кешенді қарастыруға арналған, тарихтағы геоақпараттық жүйелер (ГАЖ) - В.Н.Владимировтың монографиясы [9]. Е.Н. Балыкина, А.Ф. Оськиннің ғылыми қызығушылықтары негізінен тарихи білім беруді ақпараттандыру болып табылады; Т.Я.Валетова - интернеттің ақпараттық ресурстары; В.В. Канищева, И.В.Журбина, Ю. Юмашева, В.И. Тихонова және т.б. - тарихи демография, архивтану, археология, этнография, прозопографиялық зерттеулер, мұражайтану саласындағы мамандандырылған ақпараттық тәсілдер [10].

Қазақстанда тарихи зерттеу теориясы мен практикасына заманауи көзқарастар М.К. Қозыбаев, М.Х. Асылбеков, Б.Е. Кумеков, С.Ф. Мәжитов, М.Х. Әбусейітова және т.б. еңбектерінде ұсынылған [11].

Теориялық деректану мәселелері Қ.М. Атабаевтың тікелей зерттеу объектісі болып табылады [12]. Қазақстандық ғалымдар арасында зерттеудің әдіснамалық пәнаралық қағидаттарын әзірлеу К.А. Берденова, З.Г. Сақтағанова, Тарихи этнодемография – Г.М. Мендикулова; мәдениет тарихы бойынша – Р.М. Жұмашев, А.Т.Қапаева, Г.М. Какенова және т. б. экономикалық тарих проблемаларына қатысты жүзеге асырылады [13]. Алайда, бұл зерттеулерде сандық деректерді өлшеудің жеке әдістері эксплициттік ақпарат деңгейінде қолданылады. Ерекшелік-Ж.Б. Абылхожин мен Н.Э.Масановтың жұмыстары, онда жекелеген бұқаралық ақпарат көздерінің деректерін өңдеу кезінде көптеген популяциялардағы таралу концентрациясының дәрежесін өлшеу әдістері және олардың графикалық көрінісі қолданылады [14].

Ақпараттық қоғамға барар жолда Қазақстанның дамуы отандық тарихшылардың кәсіби қауымдастығына жаңа сын-қатерлер туғызуда. Объективті түрде біз ертерек немесе кейінірек өзге ақпараттық ортада жұмыс істеуіміз керек, оның негіздері бүгінде тарихи информатиканың тұжырымдамалық, әдістемелік және технологиялық әзірлемелерін қалыптастырады, ол Қазақстанда өте баяу дамып келеді және бүгінде жетекші елдердің ғылыми әзірлемелерінің деңгейінен көптеген жылдарға артта қалып отыр. Қазіргі заманғы ақпараттық технологиялармен жұмыс істеуге дайын емес тарихшылардың жаңа буыны алдағы жылдары дағдарыстық жағдайға тап болады, онда дәстүрлі мұрағат материалы толық зерттеліп, жаңа электронды массив ғылыми зерттеулерден тыс қалады, өйткені киберкеңістіктің даму эволюциясы жеделдетілген қарқынмен жүреді және құру, өңдеу және беру технологияларының қарқынды дамуына негізделген ақпарат. Электрондық құжат айналымы мен интернет-ресурстар ашатын жаңа көкжиектер XXI ғасырдың деректануына жаңа міндеттер қояды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Кун Т. Структура социальных революций. – М.: Прогресс, 1977. – 387 с.

2 Нысанбаев А.Н., Косиченко А.Г., Кадыржанов Р.К. и др. Методы научного познания. – Алматы: ылым, 1996. – 160 с.

3 Шеннон К. Математическая теория связи. Работы по теории информации и кибернетике. – М.: Изд. ин. лит., 1963. – 398 с.

4 Урсул А.Д. Информатизация общества (введение в социальную информатику). – М.: АОН ЦК КПСС, 1990. – 192 с.; и др.

5 Колин К.К. Будущее информатики в 21 веке: российский ответ на американский вызов // Открытое образование. – 2006. – № 2(55). – С. 73-77.

6 Ковальченко И.Д. Исторический источник в свете учения об информации: к постановке проблемы // История СССР. - 1982. - № 3. - С. 129-148.

7 Бовыкин В.И. К вопросу о закономерностях фиксирования исторической информации в исторических источниках // Круг идей: историческая информатика на пороге XXI века / Под ред. Л.И. Бородкина, И.Ф. Юшина. – М. - Чебоксары: Мосгорархив, Изд-во Чувашского госуниверситета, 1999. – 456 с. - С. 329-336.

8 Можаева Г.В. Информация в истории: исторические аспекты информациологии // Информационный бюллетень АИК (ИБ АИК). – 2002. - № 29. - Июнь. – С. 158-168; Она же. Роль исторической информации в современном источниковедении // Сайт Томск. ГУ «Открытый междисциплинарный электронный журнал «Гуманитарная информатика». – Вып. 1. – URL: http://www.huminf.tsu.ru/e-jurnal/magazine/mojaeva.htm; и др.

9 Гарскова И.М. Базы и банки данных в исторических исследованиях. – M.-Gottingen: Институт истории общества Макса Планка, 1994. - 215 с.; Владимиров В.Н. Историческая геоинформатика: геоинформационные системы в исторических исследованиях: монография. – Барнаул: Изд-во Алт.ун-та, 2005, - 192 с.

10 Оськин А.Ф. Разработка учебного плана, ориентированного на применение InterNet/IntraNet-технологий в курсах исторической информатики // Опыт компьютеризации исторического образования в странах СНГ: Сб.ст. / Под ред. В.И. Сидорцова, Е.Н. Балыкиной. – Минск: БГК, 1999. – 223 с.

11 Козыбаев М.К. Казахстан на рубеже веков: размышления и поиски. В 2-х кн. – Алматы, Комплекс, 2000. – Кн. 1.-2. – 420 с.; 388 с.

12 Атабаев К.М. Деректану. - Алматы: аза тарихы, 2007. - 272 б.

13 Берденова К.А. Общая и экономическая история Казахстана: монография. – Алматы: Экономика, 1999. – 232 с.

14 Абылхожин Ж.Б. Традиционная структура Казахстана: Социально-экономические аспекты функционирования и трансформации (1920-1930 гг.) – Алма-Ата, 1991.; – 240 с.

ӘОЖ 316
Жанганатова К.Н., Боканов А.
Қазақ спорт және туризм академиясы
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

ҚОҒАМДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕНІҢ БІРІ – ЖАТАҚХАНА ТАПШЫЛЫҒЫ

Жатақхана – бір мекемеде жұмыс істейтін немесе бір оқу орнында оқитын адамдардың бірге тұратын тұрақ жайы [1].

Жатақхана негізінен кәсіпорын қызметкерлеріне немесе білім алушыларға берілетін уақытша тұрғын үй. Жатақханалардағы тұрғын үй-жай бір адамға кемінде алты шаршы метр тұрғын алаң есебінен беріледі. Осы Ережеге сәйкес бір бөлмеде бірнеше адам тұра алады. Жатақханадағы ыңғайлылық деңгейі әдетте өте төмен.

Меншік түрлеріне қарай жатақханалар бөлінеді:

1) Студенттік жатақхана - жоғары оқу орындарына тиесілі және студенттердің өмір сүруіне қызмет етеді;

2) Коммерциялық жатақхана - бұл бизнестің бір түрі, барлық адамдар үшін арзан ұйықтайтын орындарды жалға алу;

3) Жұмысшылар жатақханасы - өз қызметкерлері тұратын компанияларға тиесілі.

Жоспарлануына қарай жатақханалар бөлінеді:

Дәліздер - жатақхананың әр қабаты ұзын дәліз болып табылады, оның екі жағында бөлмелер орналасқан. Әдетте, мұндай жатақханаларда ванна мен душ бөлмелері барлық бөлмелеріне ортақ қабатта орналасқан болады.

Блоктар – барлық жатақхана блоктарға бөлінген болады, әр блокта бірнеше бөлме мен ортақ ванна бөлмесі болады.

Пәтер түрі - жатақхана жеке ванна бөлмесі мен ас үйі бар пәтерлерге бөлінеді. Пәтердің қонақ бөлмелерінде, әдетте, бірнеше қабатты кереуеттер бар [2].

Жатақхана тарихы:

Алғашқы жатақхана орта ғасырларда пайда болды. Ол «бурса» деп аталды (лат. бурса - «қалта, әмиян») - революцияға дейінгі Ресейдегі діни оқу орнының жатақханасы) және кедей отбасылардан шыққан студенттерді орналастыруға арналды [3].

Бурсалар Франция университеттерінде салынды және қатаң ішкі «Жарғымен» ерекшеленді. Атап айтқанда, студенттер әрдайым тәулік бойы қатаң бақылауда болды, белгілі бір киіммен бурса аумағында болуға міндетті болды, жатақханадан рұқсатсыз кете алмады. Дегенмен, бурсаның тұрғындары азды-көпті жайлы өмір сүру үшін қажет нәрсенің бәрімен қамтамасыз етілді.

КСРО-дағы алғашқы жатақхана XVII ғасырдың басында Ресейдің оңтүстік-батысында ашылды. Ол Киев-Могилян академиясында жұмыс істеді және Митрополит Петр могиланың есімімен аталды.

Уақыт өте келе студенттік жатақханалар әртүрлі мектептер мен семинарияларда пайда бола бастады, бірақ оларда тұру, шынын айтқанда, адам төзгісіз болды. Кез-келген кінәсі үшін бурсактарға күш қолданылды. Тамақ пен киім-кешек тым аз болды, мұндай қиын ahуал жатақхананы мекендейтіндерге бей-жай қарамайтындардың бәрінен садақа сұрауына мәжбүр етті. Алайда, олардың әрқайсысы мүмкіндігінше ақша табуға тырысты. Бурсактар үнемі пьесалар ұйымдастырып, шіркеу қызметтерін орындады, өлең оқып,сән айтты. 1786 жылы билік бурсактарға қайыр сұрауға тыйым салатын жарлық шығарды. Дегенмен, жатақхана ақысы әлі де алынбады сонымен қатар, өмір сүру жағдайлары айтарлықтай жақсарды.

Қазақстандағы алғашқы жатақханалар Кеңес Одағы кезінде, индустрияландыруға және аймақ экономикасының қарқынды дамуына байланысты пайда бола бастады. Қазақстандағы алғашқы жатақханалардың пайда болуының нақты күндері мен орындары өңірге және мекемеге байланысты әр түрлі болуы мүмкін. Алайда, 1920-1930 жылдар аралығында, индустрияландыру және ұжымдастыру кезінде көптеген жұмысшылар мен ауыл тұрғындары баспанаға мұқтаж болды, сол кезде жұмысшылар мен колхозшыларға арналған алғашқы жатақханалар салынды.

Соңғы екі жылда студенттік жатақханадағы орын тапшылығы небәрі 6 пайызға қысқарған. Қазір бұл көрсеткіш 85 мың орынды құрайды, деп хабарлайды ҚР Білім және ғылым министрлігі [4].

2021-2022 оқу жылының басында Қазақстан Республикасында жұмыс істеп тұрған жоғары оқу орындарының саны 122 ұйымды құраған. Оның ішінде 83 университет (соның ішінде ғылыми-зерттеу); 16 академия; 12 институт және оларға теңестірілген консерватория, жоғары және жоғары оқу орындары; 9 ұлттық жоғары оқу орны; 2 ұлттық зерттеу университеті [5].

Қазақстанда студенттерге арналған жатақханаларға жаңа оқу жылы қарсаңында дайындығына мониторинг жүргізіліп отырады. Мониторинг нәтижесі еліміздің барлық өңірлерінде 663 жатақхана бар, оның 250-і жоғары оқу орындарында, 413-і колледждерде. Бұл 148 мың 768 орын.

Десекте елімізде жатақхананың студент қауымына жетіспейтіні жыл сайын байқалып жатады. Оның себептері төмендегідей бірқатар факторларға байланысты:

1) Студенттер санының өсуі: университеттер мен колледждердегі студенттер санының артуы жатақханалардың жетіспеушілігіне әкелуі мүмкін. Мысалы, Қазақстандағы ЖОО соңғы жылдары қабылданатын

студенттер санын 30% - ға арттырды делік. Бұл жатақханадағы орындарға қосымша сұранысты тудырады.

2) Қаржылық шектеулер: жатақханаларды салу және күтіп ұстау айтарлықтай қаржылық ресурстарды қажет етеді. Егер жоғары білімге жауапты университеттер немесе мемлекеттік органдар бюджет қаражатымен шектелсе, оларда жаңа жатақханалар салуға жеткілікті қаражат болмауы мүмкін. Мысалы, қаржыландырудың жетіспеушілігі студенттер санының өсуіне қарамастан университет жаңа жатақханалар салуға мүмкіндігі жоқ жағдайға әкелуі мүмкін.

3) Қолданыстағы жатақханалардың ескіруі: егер бар жатақханалар ескі болса және күрделі жөндеуді немесе қайта салуды қажет етсе, бұл студенттер үшін қол жетімді тұрғын үйді азайтуы мүмкін. Мысалы, ескі жатақхана сантехникаға, электр қуатына және жалпы қауіпсіздікке үлкен инвестицияларды қажет етеді, бұл оны бюджет қаражатын пайдалану тұрғысынан тиімсіз.

4) Географиялық факторлар: Қазақстанның кейбір өңірлерінде, әсіресе шалғайдағы немесе халқы аз аудандарда студенттер үшін баспанаға қолжетімділік шектелуі мүмкін. Мысалы, шағын қаладағы университет қол жетімді құрылыс алаңдарының болмауына немесе белгілі бір ауданда тұрғын үйді жалға алуға сұраныстың шектеулі болуына байланысты жатақханалардың жетіспеушілігі проблемасына тап болады.

5) Жоспарлау және басқару: жатақхана құрылысын дұрыс жоспарламау және басқару да тапшылыққа ықпал етеді. Мысалы, егер университет өзінің құрылыс жоспарларын студенттердің өзгеретін қажеттіліктеріне бейімдемесе немесе құрылыс кезінде ресурстарды тиімді басқаруды жүзеге асырмаса, бұл кешігуге және тұруға, орын тапшылығына әкелуі ықтимал.

Жатақхананың жетіспеушілігінің студенттер үшін салдарлары (кері әсері):

Студенттерге арналған жатақханалардың жетіспеушілігі бірқатар жағымсыз салдарға әкелуі мүмкін, соның ішінде:

1) Мәжбүрлі коммутацияланған өмір салты: студенттер жатақханадан орын ала алмаған кезде, олар жалдау нарығында баспана жалдауға мәжбүр болады. Бұл тұрғылықты жер мен университет арасында ұзақ және қымбат коммутация қажеттілігіне әкеледі. Айталық, жалдамалы пәтерде тұратын студент оқу орнына барар жолда көп уақыт пен ақша жұмсайды.

2) Қаржылық жүктеме: нарықта тұрғын үйді жалға алу жатақханаға қарағанда қымбатырақ, бұл студенттер мен олардың отбасыларына қаржылық ауыртпалық тудырады. Мысалы, студенттерге жалдау және тұру шығындарын жабу үшін толық емес жұмыс уақыты қажет болуы ықтимал.

3) Академиялық өнімділіктің нашарлауы: ұзақ және жалықтыратын коммутация, сондай-ақ қосымша қаржылық міндеттемелер студенттерді оқудан алшақтатып, олардың академиялық өнімділігін төмендетеді. Мысалы, күн сайын университетке дейін бірнеше сағат уақытын жұмсайтын студент шаршау мен күйзеліске ұшырауы мүмкін, бұл оның оқу үлгеріміне теріс әсер етеді.

4) Оқу ресурстарына шектеулі қол жетімділік: университеттен алыс тұратын студенттер университеттегі (университеттің) қол жетімді кітапханаларға, зертханаларға және басқа оқу ресурстарына шектеулі қол жеткізе алады. Бұл оқу тапсырмалары мен зерттеу жұмыстарын орындауды қиындатуы ықтимал.

5) Әлеуметтік оқшаулану: жатақханалардың жетіспеушілігі студенттердің әлеуметтік оқшауланuына әкеледі. Жатақханалар студенттер арасындағы тығыз байланысты, пікір алмасуды және достық қарым-қатынас орнатуды қамтамасыз етеді. Егер студенттер қаланың әртүрлі бөліктерінде немесе тіпті әртүрлі қалаларда тұрса, олар өздерін университет қауымдастығынан оқшауланған сезінуі мүмкін. Мысал: Қазақстандағы университеттердің біріне оқуға түскен, бірақ қол жетімді жатақханадағы орындардың шектеулі болуына байланысты жатақханадан орын ала алмаған студентті елестетіп көріңіз. Ол қаланың басқа ауданында пәтер жалдап, күн сайын университетке дейін және одан қайтуға екі сағат жұмсауы керек. Бұл қаржылық қиындықтарды тудырады, стресс деңгейін жоғарылатады және оның оқу үлгеріміне теріс әсер етеді. Сонымен қатар, курстастарымен тығыз байланыстың болмауына байланысты ол университет өмірінен оқшауланған сезінеді.

Жатақхана жетіспеушілігі мәселесін қалай шешуге болады (ұсыныс):

Жатақханалардың жетіспеушілігін шешу келесі ұсыныстар мен шараларды қамтитын кешенді тәсілді қажет етеді:

1) Жатақхана құрылысын кеңейту: бірінші қадам - жаңа жатақханалар салуға инвестицияларды ұлғайту. Мемлекет пен университеттер жеке инвесторлармен ынтымақтаса алады немесе жаңа жобаларды қаржыландыру үшін мемлекеттік қорларды пайдалана алады. Мысалы, студенттерге қолжетімді баспана беру үшін оқу орындарының жанында жаңа жатақханалар салу бағдарламасын әзірлеу.

2) Қолданыстағы жатақханаларды жаңғырту: сондай-ақ ескі жатақханаларды қайта құруға және жаңғыртуға инвестициялау қажет. Бұл қол жетімді орындардың санын көбейтуге және студенттер үшін жайлы өмір сүру жағдайларын қамтамасыз етуге көмектеседі. Мысалы, қолданыстағы жатақханалардағы сантехниканы, жылытуды және қоғамдық аумақтарды жаңарту.

3) Мемлекеттік қолдау: Мемлекет білім беруді қол жетімді ету үшін университеттер мен студенттерге қаржылық қолдау көрсете алады. Бұл

табысы төмен студенттерге жалға берілетін тұрғын үй субсидияларын немесе жеңілдетілген тұрғын үй несиелерін қамтуы мүмкін.

4) Жеке сектор серіктестігі: университеттер жатақхана салу үшін жеке жылжымайтын мүлік әзірлеушілерімен ынтымақтаса алады. Бұл университеттердің жатақханалар салу үшін жер учаскелерін жалға алуын, содан кейін оларды мекеменің басқаруына беруді қамтуы мүмкін.

5) Жоспарлау және бақылау: университеттер жатақхана қажеттіліктерін болашаққа белсенді түрде жоспарлап, студенттер санының өзгеруін қадағалап отыруы керек. Бұл болашақта тапшылықты болдырмауға көмектеседі. Мысалы, жатақхана қажеттіліктерін үнемі бағалайтын және тиісті шараларды қабылдайтын тұрғын үй комитетін құру.

Айталық, Қазақстандағы университет өзінің кампусының жанында жаңа жатақхана салу үшін жеке инвестормен серіктестік орнатты. Мемлекет құрылысқа салықтық жеңілдіктер берді, бұл жобаны инвестор үшін тартымды етті. Бұл жатақхана студенттерге қолжетімді баспана береді және университет аумағындағы жатақхана тапшылығын азайтуға көмектеседі.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Жатақхана. [электронный ресурс]. - Режим доступаhttps://ru.m.wikipedia.org/wik

2 Общежитие [электронный ресурс]. - Режим доступа: https://ru.m.wikipedia.org/wik

3 Бурса (учебное заведение) [электронный ресурс]. - Режим доступа: https://ru.m.wikipedia.org/wik

4 С 2023 года все студенты будут обеспечены местами в общежитиях. Как это будет сделано? [электронный ресурс]. Informburo.kz сайтынан. - Режим доступа:https://informburo.kz/stati/s-2023-goda-vse-studenty-budut-obespecheny-mestami-v-obshchezhitiyah-kak-eto-budet-sdelano.html

5 Высшее образование в Республике Казахстан (на начало 2022-2023 учебного г. [электронный ресурс]. – Режим доступа https://stat.gov.kz/ru/industries/social-statistics/stat-edu-science-inno/publications/3921

ӘОЖ 39
Жанганатова К.Н.
Қазақ спорт және туризм академиясы
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

АСЫҚ АТУ – БАРЛЫҚ ҰЛТТЫҚ СПОРТ ТҮРЛЕРІНІҢ БАСТАУЫ

Асық ату - Қазақ халқының ертеден келе жатқан ұлттық ойыны. Ұлттық ойынның атасы. Ең алғаш қазақ баласы қолына асық ұстаған. Қазақтың ұлттық ойынының ең алғашқы сатысы һәм халқымыздың салт-дәстүрі мен мәдениетінің ажырамас бөлігі ретінде әуелі асықты айтамыз. Асық ойыны үшін ұсақ малдың асығын пайдаланған. Бұл ойын алдымен далада, ашық алаңда қалыптасты.

Халқымызда қозғалмалы ойындардың түрі кең таралған. Мамандар қозғалмалы ойындарды төрт топқа бөледі:

1) Табиғи заттарды қолданып ойнайтын ойындар: асық, бестас, лек жалау, сиқырлы таяқ, бақай пісті, жылмаң т.б.;

2) Жануарлар бейнесін елестетіп ойнайтын ойындар: соқыр теке, түйе-түйе, ақ байпақ, көк сиыр және т.б.;

3) Мүліктік бұйымдарды қолданып ойнайтын ойындар: шалма, бөрік жасырмақ, түйілген шыт, тақия телпек, белбеу тастау, орамал тастау, т.б.

4) Құрал-жабдықсыз ойнайтын ойындар: айгөлек, ақсерек-көксерек, шымбике, мәлке тотай, тоқтышақ, шертпек, жасырынбақ, бұғынай, т.б.

Асық ойыны қозғалмалы ойындардың табиғи заттарды қолданып ойнайтын ойындар тобына жатады. Ұл бала табиғатынан қимыл-қозғалысқа құмар. Сондықтанда болар қазақ қоғамында асықпен көбіне ұл балдар ойнаған. Асық ойнап өскен бала мерген, өзгелерден ептілеу, зеректеу табандырақ, шыдамдырақ болып өседі. Асықты ойнаған адам, одан тек бойына жақсы қасиеттер ғана сіңіре алады. Өйткені, асық баланы бәсекелесінің алды болуы үшін ширақтыққа, асық санын көбейту үшін мергендікке, ойын кезінде қарсыласында қанша асық қалғанын білу үшін математикалық қабілетті арттыруға, өз асықтарын жоғалтпау үшін үнемділікке үйретеді [1].

Асықты қазақтардан басқа қырғыз, қарақалпақ, өзбек, алтайлықтар сияқты түбі бір, тілі ұқсас түркі жұрты түгел біледі. Десек те, ғасырлар бойы бұл ойын қазақ балаларының ең сүйікті ермектерінің бірі болып келді. Қазақ халық ауыз әдебиетінде де асық ойыны жиі айтылады. «Алтын сақа» ертегісі балалар әдебиетінің алтын қорына әлдеқашан қосылған.

2017 жылдың 4-9 желтоқсан күндері Оңтүстік Кореяның Чеджу қаласында өткен ЮНЕСКО-ның Материалдық емес мәдени мұраны қорғау жөніндегі үкіметаралық комитетінің 12-сессиясында Қазақ халқының ұлттық «Асық ату» ойыны адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасының тізіміне енгізілді [2].

Асық ату - Қазақтың қоржынына түсті, меншігіне өтті. Ендігі мақсат осы асыл мұраны зерттеу, жаңғырту, насихаттау.

Асық ойыны - тәжірибе мен тәсілдің еркіндігі, тапқырлық пен болжамның қиылысатын шебі, мұрат пен меженің тоғысқан шеңбері. Ойын серіктесті таба білуге, онымен тіл табысуға үйретеді. Ойында адам қарсыласының олқы және оң жақтарын дұрыс анықтауға ерекше мән береді, оның күш-қабілетін тура бағалау ережесіне ереді. Ойнаушы бәсекесі мол қарым-қатынастың тәртібіне жүгінеді. Әр ойынның өз тәртібі, тәсілі және тәжірибесі бар. Сол тәртіп, тәсіл, тәжірибені білген адам тезірек қалыптасады, жан-жақты жетіледі.

Асық ойыны - адамның қабілет-қасиетін шыратын жүйелі іс-әрекеттің көрінісі. Осындай белсенділікке қазақтың балалары ерте араласқан. Ойын-сауықтағы белсенділік-мінездегі кемшілікке, жеке адам мен қоршаған ортадағы келеңсіздікке қарсылық, сондай-ақ бойдағы ебедейлікті көрсетуге шек қоймай жанталасу. Бұл ашық та, нақты сайыс. Оған деген халықтық ықылас жоғары болды. Қолдауы басым ортада әркім өзінің көргенін, көкейіндегісін жеткізуге алаңсыз әрекеттенеді. Өз қалауынша жарыстың түрі мен әдісін таңдайды. Ойындағының бәрі де өтпелі-төкпелі емес. Түптеп келсек, асық ойыны тәртіпке, тапқырлыққа, туралыққа үйретеді.

Соңғы жылдары мамандар қазақ халқының ұлттық ойындарының пайдасы жөнінде көп жазып жүр. Психолог мамандардың айтуынша асықты ойнау кезінде мида болатын процестер біріншіден, баланы тыныштандырады, екіншіден, логикалық ойлау қабілетін дамытады, үшіншіден баланың кез келген жағдайда шешім қабылдауға үйретеді. Сонымен қатар домаланған асықты бақылап, көз бұлшық еттерін қозғалтуы көру қабілетіне де оң әсер етеді екен [3].

Асық ойынының түрлері көп. Соның ішінде ең көп тарағаны «Омпы» ойыны. Жалпы асықтың туыстары «омпы»,«шомпы»,«алшы», «тәйке» болып, жатыстары «бүк», «шік» деп бөлінеді. Бұл ойын негізінен ер балаларға тән. Асық ойынын жаздыгүні тақыр жерде, ал қыстыгүні кең бөлмеде ойнайды. Екі бала, не екі топ ойнауы мүмкін. Ойынның негізгі мақсаты бір-бірінен асық ұту [4].

АСЫҚ ОЙЫНЫНЫҢ ШЫҒУ ТАРИХЫ

Ұлттық ойындар ғасырлар бойы атадан балаға берілу арқылы ұрпақтың үйлесімді даму үдерісін қамтамасыз етіп келді. Ағзаны түрлі қимыл-әрекеттермен жаттықтыру қозғалысқа деген - қажеттілікті қанағаттандырып, күнделікті тұрмысқа бейімділікті қалыптастырды, өмірлік дағдыларды жетілдіре түсті. Мұндай әртүрлі қозғалыс ойындары адам тәнінің күш пен шапшаңдық, табандылық пен төзімділік сияқты сапалық қасиеттерін моральдық-еріктік, эстетикалық құндылықтар тұрғысынан да жан-жақты дамыта алады. Ұлттық мәдениеттің ажырамас бөлігін құрайтын спорттың ұлттық түрлерінің, халық ойындарының

тәрбиелік, салауаттық, жалпы білім беру мен дамытушылық мәні зор.

Этнограф ғалымдардың пайымдауынша, ұлттық ойындарымыздың тарихы Қазақстан жерінде б.з.б. бірінші мыңжылдықта қалыптасқан [5].

Ұлттық ойынының ең алғашқысы деп ең әуелі Асықты айтамыз.

Асық – ұлттық ойынның ең ежелгісі, халықтың өткені мен бүгіні. Ертеде қазақ баласы ең алғаш қолына асық ұстаған.

Ал, ойынның неге буынға біткен асық сүйегімен ойналатынына келер болсақ, тарихтан белгілі көшпенділер ешқандай затты бекер тастамаған. Тері, жүн, сүйек пен мүйізді де күнделікті тұрмыста іске асырып, жарата білген. Осы орайда ата-бабамыз асық сүйегі арқылы өз балаларының өлшемдік танымын дамытып, мергендікке баулып отырған.

Тарихи-этнографиялық зерттеулерде асық ойынының шығу тарихы туралы мәліметтер өте аз, бар болса да там-тұмдап, әр жерден алынған, көбісі қайталау. Бұдан шығатын қорытынды тақырып әлі де зерттеуді қажет етеді.

Ал, ата-бабаларымыздың асықты алғаш не мақсатта пайдаланғандығы туралы археолог ғалымдардың ғылыми тұжырымдарына зер салсақ, археолог М.С. Шағырбаевтың айтуынша асықтың алғашқы функциясы оның «алты қырлы» және куб пішінінде болуына қарай-ғұрыптық жосындармен байланысты болған. Оның ішінде адам жолға шығарда бал ашу, болашағын білу секілді жорамалдар жасауға қатысты болуы әбден мүмкін.

Талғар қаласына жүргізілген қазба жұмыстары кезінде (экспедиция жетекшісі академик К.М. Байпақов) үй жануарының асығынан ірі, бірақ пішіні қой асығына ұқсас асықтар тобы табылған. Мұны зерттеушілер арқардың асығы болуы мүмкін деп тұжырымдаған.

2017 жылы Алакөл өңіріндегі ортағасырлық Жайпақ қаласын зерттеу барысында (экспедиция жетекшісі т.ғ.д. профессор Ә.Т. Төлубаев) бір бөлмеден 70-тен аса қой асығы табылған.

Сырдария бойындағы антикалық ескерткіштерге жататын Бәбіш мола қаласын 2018 жылы қазған кезде (экспедиция жетекшісі т.ғ.д. профессор Ж.Құрманқұлов) бір жерден шыққан 80-нен астам ақбөкен асықтары табылған.

Археолог ғалымдардың айтуынша ортағасырлық қалаларға жүргізілген қазба жұмыстарының барлығынан дерлік асықтарды кездестірген.

Мәселен, ортағасырлық Қастек қаласынан (Алматы облысы, экспедиция жетекшісі тарихшы ғалым А.Ә. Нұржанов) қызыл қынамен боялған асықтарды кездестірген. Дәл осындай боялған асықтар қола (ШҚО, Абай ауданы, экспедиция жетекшісі Ұ.Үмітқалиев) дәуірінің обасын қазу барысында табылған.

Бәбіш мола, Шірік рабад, Қастек, Раң, Созақ қалаларына зерттеу жүргізу барысында бір қырынан тесілген асықтарды, Отырар, Раң, Талғар,

Қойлық, Ақтөбе (Баласағұн), Шу өңіріндегі қалалар тобына зерттеу жүргізу барысында шік жағына қорғасын құйылған, бүк жағы егеліп тегістелген асықтарды кездестірген.

Кейінгі палеолит, энеолит дәуірі, қола дәуірі, темір дәуіріне жататын ескерткіштерге қазба жұмыстарын жүргізу барысында бетіне түрлі сызықты өрнектер бедерленген асықтар көптеп табылған.

Асықтардың археологиялық зерттеулерде кездесуі туралы пікірлерді үш топқа бөліп қарастырады.

Бірінші, асықтардың көне замандарға тән жерлеу орындарында, бөлмедегі ошақтың жанынан табылуы және асықтардың түрлі қырынан тесілген және боялған немесе бетінде әрқилы сызықты белгілердің болуы, сонымен қатар жерленген адамның жас ерекшеліктері және т.б. белгілеріне байланысты ғұрыптық мақсатта пайдаланған.

Екінші, асықтардың өңделуі, егелуі, тесілуі және боялуына (көбіне ортағасырларда) байланысты және асықтың түрлері мен пішіндеріне байланысты көне заманға тән ойын түрлеріне пайдаланған.

Үшінші, асықтарды тері илеу, қыш құмыра жасаудағы жылтыратумен байланысты тұрмыстық мақсатта пайдаланған.

Археолог ғалым М.С. Шағырбаев ортағасырларда асықтың ғұрыптық мәні жоғала бастағанын, бұл кезеңде асық ойын түріне негізделгенін жазады. Дегенмен, қола, темір дәуірінде де асық ойыны болғанын жоққа шығармайды [6].

Ортағасырлық Қастек қаласына жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстары барысында 36 дана қой асығы шыққан. Бұл асықтардың латеральды немесе медиальды қырларының егелуін және дорсальды бөлігіне жасалған тесіктерді археолог ғалым А.Ә. Нұржанов қазақтың дәстүрлі «асық ойындарымен» байланыстырады [7].

Демек, отандық археолог ғалымдардың болжамдарын негізге ала отырып асық ойыны, асықпен ойналатын ойын түрлері қола дәуірінде пайда болған деген қорытынды жасауға болады. Десек те, қазақтың ұлттық ойындарының дамуы қазақ халқының жүріп өткен тарихи жолымен тығыз байланыста екендігін ескере отырып, одан әріден жатқан болуы да ықтимал.

Археолог ғалымдар асықтың ойын құралы ретінде ғана емес, белгілі бір ғұрыптық жоралғыларда қолданғанын, тері илеу, қыш ыдыстардың сыртын тегістеу ісінде де пайдаланғанын жазады.

Этнограф ғалымдардың пайымдауынша, ата-бабаларымыздан бізге жеткен ұлттық ойындарымыздың тарихы Қазақстан жерінде б.з.б. бірінші мыңжылдықта-ақ қалыптасқан. Олардың ішінде тоғызқұмалақ, қуыршақ, асық ойындары Азия елдерінде тайпалық одақтар мен алғашқы мемлекеттерде кеңінен тарады.

XV ғасырда ұлттық ойындардың дамуының жаңа кезеңі басталып, осы кезеңде асықтың ойын ретінде қолданыс аясы жаңа сатыға көтерілді.

XIX ғасырда қазақ жеріне жүргізілген этнографиялық зерттеулерден халқымыздың дәстүрлі спорт ойындарымен қатар, балалар арасында асық ойындарының кең таралғанына көз жеткіземіз.

Осы XIX ғ. өмір сүрген қазақ халқының тұңғыш ағартушы-педагогі Ыбырай Алтынсариннің «Асан мен Үсен» әңгімесінен асық балаларға таптырмайтын ойын болғанын пайымдаймыз.

Неміс зерттеушісі Рихард Каруцтың «Маңғышлақтағы қырғыздар мен түркмендер арасында» деген этнографиялық еңбегінің «Дүниеге келу және балалық шақ» деген IV-тарауында қазақ балаларының ойыны асық туралы: «Мұнда қойдың боялған асығымен ойнау кең тараған. Онымен балалар ғана емес, қарттар да қызығып ойнайды. Киіз үйдің ішінде де, сыртта да ойнап жатқанын көруге болады. Соның біразы мынадай: «Қақпақыл» - қолға алты асық алып, оларды жоғары лақтырады да алақанның сырт жағымен ұстап алуға тырысады. Ұсталған асықтарды тағы да лақтырып, енді оларды алақанының ішімен де, сыртымен де ұстап алуға ұмтылады, кейде лақтырылған асықты ұстаумен бірге жерге түскен асықтарды да тездеп жинап немесе алақандарын шапалақтап мәз болысады. Осындай күрделі жүрістердің әрқайсысына әртүрлі ұпайлар беріледі», - деп асықпен ойналатын «иірмекіл», «сасыр», «бес тас», «хан» дейтін ойын түрлерін сипаттап берген [8].

АСЫҚПЕН ОЙНАЛАТЫН ОЙЫН ТҮРЛЕРІ

Асық ойыны - қазақы ортада ерекше кең тараған ұлттық ойынның түрі, оны көшпелі этномәдени орта тудырған төлтума өнер ретінде де бағамдауға болады. Ойынның негізгі объектісі де, құралы да - асық.

Асық ойынының түрлері көп, бірақ ол ертеде ауызекі туып, жалпақ жұртқа ауызекі таралып отырған да, сондықтан көпшілігі бүгінгі күнге жетпей ұмыт болып кеткен. Дегенмен, соңғы жылдары асық ойынының кейбір ұмыт болған түрлері заманға сай жаңарып, жаңғырып келеді [9].

Сонымен асық ойынының төмендегідей түрлерін атап өткенді жөн санадық. Үш табан, бүгіп алу, көн (жоң), жарып алу, сыпырмай, түртпей, тыштырмай атан, бестас, мергендік немесе шеңбер жасап ату, хан талапай, алты табан, асық қағу, қаршу, алшы, шұбырту, ұпай ұтысу, қол жоң, ат жарыстыру, қошқар соғыстыру, мұз ойнақ, иірмекіл, қақпақыл, сасыр, хан ойыны, аламан хан, асық табысу (асық жасыру), бүк-шік, төрт шүкейт, шомшы, манай және т.б.

Асық ойынының түрлері өте көп. Олар әр өлкеде әртүрлі атауларға ие және ойнау әдіс-тәсілдері де өзгеше. Сөйте тұра аталмыш ойын түрі осы барлық ерекшеліктерін сақтай отырып дамыған.

Асық ойын түрлерін салыстыра отырып оларды «үй ішілік» және «далалық» деп екіге бөліп жіктеуге болады.

«Үй ішілік» - ойын түрі қазіргі заманауи жағдайға икемделіп – «тақта ойыны» деп аталса, ал, «далалық» түрі – «алаң ойыны» делініп жүр.

АСЫҚ ОЙЫНЫНЫҢ «ТАҚТАЛЫҚ» ТҮРІНЕ:

- «Хан» немесе «Хан талапай», «Хан ату», «Құлжа ату»;
- «Құмар»;
- «Қақпақыл»;
- «Қаржу» немесе «Қаржымақ»;
- «Сасыр»;
- «Төрт асық»;
- «Бес тас»;
- «Бес асық»;
- «Иірмекіл» және т.б. жатады.

АСЫҚ ОЙЫНЫНЫҢ «АЛАҢДАҒЫ» ТҮРІНЕ:

- «Арқаласпақ»;
- «Алта атар»;
- «Омпа»;
- «Кетсін бір»;
- «Шыр»;
- «Бәйге»;
- «Алшы»;
- «Бес табан»;
- «Көтеріспек (Атбақыл)» т.б жатады [10].

АСЫҚ ОЙНАУДЫҢ ПАЙДАСЫ

- Баланың жастайынан ой-қабілеті шыңдалады;
- Дәл тигізіп дағдыланады, мерген болып өседі;
- Епті болады,ептілікке дағдыланады;
- Ширақ болып өседі,
- Ұстамдылыққа дағдыланады;
- Алғыр болып өседі;
- Сыйластыққа тәрбиелейді;
- Шапшаң болады;
- Қырағы болып өседі;
- Сергектікке баулиды.
- Асық ойнау арқылы баланың бойында жалпы адамзаттық құндылықтар мен адамның айналадағы дүниемен жеке тұлғалық қатынасын (этикалық, эстетикалық, адамгершілік тұрғысынан) қалыптастыруға болады;
- Халқымыздың мәдени мұрасын, салт-дәстүрдің озық түрлерін бойына дарытып өседі;
- Еңбекқор болып өседі. Еңбек ету кезінде адамның дене, ақыл-ой, эстетикалық дамуы мен еңбек тәрбиесі қатар жүреді. Еңбек адамның қалыптасуы мен тәрбиеленуінде бір ұрпақтан екінші ұрпаққа өмірлік тәжірибе береді және халықтың даму барысында шешуші роль атқарады.
- Асық ойынын бір мезгілде бірнеше бала ойнайтындықтан жас баланың намысын жанып, қатарымнан озсам деген талпыныстыбойға қасиет қылып сіңіреді;

- Асықтың атып ойнайтын түрлері үнемі қимыл-қозғалысты қажет ететіндіктен, денені қыздырып, бойдағы қан айналымын жақсартады. Үнемі отырып-тұру, жүрелей отыру, тізені жартылай бүгу, жиырылу, ширығу жас балалардың денесін шынықтырып, аяқ-қолдағы буын ауруларының алдын алады;

Қорыта айтқанда, асық - қазақтың ықылым заманнан келе жатқан ұлттық спорттық ойындарының бір түрі. Бұл ойын балаларды дәлдікке, намысқойлыққа, сөзінде тұруға, берген уәдені орындауға, ерлікке тәрбиелейді.

Асық ойынының біздің ата-бабаларымыз бен аға буынның өмірінде алған орны туралы мәлімет беру жеткіліксіз. Асық ойынын қазіргі заман жастарына насихаттау керек. Асық атуды - ұлттық бренд деңгейіне көтеру керек.

Егерде асық ойынын мектептерде спорттық ойынның бір түрі ретінде ұйымдастырып, дамыта алсақ, балаларға патриоттық тәрбие беріп, болашақ жастарымыздың ұлттық спортқа деген қызығушылығын арттырар едік.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Аманжолов Урал. Асықтар және ләңгі. Алматы, 2005.

2 Сахариев Е. Асық ату ЮНЕСКО-ның мәдени мұралар тізіміне енді // Қазақстан ZAMAN газеті №50-51., 14 желтоқсан 2017. Б.20.

3 Дулат Аманжол. Асық ату архаизм емес. // Тұмар (Республикалық әдеби-көркем журнал) 2012, № 6 (25).

4 Қайдар Ә. «Қазақтар ана тілі әлемінде: Қоғам». (Этнолингвистикалық сөздік) II том. Алматы, «Сардар»: 2013.

5 Мейрманов А.Б., Бейсова А.Е. Қазақтың ұлттық ойындарының ерекшеліктері. // ҚазҰУ Хабаршысы. «Педагогикалық ғылымдар» сериясы. № 1 (47). 2016.125-129 бб.

6 Шағырбаев М.С. Асықты пайдалану тарихына шолу // https://adyrna.kz/post/25568

7 Нуржанов А.А. Некоторые результаты палеозоологических и палеоботанических исследований на городище Кастек // «Марғұлан оқулары-2014»: Академик Ә.Х. Марғұланның 110-жылдығына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Алматы-Павлодар: 2014.-544с..

8 Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары» Жауапты ред. т.ғ.д., проф. С.Е. Әжіғали. 2-том. Алматы, Арыс 2006. Б.134.).

9 Төтентаев Б. Қазақтың ұлттық ойындары - Алматы: кітап, 1994.

10 Сағындықов Е. Қазақтың ұлттық ойындары - Алматы: кітап, 1994.

ӘОЖ 903
Жанганатова К.Н.
Қазақ спорт және туризм академиясы
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

АРҒЫТҮРКІЛЕРДІҢ АТҚА МІНУ МӘДЕНИЕТІ

Ат - адамға етене жақын жануар. Халқымыз жылқыны «жануарым» деп еркелетіп, шын пейілімен, зор ықыласымен жанына жақын ұстаған, ерекше қамқорлыққа бөлеген. Оған айрықша көңіл бөлген. Жылқы халықтың ұлттық мақтанышы, иесінің байлық нышаны.

Сонау ерте заманнан бері, жылқы адаммен етене қайнасып, біртұтас бірге тіршілік етіп келеді. Жылқы - ел мен жерді жаудан қорғасты. Ат жарысы мен бәйгеде иесіне атақ пен абырой әперді. Халық арасында жылқы түлігін «Ер қанаты - ат» деп асқақтата дәріптеген. Елдің тұрмыс-тіршілігінде маңызды рөл атқарған. Шаруашылықтағы әр түрлі қажетіне пайдаланған. Сонымен бірге оның беретін өнімдері шипалық қасиетке ие. Жылқы адам тіршілігінде –«мінсе - аты, жексе - көлігі, сойса - соғымы, сауса- қымызы» [1].

И.Е. Никонов: «Жылқы көшпенділерде киелі жануар болып саналған. Сондықтан сақтар жылқының суретін қолөнер бұйымдарына бейнелеген. Чертомылық обасынан табылған алтын жалатқан күміс құмырада (Санкт-Петербургта Эрмитажда сақтаулы) жайылып жүрген жылқылар, сол сияқты асау аттың мойнына құрық салып, арқан тартқан үш сақтың кескіні ойылып түсірілген. Ол көрініске қосымша атты тізесіне бүктіріп жаттықтырушы сақтардың да суреті берілген», - дейді.

Шығысты зерттеуші, ботаник, фармацевт, натуралист Иоганн Сиверс: «Көшпенділер жылқы сүтінен қымыз ашытып, шипа ретінде қолданады. Өзінің Алтай өңірінде қымыз ішіп көптеген аурулардан жазылғанын айта келе, тері ауру, жұқпалы, туберкулез аурулары оларда мүлдем кездеспейді», - дейді.

Арғытүркілердің атқа міну мәдениеті мен жылқы шаруашылығы жер жүзіне Ұлы даладан тарағаны тарихтан белгілі. Еліміздің терiскейінде энеолит дәуіріне тиесілі «Ботай» қонысында жүргізілген қазба жұмыстары жылқының тұңғыш рет қазіргі Қазақстан аумағында қолға үйретілгенін дәлелдеді. Ботайлықтар ең алдымен жылқыны қолға үйретті, мініске, күш көлікке пайдаланды.

Жылқыны қолға үйрету көптеген жаңалықтардың дүниеге келуіне (жаңа ашылуларға) себепші болды. Айталық қамшы, үзеңгі, ер-тұрман, ауыздық, арба, шалбар, етік т.с.

Біздің заманымыздан төрт-бес мың жыл бұрынғы тарихи дәуірдің мәдени мұрасы болып табылатын – Ботай мәдениеті 1,5 гектар аймақты алып жатқан бізге арғытүркілерден жеткен мәдени мұра.

Ботай - Қазақстандағы ерте дүние аймағының ең көне мекені, біздің заманымызға дейінгі 53 ғасыр бұрынғы тарихи дәуірдің асыл мұрасы. Осы жерден дала еркениеті басталды деуге толық негіз бар.

158 елді мекеннен 120 мыңға жуық заттай айғақтар табылды. Басты олжа жылқының 70 мың сүйегінің табылуы еді.

Бұрын соңды зерттелмеген тың тақырыпты тыңғылықты зерттеп, бүкіл әлемге танытқан археолог ғалым Виктор Зайбертке «Ботай - ежелгі адамдар мекені» еңбегі үшін Берлин институтының корреспондент-мүшесі ғылыми атағы берілді.

«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарлама аясында біраз шаруалар тындырылды. Көкшетау ұлттық паркінің бастамасымен бұл мекенде тарихи-археологиялық қорық ұйымдастырылды.

Бұрынғы Көкшетау облысының Ботай ауылының қасынан бір жарым гектар аймақты алып жатқан Ботай мәдениеті айнала коршалып, 158 үйдің орны қазылып, қалпына келтірілді. Олар қабырғалары бір-біріне жалғастыра салынған бірнеше тұйықталған бөліктерден тұрады. Мұндай томаға-тұйық жоспарланған орындарға жататын құрылыстар 30-ға жуық. Олардың ішінен белгілі бір жүйемен ені 4-8 метр, ұзындығы 50 метрге дейін жететін қаз-қатар көшелердің екі жағына кейде 15-16 үйден салынған. Шаруашылық құралдары да көз қызықтырарлық.

Көбіне алуан түрлі тастан, саз балшықтан, сүйектен жасалғаны бірден байқалады. Ал, құрал-саймандарға қарап шаруашылықтың күрделі болғанын аңғаруға болады. Тас тоқпақтар, пышақтар, қанжарлар, сүңгілер, найзалардың ұштары, тағы аңдар, балық аулауға арналған шанышқылар, жылқы ұстауға арналған жүгеннің сүйек тетіктер мен ілгектері екенін болжау қиын емес. Тұрғын үйлер салу кезінде балға, шот, қашау, кескіш, қырғыш секілді ағаш өндейтін аспаптар молынан пайдаланылған. Қосалқы саймандар арасында шой балғалар, түрпілер, шақпақтастан жасалған бұрғылар жиі кездеседі. Тері өндеу ісінің, керамика өндірісінің, тігіншіліктің жолға койылғанын айғақтай-тын заттар жеткілікті. Орасан зор мөлшердегі остеологиялық материалдардың басым көпшілігіне жылқы сүйектері пайдаланылған. Жерлеу ғұрпына байланысты бірқатар символдық заттар тотемизмнің, бабаларға табыну дәстүрінің болғанын көрсетеді [2].

Ботайда ашылған ғылыми негізі мықты жаңалықтың қазақ жерінен табылуы қазақ халқының 4-5 мыңжылдан бері бұл жердің байырғы тұрғыны екенін айғақтайды.

Жылқымен казақты бөліп карау мүмкін емес. Қашан да жылқы бар жерде қазақ бар, қазақ бар жерде жылқы өседі. Ол дәстүр күні бүгінге дейін жалғасуда. Оны бүгінге дейін жалғастарып отырған басқа емес, тағы да қазақ.

Қазақ жылқысының алты мың жылдық тарихын зерттеп жүрген жылқытанушы ғалым, тарихшы-этнограф Ахмет Тоқтабай «Әлемге жылқы малын сыйлаған - қазақ»,- деп жазып жүр [2].

Жылқының сыртқы мүшесіне байланысты 95-ке жуық, жылқы санына байланысты 200-ге жуық, жылқының түсіне байланысты 400-ге жуық теңеуді, аттың жүрісіне байланысты 31 сөз бен қазының 26 түрлі атауының бар екенін анықтап бір жүйеге келтірген [2].

Соңғы зерттеулерге қарағанда қазақтың ат ойындарының саны 50-ге жуық. Олардың ішінде ат спорты түрлері:

- Аламан бәйге - алыс және өте алыс қашықтарға атшабыс;
- Бәйге - ойлы қырлы жерлермен атшабыс;
- Ат омырауластыру – атты итерістіріп шеңберден шығару;
- Ат жегу – тез арада атты дайындау;
- Аударыспақ – ат үстінде алысу;
- Жорға жарыс – жорғалар сыны;
- Құнан бәйге, дөнен бәйге, тай жарыс – жылқы түліктерінің жарысы;
- Қыз қуу,
- Көкпар – командалық ойын;
- Жамбы ату – шауып келе жатып нысана көздеу;
- Күміс ілу – жерден күміс тиынды ат үстінен іліп әкету;
- Сайыс – ат үстінде қарумен жекпе-жек өткізу [3].

Ат құлағында ойнаған көшпелілерде жылқы негізгі көлік және түрлі шикізат көзі болғандықтан, жеке мініс аты жоқ, жылқысы жоқ адам болмаған. Сондықтан, ер қанаты ат демекші, жақсы ат жеті қазынаның біріне саналып, көшпелі өмірде аса маңызды орынға ие болды. Шабандоздардың қимыл-қозғалысынан-ақ иесінің ниетін дәл сезетін арнайы көкпар аттары болды. Ал жүйрік пен жорға ұстау үлкен мәртебе саналды.

важнейших ориентиров всех сфер жизнедеятельности человека и общества. Многовековой духовный опыт различных религиозных традиций, определяющий мировоззренческие, этические, художественные, познавательные и другие ценности многих людей, может быть не только воспринят обучающимися как отвлеченная информация, но и в той или иной форме может быть включен в их собственные аксиологические установки, формирующие отношение к другим людям и нормы поведения в обществе. А именно: развитие нравственных качеств; проявление уважения к старшему поколению; забота о младшем поколении; желание и стремление помочь неблагополучным членам общества; самостоятельность и ответственность в области семейной жизни; половое воспитание на основе выработки целомудренного и ответственного поведения в области отношений с противоположным полом; направленность личностного развития на высокие духовные образцы; способность противостоять проявлениям безнравственности, социальной деструктивности, духовной апатии.

В итоге, рефлексивно-критический анализ соотношения понятий светскости и религиозности в современных образовательных форматах позволяет человеку научиться решать необычные задачи, которые имеют целый ряд возможных решений, различающихся не по признаку «правильно — неправильно», а по степени эффективности и перспективности. Такое решение, принятое на основе внутренней убежденности, должно открывать человеку новые пути развития и новые возможности личностного роста, то есть вести к новым проблематическим ситуациям, которые человек должен разрешать, самостоятельно вырабатывая новые принципы и стратегии поведения, обеспечивающие достижение органичной взаимосвязи индивидуального и социального благополучия.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1 Изотов М.З., Сарсенбаева З.Н., Хамидов А.А. Формирование человеческого капитала в независимом Казахстане: социально-философский анализ. – Алматы: Институт философии и политологии Комитета науки МОН РК, 2011. – 292 с.

2 Ильенков Э.В. Философия и культура. – М.: Политиздат, 1991. – 464 с.

3 Изучение религиозной культуры в светской школе / Толерантность: сборник (под ред. М. Мчедлова) http://www.gumer.info/bibliotek_Buks/Sociolog/toler/09.php.

4 Понкин И.В. Светскость государства. – М.: Учебно-научный центр довузовского образования, 2004. – 466 с.

5 Грязнова Е.В., Березкин С.Н., Ершов Д.И., Москаленко В.В. Анализ места религиозности в молодежной среде современной России // Балтийский гуманитарный журнал. – 2020. – Т.9 – №2(31). – С. 24-26.

ӘӨЖ 613.83
Сұлтанбек Р.Қ., Сабденбеков Е.У.
Халықаралық туризм және меймандостық университеті
Түркістан қ., Қазақстан Республикасы

САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫНЫҢ НЕГІЗГІ КОМПОНЕНТТЕРІ

Салауатты өмір салты дегеніміз - адамның денсаулығын сақтауға, қалыптстыруға, аурулардың алдын алуға және жалпы адам ағзасын нығайтуға бағытталған өмір сүру үлгісі. Өз мәнісінде, бұл адамның дене және психикалық денсаулығы теңдестірілген дегенді білдіреді, сондықтан біреуіндегі өзгеріс (жақсы немесе нашар) екіншісіне тікелей әсер етеді. Демек, төменде аталған кеңестердің кейбірі, оның ішінде эмоциялық және психикалық «салауатты өмір салты» бойынша ұсыныстарды қамтитын болады.

Салауатты өмір салтының негізгі құрамдас бөліктерін қарастырайық:

1) Теңдестірілген диета және дұрыс тамақтану.

Денсаулыққа көптеген факторлар әсер етеді, олардың бірі тамақтану болып табылады. Дені сау қалу үшін адам өзінің не жегенін бақылап отыруы керек. Теңдестірілген диета - майлардың, ақуыздардың, минералдар мен дәрумендердің қажетті мөлшерін қамтитын диета.

Барлық өнімдер мен сусындардың рұқсат етілген деңгейдегі калориялары ескерілетін дұрыс тамақтану режимін ұстану қажет. Дұрыс тамақтану рационына мынадай өнімдер кіреді:

- түрлі көкөністер;
- құрамында қанты аз жемістер;
- дәнді;
- сүтті, йогуртты, ірімшікті қоса алғанда, майсыздандырылған немесе майланбаған сүт өнімдері;
- теңіз өнімдерін, майсыз ет пен құсты, жұмыртқаны, бұршақты, сондай-ақ жаңғақты, тұқымды және соя өнімдерін қоса алғанда, әртүрлі ақуыз өнімдері [1].

Көптеген адамдар күнделікті жеткілікті мөлшерде тамақ тұтынуды елемейтін өте маңызды ереже. Егер адам оны жеткіліксіз пайдаланса, оның ағзасы калориялар мен энергияны сақтау қажеттілігін ескере отырып жұмыс істейді, сондықтан адам одан көп жеген кезде ағза оны тиісті түрде пайдаланбастан, осы энергияны сақтайды.

Күн сайын үш ас ішіп, тамақ ішу керек. Үш рет тамақтану адамның кесте бойынша тамақтануына және жеткілікті калория мен қоректік

заттарды алуына кепілдік береді. Әрбір 4-5 сағат сайын тамақтану жеткілікті энергия мен тиімді зат алмасуға кепілдік береді.

Егер адам тамақ ішу арасында ащы болса, дәмдеуіштер маңызды. Ашытқы ақуыздан және/немесе майдан + көмірсутектен тұруы тиіс. Ашытқылар негізгі тамақ ішкенге дейін энергияны сақтайды және ол кезінде артық тамақтану мүмкіндігін азайтады.

Тарелканың пропорциялары әрбір тамақ ішуде шамамен көкөніс және/немесе жеміс-жидек, ақуыз, пайдалы көмірсулар және аздап май болатындай болуы тиіс.

Кейде назар аудармайтын басқа бір сәт - суды жеткілікті тұтыну. Сусыздану шаршау сезімін тудырады, ал кофеин мен алкогольді қатты сусыздандырады.

2) Физикалық белсенділік және тұрақты жаттығулар. Күн тәртібіне қандай да бір дене жаттығуларын немесе белсенділікті қоспаса, салауатты өмір салтын ұстану мүмкін емес. Жаттығулар денсаулық пен форманы сақтап қана қоймай, салмақты сақтауға да көмектеседі. Дене шынықтыру белсенділігі жаттығу залына баруды және ауыр заттарды көтеруді міндетті түрде білдірмейді. Жай ғана баяу жүгіруден немесе саябақта сергек серуеннен бастауға болады. Бұл дене белсенділігінің ең төменгі деңгейін ұстап тұру үшін жеткілікті болады. Ағза тұрақты дене жүктемесіне бейімделгеннен кейін күш жүктемесіне көшуге болады.

Дене шынықтырумен тұрақты сабақтар:

- бұлшық ет массасының жас төмендеуін алдын алу және кері қайтару, икемділік пен төзімділікті жақсарту, сондай-ақ қарттардың құлау қаупін азайту;

- жүректің ишемиялық ауруының, инсульттің, диабеттің, семіздіктің және жоғары қан қысымының алдын алуға көмектеседі;

- сүйектерді нығайту есебінен остеопороздың алдын алуға көмектеседі;

- тұрақты спортпен шұғылдану созылмалы артритпен ауыратын адамдарға автокөлік жүргізу, баспалдақпен көтерілу және банкаларды ашу сияқты күнделікті әрекеттерді орындау қабілетін жақсартуға көмектесе алады;

- өзін-өзі бағалауды және өзіне сенімділікті арттыруға, стресс пен алаңдаушылықты азайтуға, көңіл-күйді және жалпы психикалық денсаулықты жақсартуға көмектеседі.

- дене салмағын бақылауға көмектеседі, ал кейбір адамдардың майын жоғалтады.

Аптасына кем дегенде 3-5 күн 30 минут қалыпты жаттығулар (мысалы, жүру) ұсынылады. Жаттығуды 10 минуттық сабаққа бөлуге болады. Жарақаттануды, шектен тыс ауыруды немесе шаршауды болдырмау үшін сабақты біртіндеп және жеңіл жүктемелерден бастау

керек. Уақыт өте келе уақытты 30 минуттан 60 минутқа дейін ұлғайту қажет.

Адамдар спортпен шұғылдануға ешқашан кеш емес. Тіпті әлсіз қариялар (70-90 жас) жаттығулардың көмегімен өз күштері мен тепе-теңдігін жақсарта алады. Жаттығулардың көптеген түрлері (су аэробикасы, жүру, жүзу, күш жаттығулары, йога және т.б.) барлығына пайдалы.

Балаларға арналған спорт дене жаттығулары үшін өте жақсы мүмкіндіктер беруі мүмкін, бірақ кейбір жаттығуларға шамадан тыс күш жұмсамау үшін абайлау қажет (мысалы, бейсболдағы соққылардың тым көп болуы буынға, мысалы, шынтаққа немесе иыққа зақым келтіруі мүмкін).

Қарқынды жаттығу кезіндегі кернеу адамда шаршау тудыруы мүмкін, бірақ егер ауырсыну пайда болса, ауыру көзі анықталғанға дейін жаттығуды тоқтату қажет. Адамға осындай жаттығуларды жалғастыру жөнінде медициналық көмек пен кеңес қажет болуы мүмкін.

Айта кету керек, адамдардың көпшілігі орташа жаттығуларға, мысалы, медициналық тексерусіз жүруге кірісе алады. Алайда келесі адамдар анағұрлым жігерлі жаттығуларды бастамас бұрын дәрігермен кеңесуі тиіс:

- 40 жастан асқан ерлер немесе 50 жастан асқан әйелдер;
- жүрек немесе өкпе аурулары, демікпе, артрит немесе остеопороз бар адамдар;
- дене жүктемесі кезінде кеуде қысымына немесе ауырсынуына ұшырайтын немесе шаршау немесе тыныс алу оңай пайда болатын адамдар;
- жүректің ишемиялық ауруының даму қаупі жоғары адамдар, қан қысымы жоғары, диабет, темекі шегетіндер, қандағы холестериннің деңгейі жоғары және басқалар;
- патологиялық семіздігі бар адам.

Дене белсенділігі мен қозғалысы аз болмауының салдары:

- жүрек ауруының және қатерлі ісіктің кейбір түрлерінің даму тәуекелі;
- II типтегі қант диабетінің дамуы;
- салмақты арттыру.

3) Жеткілікті дені сау ұйқы.

Ұйқы - салауатты өмір салтының маңызды құрамдас бөліктерінің бірі. Өзін ұйқы мен демалыстан айыру денсаулыққа нашар әсер етуі мүмкін. Ұйқыға келер болсақ, әр түні кем дегенде жеті сағат ұйықтау өте маңызды. Жатын бөлме немесе адам ұйықтайтын орын ұйықтауға ыңғайлы болуы тиіс, мысалы, үй-жай жақсы желдетілуі тиіс.

4) Психикалық денсаулық.

Диетадан, ұйқыдан және жаттығудан басқа, психикалық жай-күйі де тұрмыста шешуші рөл атқарады. Егер адам дені сау болмаса, бұл оның

иммунитетіне әсер етеді. Бұзылған иммундық жүйе адамды көптеген созылмалы ауруларға бейім ете алады. Өмірдегі келеңсіздіктің кез келген түрінен арылу қажет. Ол үшін теріс эмоциядан сақтайтын қандай да бір хоббимен айналысуға болады.

5) Әлеуметтік өзара іс-қимыл және әлеуметтік байланыстар. Бақытты және дені сау болу үшін қоршаған адамдармен салауатты қарым-қатынасты дамыту қажет. Қолдайтын және жағымды қарым-қатынас теріс әсерді тежеуге көмектеседі және жалпы денсаулыққа пайда әкеледі. Өзін-өзі пікірлес адамдармен қоршау тиесілік пен қорғалу сезімін береді, бұл өмір сүру сапасы мен ұзақтығын арттырады.

6) Зиянды әдеттерден бас тарту. Мысалы, темекі шегуден бас тартуға мына кеңестер көмектесе алады:

- темекі шегуден бас тарту үшін күн белгілеу. Мүмкін болса, сізбен бірге темекі шегуді тастауға тырысатын адамды табу;
- адам қашан және неге темекі шегетініне назар аудару керек. Күнделікті өмірде адам темекі шегу кезінде жиі жасайтын нәрселерді табуға тырысу қажет (мысалы, таңертеңгі кофе ішесіз немесе машина жүргізесіз);
- темекі шегу режимін өзгерту, мысалы, темекіні басқа жерде сақтау, басқа қолмен темекі шегу. Темекі шегу кезінде ештеңе істемеу және осы сәтте өз ойларын талдау керек [2].

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Байер К.,Шейнберг Л.Здоровый образ жизни. Москва : Мир, 2016. 368 с.

2 Плещев А.М. Главные составляющие здорового образа жизни // Вестник Шадринского государственного педагогического университета. 2018. No 3(39). С. 39-43.

ӘОЖ 93/94
Тебегенова Э.Т.
Қазақ спорт және туризм академиясы
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ЖЕТІСТІКТЕРІ МЕН БОЛАШАҚҚА БАҒДАРЫ

Қазақстан Республикасы – қазіргі әлем өркениеті кеңістігі дүние жүзінің елдерімен тең деңгейде дипломатиялық және экономикалық қарым-қатынастар орнатқан танымал мемлекет. Тәуелсіздік жылдары еліміздің сыртқы саясаттағы күш-жігерінің арқасында орасан зор тарихи маңызды жұмыстар жүзеге асырылды. Қазақстан – дүниежүзілік

қауымдастықта лайықты өз орны бар Тәуелсіз ел. 1991 жылы әлемдік қоғамдастық кеңістігінде Қазақстан жаңа таныла бастаса, қазіргі кезде әлем назарындағы мемлекет болды. Әсіресе, Қазақстан Орталық Азияның көшбасшысына, халықаралық құрметті әріптеске, халықаралық лаңкестікке, есірткінің жайылуы мен ядролық қарудың таралуына қарсы белсене күресуімен танылды. Қазіргі кезде Қазақстан әлемдік қауымдастықтың орталығы Біріккен Ұлттар Ұйымының толыққанды мүшесі. Мемлекетіміздің тәжірибе жүзінде әрқашан кең қолдау тауып, бастамалары іс жүзіне асырылып келеді. Еліміз халықаралық дәрежеде танылудың жаңа сапалық деңгейіне көтеріліп отыр.

1991 ж. 10 желтоқсанда Қазақ КСР-ы атауы Қазақстан Республикасы болып өзгертілді. 1991 ж. 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің жетінші сессиясында парламент депутаттары "Қазақстан Республикасының мемлекеттік Тәуелсіздігі туралы" Заң қабылдап, заңның бірінші бабында Қазақстан Республикасы Тәуелсіз мемлекет болып жарияланды. Қазақстан Республикасы өзінің жеріне, ұлттық табысына жоғары иелік ету құқы бар, Тәуелсіз сыртқы және ішкі саясатын жүргізетін, шет мемлекеттермен халықаралық құқықтық принциптері негізінде өзара байланыс жасайтыны жазылған. Мемлекетіміздегі барлық этнос азаматтары Қазақстанның біртұтас халқын құрайды, олар республикадағы егемендіктің бірден-бір иесі және мемлекеттік биліктің қайнар көзі екендігі атап көрсетілген. Мемлекет азаматтары өздерінің ұлтына, ұстайтын дініне, әр түрлі қоғамдық бірлестікте болуына, тегіне, әлеуметтік және мүліктік меншігіне, айналысатын қызметіне, мекендейтін өңіріне қарамастан тең құқықтар иеленетіні, тең міндеткерлікте болатыны көрсетілген. Қазақстан Республикасы өз Тәуелсіздігі мен территориялық тұтастығын қорғау мақсатында өзінің Қарулы Күштерін құратындығы, Отан азаматтарының әскери міндетін өтеу борышы, оның тәртіптері мен талаптары да нақты белгіленген.

1991 жылдың 16 қазанында Жоғарғы Кеңес «Қазақ ССР Президентін сайлау туралы» заңды қабылдап, 1991 жылдың 1 желтоқсанын Қазақ ССР Президентін сайлау күні етіп белгілеген қаулы да жарияланды. Қазақстан Мемлекетінің тарихында тұңғыш рет Республика басшысын жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы таңдау мүмкіндігі заңмен бекітілді.

Тәуелсіз Қазақстан тарихында 1992 жылдың 2 наурызы – Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымына мүшелікке қабылданған аса маңызды дата. Қазақстан БҰҰ Бас Ассамблеясының 46-сессиясында Ұйымның жаңа мүшесі ретінде қабылданып, қазіргі заманның ең өзекті халықаралық проблемалары бойынша белсенді позиция ұстанатын мемлекет ретінде танылды.

1995 жылдың 30 тамызында бүкілхалықтық референдум қорытындысында Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылданды. Атазаңымызда мемлекеттік және қоғамдық құрылыстың ұйымдастырылуы және болашаққа бағдар ұстай отырып қызмет ету ұстанымдары айқын көрсетілді. Отанымыздың әрбір жеке адамның және азаматтың конституциялық мәртебесі, мемлекеттегі халықтың мәртебесі, мемлекеттік билік пен мемлекеттің әлеуметтік базасының қайнар көзі болып саналатын адам мен азаматтың құқықтары, бостандықтары және міндеттері нақты көрсетілді.

Мемлекеттік рәміздер – Отанымыздың тарихындағы тұңғыш құндылықтарымыз. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Елтаңбасы — Қазақстан Республикасының негізгі мемлекеттік рәміздерінің бірі. Ол – Қазақстан Республикасының Президентінің «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы» конституциялық заң күші бар Жарлығымен (24.1.1996) бекітілген. Рәміздік тұрғыдан ҚР мемлекеттік гербінің негізі — шаңырақ. Ол — елтаңбаның жүрегі. Шаңырақ — мемлекеттің түп-негізі — отбасының бейнесі. Шаңырақ — киіз үйдің күмбезі, көшпелі түркі халықтары, оның ішінде қазақ үйіндегі, ошақтың, отбасының бейнесі. Тұлпар — Ұлы Дала көлігі, көшпелілердің желдей ескен жүйрігі, жеңіске деген жасымас жігердің, қажымас қайраттың, мұқалмас қажырдың, тәуелсіздікке, бостандыққа ұмтылған құлшыныстың бейнеленуі. Қанатты тұлпар — қазақ фольклоры мен әдебиетіндегі классикалық бейне. Тұлпар ұшқыр арманның, самғаған таңғажайып жасампаздық қиялдың, талмас талаптың, асыл мұраттың, жақсылыққа құштарлықтың көркем бейнеленген суреті. Көшпелілердің қанатты тұлпары Уақыт пен Кеңістікті тұтастырады. Тұлпар – мәңгілік өмірдің бейнесі. Көк тулы Қазақстан шаңырағының астында тату-тәтті өмір сүретін халқының өсіп-өркендеуін, рухани байлығын, сан сырлы, алуан қырлы бет-бейнесін біздің Герб толық қамтыған. Бес бұрышты жұлдыз – гербтің тәжі болып саналады. Бес бұрышты жұлдыз арқылы отандастарымыздың бәрінің де жол нұсқайтын жарық жұлдызы бар екендігі бейнеленген. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Елтаңбасының авторлары — Жандарбек Мәлібеков пен Шот-Аман Уәлиханов.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік Туы –мемлекеттік негізгі рәміздердің көрнектісі. Мемлекеттік ту ҚР Президентінің «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы» конституциялық заң күші бар Жарлығымен (24.1.1996) бекітілген. Мемлекеттік туымыз ортасында шұғылалы күн, оның астында қалықтап ұшқан қыран бейнеленген тік бұрышты көгілдір түсті мата. Тудың ағаш сабына бекітілген тұсында — ұлттық оюлармен кестеленген тік жолақ өрнектеліп орналасқан. Тудың бетіндегі Күн, арай, қыран және ою-өрнек — алтын түсті бояуымен ерекшеленген. ҚР Мемлекеттік Туының авторы — суретші Шәкен Ниязбеков. Тудағы Бірыңғай көгілдір түс төбедегі бұлтсыз ашық

аспанның биік күмбезін елестетеді және Қазақстан халқының бірлік, ынтымақ жолына адалдығын байқатады. Бұлтсыз көк аспан барлық халықтары үшін әрқашан да бейбітшіліктің, тыныштық пен жақсылықтың нышаны болуымен бағаланған. Геральдика (латын тілінде –гербтану) – көк түс және оның түрлі реңкі адалдық, сенімділік, үміт сияқты адамгершілік қасиеттерді танытуымен ерекшелінеді. Байырғы түркі өркениеті тарихындағы түркі тілінде "көк" сөзі аспан деген ұғымды білдіріп, көк түс қазақ халқы үшін қасиетті сөз болып қалыптасқан. Түркі және әлемнің өзге де халықтарындағы көк түстің мәдени-семиотикалық тарихы негізінде, Мемлекеттік Тудағы көгілдір түстің Қазақстан халқының жаңа мемлекеттілікке ұмтылған ниет-тілегінің тазалығын, асқақтығын көрсететіндігін түсінеміз. Тудағы Нұрға малынған алтын Күн тыныштық пен байлықты бейнелеуімен маңызды. Адамзат үшін Күн — қозғалыс, даму, өсіп-өркендеудің және өмірдің белгісі ретінде бағаланады. Күн — уақыт, замана бейнесі. Қанатын жайған қыран құс — бар нәрсенің бастауындай, билік, айбындылық бейнесі. Көк Туымыздағы ұлан-байтақ кеңістікте қалықтаған қыран Қазақстан Республикасының еркіндік сүйгіш асқақ рухын, қазақ халқы жан ділі дүниетанымының кеңдігін, жомарт пейілін бейнеленумен маңызды.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік Әнұраны (сөзі: Жұмекен Нәжімеденов, Нұрсұлтан Назарбаев; әні: Шәмші Қалдаяқов) – Отанымыздағы барлық азаматтардың мемлекеттік қазақ тілінде орындайтын қасиетті ресми жыры.

Тәуелсіз мемлекетіміздің экономикасы үшін негізгі қаржылық қатынас дәнекері ұлттық валюта – Қазақстан теңгесі. Ол – Қазақстан Республикасының тұңғыш ұлттық валютасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 ж. 15 қарашадағы жарлығы бойынша айналысқа енгізіліп мемлекетіміздегі халқымыздың тұрмыстың әлеуетін нығайту қызметін атқарып келеді [1].

Қазақстан Республикасы – ислам, христиан және буддизм сынды әлемдік ірі діндердің табиғи тоғысқан мекені болғаны – тарихи дәстүр жолы. Ғасырлар бойы әртүрлі халықтар мен этностардың өкілдері біздің Отанымызда бейбіт өмір кешіп, еңбек етуде. Өзара байып, өркендеуге алып келген жүйелі мәдени және рухани байланыстар жаңаша жалғасуда. Қазіргі жаңа дәуірімізде де біздің халқымыз бұл баға жетпес құндылығымызды сақтап, ұлғайтып, болашақ ұрпаққа мирас етіп қалдыруға ынталылығымен әлем халықтарының құрметіне ие болуда.

«ЭКСПО – 17» халықаралық көрмесін ұйымдастырып Қазақстан посткеңестік кеңістікте өз аумағында кең ауқымды көрме өткізу құқығына ие болған бірінші ел екендігін дәлелдеді. Өткен тарихи кезеңдерде Ұлыбритания, Франция, АҚШ, Австралия, Австрия, Бельгия, Италия, Канада, Испания, Бразилия, Оңтүстік Корея, Португалия, Германия, Қытай және Түркия сынды мемлекеттердің де бүкіләлемдік көрме өткізгендігі

мәлім. Қазақстан Республикасының әлем өркениетіндегі осы дәстүрлі іс-шараның өткізгені – Отанымыздың халықаралық беделін мәртебелендіре түсті.

«Астана ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесі – Қазақстанның елордасы Астана қаласында 2017 жылдың 10 маусымынан 10 қыркүйегіне дейін «Болашақ энергиясы» тақырыбымен өтті. ЭКСПО-2017 көрмесінің бойтұмары Сәуле, Қуат, Мөлдір болғандығы айта отырып, көрменің құрылымдық ерекшелерін де мақтанышпен айта аламыз.

Қазақстан Республикасының жаңа тарихнамасында жүзеге асырылған игі істердің көрнектісі – жыл сайын 1 наурыз күні – Алғыс айту күнінің белгіленгендігі. Бұл – Қазақстан Республикасындағы ұлттар татулығының ұйытқысы болған мереке. Мемлекет құрушы қазақ халқына республикадағы әр түрлі этнос өкілдерінің ризалық көңілін танытатын бұл мереке 1 наурыз – Алғыс айту күні болып бекітіліп, өткізіліп жүр. Халықтар достығының Қазақстандағы тұрақты сақталып келе жатқан дәстүрін танытатын бұл күн – мемлекет ішіндегі барлық этностардың өзара татулығын, отбасылардың, туған туыстардың, бірге өмір сүріп жатқан бүкіл адамдардың бірлігін нығайтатын өте маңызды мереке. Қазақстанның Тәуелсіздігі жылдарындағы бірлігі жарасқан халқының мызғымас татулығы әлем алдында жыл сайын осылайша аталып отырады.

Тәуелсіздіктің алғашқы кезеңінде мемлекет құрушы қазақтың ұлттық тарихында көрнекті ақын-жазушылардың, ғалымдардың мерейтойларын БҰҰ-ның ЮНЕСКО бағдарламасы бойынша атап өту жүзеге асырылды. Мысалы, Абай Құнанбайұлының -150, Махамбет Өтемісұлының - 200, М.Әуезовтің, С.Мұқановтың, Ғ.Мүсіреповтің, Ә.Марғұланның - 100 жылдық мерейтойлары өткізілді. Бұл дәстүр 2020 жылы Әбу Насыр Әл-Фарабидің - 1150, Абайдың -175, Алтын Орданың - 750, Жамбылдың - 175 жылдық мерейтойларын атауға жалғасты.

Қазақстан Республикасының бұрынғы тарихи негізі болып саналатын Қазақ хандығының 550 жылдығы да 2015 жылы жалпыхалықтық деңгейде атап өтілді. Бұл – мемлекет құрушы қазақ халқының көпғасырлық тарихын бағалау.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты 4-ші жолдауын 2022 жылдың 16 наурызында жариялады. Жолдаудың Қазақстан үшін тарихи маңызы елдің әкімшілік құрылымының ішінара өзгеруі болды. Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар қазіргі кезде белсенді жүргізіліп жатыр. Атап айтқанда, іс-шаралардың жүйелі жүргізілуі халқымыздың азаматтық-отаншылдық рух қуатын күшейтуде айрықша ықпал етіп отыр.

Қорыта айтқанда, Тәуелсіз Қазақстан Республикасы – қазіргі әлем өркениеті кеңістігі дүние жүзінің елдерімен тең деңгейде дипломатиялық және экономикалық қарым-қатынастар орнатқан танымал мемлекет. Қазақстан Республикасының Мәңгілік Ел бағдары дамуындағы

стратегиялық-экономикалық міндеттерді кешенді түрде жүзеге асыратын болашағы жаңа жетістіктермен жалғаса берері ақиқат.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінге дейін (очерк): Ұжымдық кітап. – Алматы: Дәуір, 1994. – 448 б.

2 Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 5-том: Қазіргі заманғы Қазақстан. – Алматы: Атамұра, 2010. – 688 б.

3 Тоқаев Қ.К. Тәуелсіздік бәрінен қымбат// EGEMEN QAZAQSTAN, №2 (29981), 5 қаңтар, 2021 жыл, 1-3-бб.

ӘОЖ 93/94
Тебегенова Э.Т.
Қазақ спорт және туризм академиясы
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

ҚАЗАҚТЫҢ КӨРНЕКТІ ЖАЗУШЫСЫ МҰХТАР ӘУЕЗОВТІҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ БАТЫРЛАР БЕЙНЕСІ

Адамзат тарихындағы елеулі оқиғалар көрнекті қайраткер тұлғалардың қызметтеріне қатысты қарастырылады. Тарихи тұлғалардың саяси-әлеуметтік мәні маңызды жалпы халықтық қозғалыстарға, көтерілістерге байланысты іс-әрекеттері олардың дүниетаным сипатына тікелей байланысты болады. Тарихтағы көрнекті қайраткер тұлғалардың туған халқы мен әлем жұртшылығының тағдырына байланысты көзқарастары, ұстанымдары олардың шығармашылық қызметтері арқылы да айқындалады.

Көрнекті тұлғалардың қоғамдық-әлеуметтік және шығармашылық қызметтері тұтасқан іс-әрекеттері – тарих философиясы ұғымының аясында айқындалады. Қазіргі заманғы зерттеулер жүйесіндегі «Тарих теориясы» туралы еңбек жазған ғалым Бенедетто Кроченің пікірі бойынша: «Тарихтың осы заманғы болуының шарты – оның тарихшы жадында жаңғыруы, егер кәсіптік техниканы пайдалансақ, тарихи құжаттардың түсінікті болғаны қажет. Дерек әңгімелер түрінде кездессе, бұл деректің барынша бай әрі ұтымды екенін көрсетеді. Әңгімелер – құжаттардың негізі, оларды жаңаша түсіндіруге және кесіп-пішіп, талдауға болады. Тарихты әңгімелерден құрастырмайды, құжаттардың негізінде жазады (соңғыларын қарабайырландырылған әңгімелер десе де болады). Осы заманғы тарих тікелей өмірден туындайды, сондай-ақ осы заманғы емес, яғни өткен тарих туралы да осылай айтуға болады. Өйткені, тек бүгінгі күнгі қызығушылықтың өткен заманғы деректерді іздестірудің қозғаушы күші екені анық. Бұрынғыға жататын деректің табылуы және

оның бүгінгі күнгі қызығушылықпен біріктірілуі өткеннің емес бүгінгінің шындығына айналады» [1, 352-353-бб.].

ХХ ғасырдағы Қазақстан тарихын жүйелеп қарастырғандардың қатарында кәсіби тарихшы ғалымдармен бірге қатарласа, қанаттаса еңбек еткен ақын-жазушы, мәдениеттанушы, өнертанушы, философ, этнограф, медик, т.б. ғылымдар салаларындағы зерттеушілер де аталады. Мысалы, Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Халел Досмұхамедұлы, Санжар Асфендияров, Мұхамеджан Тынышбаев, Сәкен Сейфуллин, Сәбит Мұқанов, Мұхтар Әуезов, Әлкей Марғұлан, Әуелбек Қоңыратбаев, Қажым Жұмалиев, Бейсенбай Кенжебаев және т.б. зерттеушілер тарихшылық ұстанымындағы еңбектерімен Қазақстан тарихының зерттелуі мен оқытылуына елеулі үлес қосты.

Әсіресе, Қазақстан тарихының іргелі академиялық сипатпен жазыла бастауында Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің мәдениет тарихының зерттеушісі тұғырында еңбек еткені – ұлттық ғылымымыздың көрнекті көрсеткіштерінің бірі.

Мұхтар Әуезовтің Қазақстан тарихына арналған еңбектері (мақалалары, әңгімелері, повестері, романдары, драматургиясы) ежелгі және орта, сонымен бірге XV–XVIII ғғ., XIX–XX ғғ. кезеңдерін қамтиды. Әлем өркениеті озық көрсеткіштері қатарында танылған Мұхтар Әуезовтің суреткер жазушы болып танылған шығармашылық тұлғасын даралап тұрған басты ерекшелігі – оның тарихшылдығы. Қазақстан тарихындағы халық тағдыры таразыланған талай оқиғалардың көркем шындықпен жинақталуын, фольклор мен әдебиет мұраларындағы бейнеленуін ғылыми зерттеулерімен жүйелеген Мұхтар Әуезовтің өз туындыларында да Қазақстан тарихының шынайы деректері нақты сипаттарымен айқындалды. Әсіресе, «Абай жолы» роман-эпопеясында XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстанның саяси-қоғамдық, тұрмыстық-әлеуметтік тіршілігі жан-жақты кең қамтылған. Тарихшы-ғалым Л. М. Әуезованың «Абай жолындағы» тарихи өрім ерекшеліктері» атты еңбегіндегі пікірі суреткер туындыларындағы тарихи философиясы заңдылығы сипатын дәйектейді:

«Абай жолы» эпопеясын зерделей қарап бұл шығармада XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ қоғамының бүкіл болмысы, халық тұрмысының терең қойнауларындағы тарихи процестің күрделі, ішкі қайшылықтары шынайы ашылғанына қоғам дамуындағы сонау алыс замандар рухын сергек бейнелейтін жетекші заңдылықтар көрінгеніне көз жеткізеді. ... Романда М. О. Әуезов тарихшының дәлдігі мен суреткердің ұшқыр ойын шебер ұштастыру арқылы тарихи шындық пен көркемдік шындықтың, қиял мен нақты деректің бірегей тұтастығына жетті, шырғалаң дәуірдің өзекжарды сырын мейлінше айқын да нанымды

бедерлеп, шынайылық қуаты мол кесек характерлер мүсіндеді» [2, 189-190-бб.].

ХХ ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстан тарихының елеулі оқиғаларын зерттеулері мен көркем шығармаларының арқауына алған қайраткер-қаламгердің 1916 жылғы ұлттық-азаттық көтерілісіне арналған «Қилы заман» повесі – ұлттық рухани құндылықтар құрамындағы елеулі туынды.

«Қилы заман» повесінде 1916 жылғы ұлттық-азаттық көтерілісінің Жетісу өңіріндегі Албан ататек әулеттері бірлестігі жұртшылығының Ресей патшалығының отарлық-озбырлық саясатына қарсы көтерілген күресі кезеңіндегі оқиғалар тарихи дерек негізіндегі көркем шындықпен бейнеленген.

Қазақстан тарихының жаңа жазылған зерттеулері деректері 1916 жылғы ұлттық-азаттық көтерілісіне мынадай сипаттамалар жасаған:

«Қазақстанның әр түрлі аудандарында пайда болған стихиялы қозғалыс бірте-бірте ұйымдасқан сипат ала бастады: Жетісуда (басшылары Бекболат Әшекеев, Ұзақ Саурықов, Жәменке Мәмбетов, Тоқаш Бокин, Әубәкір Жүнісов, Серікбай Қанаев, Монай және Мұқан Ұзақбаевтар мен басқалар) және Торғайда (басшылары – Әбдіғапар Жанбосынов, Амангелді Иманов, Әліби Жанкелдин және басқалар) оның ірі ошақтары пайда болды» [3, 646-б.].

Тарихи шығармада Қарқара атырабындағы халықтың майданның қара жұмысына барудан бас тартқан ашу-ызаға толы бас көтеру қозғалысы суреттелген. Халық көтерілісін бастаған тарихи тұлғалар ел азаматтары Ұзақ Саурықовтың, Жәменке Мәмбетовтің және олардың төңірегіне топтасқан, артынан ерген ел ерлерінің бейнелері дараланған. Ұлттық-азаттық көтерілісін бастаушылардың халықтың рухын оятуға, күрес майдандарында батыл болуына арналған арнау сөздері эпикалық туындының тарихи сананы қалыптастыру, дамыту ықпалын танытқандай естіледі:

«Ұзақ екі көзінде шақпақ оты жалтылдағандай болып, булыққан ашумен:

– Ел аман еді, жайлауы жарасып еді. Қарын шашы алынбап еді дейсің. Қазақтың аяғына жем түсіп, ұлы бойына оқ тигені бүгін бе екен? Мойныңа бұғалықтың түскені әлдеқашан емес пе еді? Бүгін тұқыртып, біржолата шөктіргелі темір қолы құлаққа келіп жабысып отыр. Баяғыдан қорыққанда неден қорқып, сиынғанда неден сақта деп сиынып едің? Көптен торып, обырдай обып келіп, енді түгіңмен жалмағалы отырғаны осы. Бұл бүгін емес, көптен келген пәле де. Енді жетер жеріңе жеттік... Айқаныңдай, асау болсаң, енді тұяқ серпетін шағыңа келдің. Абұйырдың ашылып, мол дәулеттің ақтарылатын, күні міне енді туды... **Ел болар болсаң,** енді сіресіп, ұстасып көр... Шыдаймын деп ұстас... [4, 30-31-бб.].

Тарихи шығармадағы ұлттық-азаттық көтерілісіне шыққан халықтың қаһармандық-жауынгерлік рухы тарихилық сипатымен берілген. Көтеріліс жеңіліп, жазалау шаралары кезінде де күрескер батырлар, азаматтар өр рухтарынан айнымайды.

Тарихи шығармада ұлттық-азаттық көтерілісі болған Жетісудағы атамекендер, жайлаулар, ормандар, өзендер, Алатау атырабындағы қоныс-мекендер, т.б. – бәрі де тарихи дәлдікпен, шынайлықпен өрнектелген. Ғасырлар бойы мекендеп келген атақоныстарынан отаршылдар ығыстырған Албан аталығы ауылдарының үдере көшкен аласапыран оқиғалар ортасындағы қасіретті тағдыры суреткерлік таным мен деректі шындық тұтастығымен өрнектелген.

Мұхтар Әуезовтің қазақ тарихындағы ұлттық-азаттық көтерілісінің батырлары туралы әдеби шығармаларының көрнектісі – «Хан Кене» тарихи драмасы. XIX ғасырдағы 1837-1847 жылдар арасында Ресей патшалығының отаршылдық саясатына қарсы ұлттық-азаттық көтерілісін басқарған көрнекті қайраткер тұлға Кенесары Қасымұлы туралы драматургиялық туындының жазылғаны – рухани мәдениетіміздің тарихындағы көрнекті көрсеткіштерінің бірі. Пьесаның сюжеттік-композициялық құрылым жүйесінде Кенесары Қасымов бастаған ұлттық-азаттық көтерілістің басталуынан аяқталуына дейінгі он жыл көлеміндегі Қазақстан даласын қамтыған қозғалыстың тарихи сипаты дерекнамалық негізде қамтылған. Ұлттық-азаттық көтерілістің басшысы Кенесары – қолбасшы және батыр қасиеттерімен дараланған қалпымен бейнеленген тұлға. Пьесаның сахналық қойылым көріністеріне лайықтала жинақталып берілген оқиғалар желісінде Кенесарының Қазақ хандығы мемлекеттілігінің Тәуелсіздігін, халық еркінлігін қалпына келтіру мұратындағы қайраткерлік-отаншылдық қасиеттері айқындала танылған. Сонымен бірге, әрі хан, әрі қолбасшы батыр Кенесарының маңына топтасқан сардарлары-әскербасылары болған көрнекті қазақ батырларының (Наурызбай батыр, Ағыбай батыр, Бұқарбай батыр, Иман батыр, т.б.) да тарихи-әдеби бейнелері даралана бейнеленген.

Суреткер жазушы және ғұлама ғалым Мұхтар Әуезовтің «Әдебиет тарихы» (1927) атты монографиялық оқу құралындағы [5, 148-155-бб.] тарихи өлеңдер тарауында «Кенесары-Наурызбайдың қысқаша әңгімесі», «Кенесары» жырының мәнісі» бөлімдерінде осы ұлттық-азаттық көтерілісінің соңғы трагедиялық аяқталу оқиғасына арналған танымал жырау-ақын Нысанбайдың «Кенесары-Наурызбай» дастанына әдеби-тарихи танымдық талдаулар жасалған еді. Әрине, суреткер жазушы және ғалым Мұхтар Әуезовтің әдеби шығармалары мен ғылыми зерттеулерінің шығармашылық ұстаным аясында сабақтасып жатуы – өзіндік дүниетаным тұтастығының көрсеткіші. Себебі, қазақ эпостануындағы Мұхтар Әуезовтің «Қобыланды батыр» туралы зерттеу еңбегі мен «Қобыланды батыр» атты драматургиялық туындысының өзара сабақтастығы да мәлім.

Сонымен бірге, қазақтың лиро-эпостық жырларының бірі «Айман-Шолпан» жырына арналған ғылыми бағалаулары мен «Айман-Шолпан» атты драматургиялық туындысының да өзара сабақтасқан тарихи-поэтикалық ерекшеліктерін айқын аңғарамыз. Яғни, Ұлы Дала Елі тарихындағы қазақ өркениетіне тән әскери өнер дәстүрлерінің қалыптасуы мен дамуы мәселелерінің әдеби шығармаларында, ғылыми еңбектерінде қамтылуы тұрғысында Мұхтар Әуезовтің өзіндік ұстанымы ұлттық мәдениетіміздегі өнеге үлгісі болып саналады.

Қазақстан тарихының сөз өнері туындылары арқылы кеңінен қамтыла бейнеленуі үрдісі Мұхтар Әуезов дәстүрі бойынша үздіксіз жалғасуда. Тарихи кезеңдер келбетін ғылыми зерттеулері мен көркем шығармалары тұтастығымен бейнелеген Мұхтар Әуезов тағылымы қазіргі тәуелсіз Қазақстанның жаңа тарихын зерделеуге де негіз болары анық.

Қорыта айтқанда, тарихи таным аясындағы ғылыми және әдеби шығармашылық тұтастығымен пайда болған шығармашылық үрдіс арқылы жаңа деректерге жолығамыз. Тәуелсіз Қазақстанның жаңа тарихындағы болып өткен оқиғаларды шынайы бағалауда осындай кешенді сипатты шығармашылық дәстүр үздіксіз жалғасады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Әлемдік философиялық мұра: XX ғасырдағы тарих философиясы. Жиырма томдық. 16-том. – Алматы: Жазушы, 2007. – 544 б.

2 Мұхтар Әуезов тағылымы / Құраст. Р. Нұрғалиев. – Алматы: Жазушы, 1987. – 432 б.

3 Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 3-том. – Алматы: Атамұра, 2010. – 768 б.

4 Әуезов Мұхтар. Қилы заман: Повестер мен әңгімелер. – Алматы: Жазушы, 1975. – 384 б.

5 Әуезов М. Әдебиет тарихы: Жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 240 б.

ӘОЖ 574
Темірханқызы Ә., Иманбаева А.А.
Логистика және көлік академиясы
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САЙЛАУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ӨЗГЕРІСТЕР: ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР

Қазақстанның саяси жүйесіндегі соның ішіндегі сайлау жүйесіндегі өзгерістер шынайы тұрғыдан Жаңа Қазақстанның қалыптасуындағы алғашқы бастамалардың бірі деуге болады. Оның нақты айғағы 2022 ж.

Президентіміз Қ.К. Тоқаев «Жаңа Қазақстан: Жаңару мен жаңғыру жолы» атты жолдауын жасады [1].

Бұл жолдауда президентіміз еліміздегі жүргізілетін саяси реформалар туралы айта келе, билік пен қоғам арасындағы байланысты нығайтудың жолдарын жетілдіруді де баса айтты. Елімізде 2023 ж. Наурыз айында ҚР Парламентінің төменгі палатасы мәжіліске сайланған депутаттардың сайлау науқаны кезіндегі қызу жүргізген үгіт-насихаттарымен шынайы уәделерін орындаудағы халықпен тығыз байланысының нәтижесін көрсетуі тиіс. Қазақстандағы бұл сайлаудың ерекшелігі – аралас сайлу жүйесі арқылы өткізілгендігі. Депутаттыққа үміткерлердің 70%-ы пропорционалдық ал 30%-ы мажоритарлық жүйемен сайланғандығымен және уәделерін орындамаған депутаттардан ендігі жерде мандаттың қайтарылып алатын жаңашылдығымен де ерекшеленді. Жалпы сайлау жүйесі ұғымы әдетте екі - тар және кең мағынада қолданылады. Кең мағынада сайлау жүйесі дегеніміз — Қазақстан Республикасындағы сайлауды өткізу мен ұйымдастыруға байланысты туындайтын қоғамдық қатынастар жүйесі. Оған сайлау комиссияларын құру мен олардың қызметі, сайлау округтерін, учаскелерін құру, сайлау алдындағы үгіт-насихат, сайлаудың қорытындыларын анықтау, т.б. жатады. Тар мағынада сайлау жүйесі дегеніміз – сайлауға қатысқан кандидаттардың немесе саяси партиялардың жеңімпаздарын анықтау жүйесі.

Демократиялық сайлау – бұл бәсекелі, мерзімді және өкілдік сайлау, оның процесінде кең еркіндікке ие азаматтар билік құрылымдарына өздерінің өкілдерін балама негізде сайлайды. Бәсекелі сайлау сайлауға түрлі партиялардың және кандидаттардың қатысуына кепілдік береді. Олардың барлығы сөз, жиналыс, қозғалыс бостандығын, олардың саяси көзқарастарының естілуі үшін және олар сайлаушыларға балама кандидаттарды ұсына алуы үшін қажеттінің барлығын пайдалана алады. Қазақстан Республикасының заңнамасы сайлаудың мерзімділігін, билік органдарында елдің әр түрлі әлеуметтік топтарының өкілдігін қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 95-бабының, 2-тармағына сәйкес, Парламент Мәжілісі депутаттары партиялық тізім негізінде сайланады, яғни пропорционалды жүйенің ішінде «жабық тізімі» қолданылады. Ал аралас сайлау жүйесінде бүкіл мандаттардың тек бір бөлігі партиялық тізіммен, қалған бөлігі жекелеген үміткерлерге дауыс беру арқылы анықталады. Қазақстанда аралас сайлау жүйесі алғаш рет 1999 жылы Парламент Мәжілісі сайлауында қолданылды. Сайлаудың нәтижесі бойынша, партия өкілдеріне 77 орыннан 10-ы берілді. Екінші рет сайлаудың бұл жүйесі 2004 жылы қолданылды.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 33-бабы Қазақстан Республикасының он сегіз жасқа жеткен азаматтарының тегіне, әлеуметтік,

лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне немесе кез келген өзге жағдаяттарға қарамастан, мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлауға және оларға сайлануға, сондай-ақ республикалық референдумға қатысу құқығына кепілдік береді. Сайлауға сот іс-әрекетке қабілетсіз деп таныған, сондай-ақ сот үкімімен бас бостандығынан айыру орындарында отырған азаматтардың сайлауға және сайлануға, республикалық референдумға қатысуға құқығы жоқ.

Қазақстан беделді халықаралық ұйымдардың белсенді мүшесі бола отырып, өзі қабылдаған ерікті және бәсекелі сайлау өткізу жөніндегі барлық міндеттемелерді ұстанады. Мемлекет басшысын, Қазақстан Республикасы Парламенті мен мәслихаттарының депутаттарын, сондай-ақ аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың, аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін сайлау біздің елімізде ұлттық заңнамаға және Жалпыға бірдей адам құқықтары декларациясына (1948 ж.), Халықаралық азаматтық және саяси құқықтар туралы актіге (1966 ж.), ЕҚЫҰ Копенгаген кеңесінің құжатына (1990 ж.) енгізілген демократиялық сайлаудың жалпыға бірдей танымал принциптеріне сәйкес ашықтық және жариялылық жағдайларында өтеді.

Қазақстан Республикасының Президенті жеті жыл мерзімге сайланады. Республика Президенті болып тумысынан Республика азаматы болып табылатын қырық жасқа толған, мемлекеттік тілді еркін меңгерген әрі Қазақстанда соңғы он бес жыл тұратын , жоғары білімі және мемлекеттік қызметте немесе сайланбалы мемлекеттік лауазымдарда кемінде бес жыл жұмыс тәжірибесі бар Республика азаматы сайлана алады.

Қазақстан Республикасының Парламенті елдің жоғары өкілді органы болып табылады және тұрақты негізде жұмыс істейтін екі Палатадан: Сенаттан және Мәжілістен тұрады. Қазақстан Республикасының азаматтығында тұратын және оның аумағында соңғы он жыл тұрақты тұрып жатқан адам Парламент депутаты бола алады.

Сенатты елу депутат құрайды. Сенаттың қырық депутаты әр облыстан, республикалық маңызы бар қаладан және республика астанасынан екі адамнан сайланады. Сайланған Сенат депутаттарының жартысы әрбір үш жыл сайын қайта сайланып отырады. Сенат депутаттарын сайлау жанама сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы жүзеге асырылады. Сенаттың он депутатын Республика Президенті тағайындайды, оның бесеуі – Қазақстан халқы Ассамблеясының ұсынысы бойынша.

Жасы отызға толған, жоғары білімі және кемінде бес жыл жұмыс өтілі бар, тиісті облыстың, республикалық маңызы бар қаланың не Республика астанасының аумағында кемінде үш жыл тұрақты тұрып жатқан адам Сенат депутаты бола алады.

Сенат депутаттарының өкілеттік мерзімі-алты жыл.

Мәжіліс аралас сайлау жүйесі бойынша сайланатын тоқсан сегіз депутаттан тұрады. Алпыс тоғыз депутат саяси партиялардан партиялық тізімдер бойынша бірыңғай жалпыұлттық сайлау округі бойынша сайланады [2]. Жиырма тоғызы – бір мандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша.

Жиырма бес жасқа толған адам Мәжіліс депутаты бола алады.

Мәжіліс депутаттарының өкілеттік мерзімі – бес жыл.

Мәслихаттарды халық жалпыға бірдей, тең, төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы бес жыл мерзімге сайлайды.

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың мәслихаттарының депутаттары аралас сайлау жүйесі бойынша сайланады: бірыңғай аумақтық сайлау округінің аумағы бойынша пропорционалды өкілдік жүйесі бойынша депутаттардың жартысы, сондай-ақ бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша – екінші жартысы сайланады.

Аудандар мен облыстық маңызы бар қалалар мәслихаттарының депутаттары бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша сайланады.

Жиырма жасқа толған Қазақстан Республикасының азаматы мәслихат депутаты болып сайлана алады.

Қазақстан Республикасы аудандарының, облыстық маңызы бар қалаларының, аудандық маңызы бар қалаларының, ауылдарының, кенттерінің, ауылдық округтерінің әкімдерін Қазақстан Республикасы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының және мемлекеттік қызмет саласындағы заңнаманың талаптарына сай жиырма бес жастан асқан емес Қазақстан Республикасының азаматтары арасынан жасырын дауыс беру кезінде жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің халқы төрт жылға қызметке сайлайды. Төте сайлауда азаматтар республика Президентін, Парламент Мәжілісі мен мәслихат депутаттарын сайлаған іске асады. Азаматтар бірінші мәслихат депутаттарын сайлайды, содан соң олар Сенат депутаттарын сайлайды. Алдыңғы саяси партиялар қоғамдық қозғалыстардың дүниеге келуі халықтың қалың көпшілігінің саяси сана-сезімін, сондай-ақ саяси мәдениетті қалыптастыруға ықпал етті. Саяси партиялар мен қоғамдық ұйымдар, ұлттық-мәдени орталықтар мен діни бірлестіктер қоғамдық сананың түрліше тұстарын қамтыды. Өйткенмен, бұлардың ішінде саяси партиялар ғана қоғам мен мемлекет арасындағы дәнекерлеуші буын қызметін атқара алады. Өйткені ол, ең алдымен, өз қызметінде қалың көпшіліктің мұңын мұңдап, жоғын жоқтауы тиіс [3; 61-70бб].

Қорытындылай келе, енді сайлау науқаны кезінде әлеуметтік желіде үгіт-насихат жүргізуге заң бойынша рұқсат беріледі. Байқаушылардың қызметі заңмен реттеледі. Аумақтық сайлау комиссияларының жұмыс

тәсілі қайта қаралады. Жолдауда жүктелген міндеттерді орындау мақсатында 10 негізгі бағыттан тұратын Жалпыұлттық жоспар да әзірленді. Мемлекет басшысы Жолдауды іске асыру жөніндегі іс-шаралар туралы Жарлыққа қол қойғанын да атап өткен жөн. Дәл қазір Қазақстанда 6 заңды тіркелген партия бар. Партияны тіркеу үшін оның мүшесі кемінде 20 000 адам болуы қажет.

Елімізде 2023 жылы 19 наурызда кезектен тыс Мәжіліс депутаттарының сайлауы өтті және жеті партия қатысты, олар: «Қазақстан Халық партиясы» қоғамдық бірлестігі,«Ақ жол» Қазақстан демократиялық партиясы» қоғамдық бірлестігі, «Жалпыұлттық социал-демократиялық партия» республикалық қоғамдық бірлестігі», «Қазақстанның «Байтақ» жасылдар партиясы» қоғамдық бірлестігі, «Ауыл» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясы» қоғамдық бірлестігі, «AMANAT» партиясы» қоғамдық бірлестігі, «Respublica» партиясы» қоғамдық бірлестігі. Бұл сайлаумен қатар барлық деңгейдегі (аудандық, қалалық, облыстық) мәслихат депутаттарының сайлануы өткен еді. Сайлау нәтижесінде ресми тіркелген жеті партияның алтауы мандат алды: «Байтақ жасылдар партиясы» Мәжілісте өкілеттік ала алмады. Бұл сайлау – тәуелсіз Қазақстан тарихындағы тоғызыншы парламент сайлауы. Биылғы сайлаудың басты ерекшелігі – сайлаудың аралас сайлау жүйесі бойынша өтуінде. Аралас сайлау жүйесін түсіндіріп кетсек, облыстық мәслихаттар мен республикалық маңызы бар қалалардың мәслихаттары деңгейінде депутаттық корпус 50/50 пайыздық арақатынаста құрылады. Аралас сайлау жүйесі – барынша жиі кездесетін тәжірибе. Біріншіден, халықтың қамын ойлайтын, ешбір партия құрамына кірмеген белсенді азаматтар үшін үлкен мүмкіндіктер ашады. Екіншіден, саяси партиялар үшін бәсекелестікте тең мүмкіндік тудырады. Бұл дегеніміз, еліміздегі саяси плюрализмді жаңа деңгейге шығарады [4].

Сонымен, Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту тұжырымдамасына сәйкес 2024 жылдан бастап ауылдық округтердегі жергілікті қоғамдастық жиналыстары жергілікті қоғамдастық жиындарында сайланатын жергілікті өзін-өзі басқару органы – кеңеске айналады. ашық дауыс беру арқылы. Осыған байланысты «Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқару туралы» заң жобасы дайындалуда. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заң екі заңға бөлінеді: «Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқару туралы» және «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы». Осылайша, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңнан «Қазақстан Республикасының жергілікті өзін-өзі басқарудың басқа органдарына сайлау» 14-тарау алып тасталсын. Сайлау заңнамасына түзетулер енгізудің негізі ретінде кейбір ұғымдарды, мысалы, «басқа жергілікті өзін-өзі

басқару органдары» сияқты алшақтықтарды, екі жақты түсіндіруді болдырмау қажет. Демек, сайлау заңнамасын реформалау жергілікті өзін-өзі басқару теориясының дамуына да ықпал етеді. Биылғы жылы Конституцияға өзгерістер бүкілхалықтық референдум арқылы енгізілді. Бұған дейін «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын талқылауға мемлекеттік қызметкерлер, заңгерлік қауым, барлық мүдделі азаматтар қатысты [5].

Қорыта айтқанда, Қазақстандағы сайлау жүйесіндегі өзгерістер қоғам мен билік арасындағы ашық диалогтың жаңа мүмкіндіктерін ашты. ҚР Парламенті Мәжілісі мен барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының сайлау барысында аралас сайлау жүйесі қолданылды. Аралас сайлау жүйесі, қазір әлемнің көптеген елдерінде қолданылып келе жатқан жүйе. Оның өзіне тән артықшылықтары мен кемшіліктері де бар. Ал Жаңа Қазақстанда бұл сайлау жүйесін қолдану арқылы, елімізде жаңа билік элиталарын қалыптастыруда, қоғам мүддесін ескере отырып жүзеге асыруды қолдану болып табылады. Қоғам пікірінің маңыздылығы, «супер президенттік» басқарудан бас тартып, Жаңа Қазақстанды қалыптастырып, дамытуда және азаматтық қоғамды одан әрі нығайту үшін бұл сайлау жүйесінің тиімділігін көрсетіп отыр. Қазіргі кезде еліміздегі әлеуметтік желілер арқылы танымалдылық жылдам таралып жатқандықтан, бұл сайлауда жастардың белсенділігі жоғары болғанын ерекше атап өтуге болады. Жастар тарапынан саясатқа қызығушылық таныту мен сайлауға қатысып, дауыс берудің өзі олардың саясатқа, саяси жүйеге деген сенім артып, шынайы өзгерістерді қалайтындығын көрсетті.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 https://www.akorda.kz/kz/kasym-zhomart-tokaev-kazakstan-halkyna-zholdauy-2022. 16 наурыз

2 https://atr.kz/zhanalyqtar/aralas-sajlau-uaqyt-talaby/

3 Насимов М.Ө. Қазақстан Республикасындағы саяси партиялардың парламенттік сайлау науқандарындағы саяси жарнамалары //Қоғам және дәуір. - 2008. - №1. [61-70 бб.]

4 https://informburo.kz/amp/stati/reforma-izbiratelnoi-sistemy-i-konkurenciya-na-vyborax 14 наурыз 2023 жыл

5 https://www.election.gov.kz/kaz/r-saylau-zh-yes/r-saylau-zh-yes-turaly-ys-asha-a-parat.php?v=mobile

УДК 342
Терлецкая.Д.А., Самалдыкова З.М.
Казахская академия спорта и туризма
г. Алматы, Республика Казахстан

БОРЬБА С КОРРУПЦИЕЙ В ЯПОНИИ

Япония - островное государство, расположенное в Восточной Азии, на архипелаге, состоящем из четырех крупных островов: Хонсю, Хоккайдо, Кюсю и Шикоку, а также множества мелких островов. Япония имеет богатое культурное наследие, выдающиеся достижения в науке и технологии, а также уникальную природу.

Япония славится своей выдающейся автомобильной и электронной промышленностью, а также высоким уровнем научных исследований. Страна известна своей традиционной культурой, включая чайную церемонию, искусство каллиграфии, гейши, сады и храмы. Япония также известна своей уникальной природой: вулканами, горами, озерами и богатой флорой и фауной. Среди туристических достопримечательностей стоит выделить гору Фудзи, парки национального значения и термальные источники (онсены). Страна стремится к современным технологическим инновациям, сохраняя при этом уважение к своим древним традициям.

Форма правления в Японии - конституционная монархия Это означает, что страна имеет монарха в лице императора, но политическая власть осуществляется в соответствии с конституцией и законами, которые регулируют государственную деятельность и взаимоотношения между государством и гражданами [1].

В рамках конституционной монархии, император Японии является символом страны и нации, а его политическая роль ограничивается выполнением церемониальных и обрядовых функций.Фактическая исполнительная власть принадлежит Кабинету министров, возглавляемому премьер-министром. Парламент Японии играет важную роль в законодательном процессе и управлении страной [2].

Форма правления в Японии обеспечивает участие императора в обрядах и мероприятиях, связанных с национальной и культурной идентичностью, но политические решения и управление страной принимаются на основе конституционных норм и процедур, что подчеркивает демократические принципы власти.

Политический режим в Японии можно охарактеризовать как парламентскую демократию[3]. Это означает, что власть в стране осуществляется через демократические институты, включая выборы, парламент и правительство, а граждане имеют право участвовать в политической жизни и влиять на принятие решений через своих представителей.

Основные характеристики политического режима в Японии:

Парламентская система. Власть в Японии осуществляется через Двухпалатное Национальное Собрание, которое состоит из Дома Представителей (нижняя палата) и Советории (верхняя палата) [4].

Парламент принимает законы, утверждает бюджет и осуществляет контроль над исполнительной властью.

Многопартийность. В Японии действует множество политических партий, что способствует разнообразию политических взглядов и конкуренции на политической арене.

Исполнительная власть. Исполнительная власть в Японии возлагается на Кабинет министров, возглавляемый премьер-министром. Премьер-министр назначается императором и является лидером партии, контролирующей большинство в Доме Представителей [5].

Законодательная деятельность. Парламент принимает законы и бюджет на основе дебатов и голосования.

Конституция. Япония имеет конституцию, принятую после Второй мировой войны, которая устанавливает принципы демократии, прав человека и ограничения власти монарха.

Независимая судебная система: Япония имеет независимую систему правосудия, которая применяет законы и обеспечивает правосудие.

Политический режим в Японии характеризуется стабильностью, демократическими процедурами и высоким уровнем участия граждан в политической жизни страны.

Япония имеет форму государственного устройства, которую можно охарактеризовать как «унитарное государство с делегированной властью». В рамках этой системы вся власть сосредоточена на центральном уровне управления, но она может быть делегирована на местный уровень, включая префектуры и города, в соответствии с законами и положениями.

Важные особенности формы государственного устройства Японии. Централизованное управление. Власть концентрируется на центральном уровне, и государственные органы Японии имеют полномочия по управлению всей страной. Император Японии также является символом страны, но не имеет политической власти.

Делегирование власти. Политика и власть могут быть делегированы на местный уровень управления, где префектуры и города могут управлять собственными делами в соответствии с законами и регуляциями. Это позволяет адаптировать политику к особенностям регионов [6].

Двухпалатное национальное собрание. Япония имеет Двухпалатное Национальное Собрание, включая Дом Представителей и Советорию, которые представляют интересы различных регионов и играют важную роль в законодательной деятельности.

Соблюдение конституции: Система государственного устройства в Японии соблюдает конституцию, устанавливающую основные положения и принципы организации государства.

Эта форма государственного устройства обеспечивает центральное управление, но также учитывает разнообразие региональных особенностей и потребностей, что способствует эффективному управлению и адаптации к различным условиям в стране.

Главой государства Японии является император. Однако следует отметить, что в Японии монарх имеет строго церемониальные функции и символизирует государственность и национальную идентичность страны. Император Японии не обладает политической властью и не участвует в управлении страной, так как политическая власть находится в руках избранных представителей и правительства.

Текущим императором Японии является Нарухито. Император принимает участие в церемониях, связанных с национальными и культурными мероприятиями, но его политическая роль ограничивается исполнением обрядовых обязанностей.

Фактическая исполнительная власть в Японии принадлежит правительству, возглавляемому премьер-министром, который выбирается из членов парламента (Дома Представителей) и ответствен за управление страной.

Население Японии составляет приблизительно 124 500 000 человек [7]. Япония является одной из наиболее населенных стран в мире, учитывая ее относительно небольшую территорию. Население Японии характеризуется высокой плотностью населения, особенно в крупных городах и метрополитенских областях.

Важно отметить, что Япония сталкивается с вызовами, связанными с стареющим населением и низкой рождаемостью. Эти факторы могут оказать влияние на долгосрочные демографические и экономические тенденции в стране. Японское правительство предпринимает шаги для решения этих проблем и поощрения повышения рождаемости и иммиграции в страну.

Законодательство по борьбе с коррупцией. В Японии органом по борьбе с коррупцией является «Комитет по этике и антикоррупции» [8]. Этот орган ответственен за надзор за соблюдением норм и стандартов в сфере этики и предотвращения коррупции в государственных органах и среди чиновников. «Комитет по этике и антикоррупции» является важной частью усилий Японии по борьбе с коррупцией и поддержанию высоких стандартов честности в государственной деятельности. Этот орган работает на основе законодательства и нормативных актов, направленных на предотвращение и раскрытие коррупционных деяний, а также на создание эффективных механизмов для пресечения коррупции в государственных структурах.

Японский «Комитет по этике и антикоррупции» играет важную роль в обеспечении прозрачности и честности в государственной деятельности и укреплении доверия граждан к государству.

Методы по борьбе с коррупцией. Самую важную роль в противодействии коррупции играет воспитание общественности Японии. Для японцев коррупция – это страшное зло. В японском языке слово «коррупция» дословно переводится как «грязная работа». Если японца уличают в коррупции. То для него это величайший позор, тень которого падает на всю его семью.

С древних времен в Японии ценилось умение приносить частные интересы в жертву общему благу. Согласно статье 15 Конституции семнадцати статей «Отвернуться от личных интересов – вот путь чиновников». Для рядового японца до сих пор, как показывают современные социологические опросы, ценнее и важнее работать на благо обогащения государства, а не ради улучшения личного благосостояния На этом основаны корпоративные законы, принятые в японских организациях.

За пределами повышенного интереса к Японии не остаются исследования особенностей ее правовой политики, уголовного законодательства, ее системы противодействия преступности, благодаря которой Япония долгие годы по праву считается одной из самых безопасных стран мира.

В соответствии со статьей 197 Уголовного кодекса Японии за получение, требование или предварительное получение взятки предусмотрено наказание в виде лишения свободы с принудительным физическим трудом на срок до 7 лет.

Статьей 198 УК Японии за дачу взятки предусмотрено наказание в виде каторги до 3 лет или штраф до 2 500 000 йен. В УК Японии также предусмотрено наказание не только за получение взятки должностным лицом, но и за передачу взятки третьему лицу (Статья 197-II), получение взятки за посредничество (Статья 197-IV).

Японский законодатель большое внимание уделяет этичному поведению политиков и служащих при выполнении ими своих обязанностей. Закон «О парламенте» содержит главу о «политической этике». На депутатов парламента возложена обязанность строго соблюдать Программу политической этики и Правила поведения. Для расследования нарушений этих правил в каждой из палат учреждены специальные комиссии, формируемые из членов всех партийных фракций пропорционально их численности.
Японское правительство также борется с коррупцией посредством информации. Прозрачность – главное условие работы любого чиновника в современном капиталистическом обществе. Практически во всех цивилизованных странах все материалы, связанные с коррупционными

действиями, если они не затрагивают систему национальной безопасности, становятся доступными для общественности. В Японии реально работает принцип подотчетности власти перед населением. Японские политики довольно быстро расплачиваются за участие в коррупционных схемах. Особую опасность представляют «связи» руководителей мафиозных структур с официальными властями.

Так, в 1993 после ареста одного из лидеров мафии Японии Канэмару выяснилось, что тот фактически руководил действиями ряда японских премьер-министров. Ранее весь мир облетела шокирующая информация о коррупции в японском правительстве в связи с делом американской компании «Локхид». Премьер К.Танака с позором ушел в отставку и был осужден.

Коррупционные скандалы в Японии оказывают огромное влияние на ход политической борьбы. Появление информации в прессе доказывает, что коррупции действительно противодействуют, а чиновники расплачиваются за коррупционную деятельность должностями и авторитетом.

Чтобы такие случаи получали огласку, в 2001 году в Японии был принят закон «О раскрытии информации». Этот акт гарантирует гражданам доступ к информации, имеющейся у правительственных учреждений, и возможность подать апелляцию в Совет по контролю за раскрытием информации в том случае, если правительство решит не раскрывать определенные сведения. Если чиновники что-то утаивают в плане коррупции, а гражданин знает что-то порочащее чиновника, он имеет право добиваться от правительства обнародования порочащих фактов [9].

Место Японии в рейтинге индекса восприятия коррупции Япония занимает 18 место (73 балла) в рейтинге индекса восприятия коррупции [10]. Япония обычно занимает верхние строчки этого рейтинга, что свидетельствует о высоком уровне честности и низкой коррупции в стране.

Государственные органы и общество Японии активно работают над поддержанием высоких стандартов честности и борьбой с коррупцией, что способствует ее хорошей позиции в рейтинге восприятия коррупции.

Интересные факты о Японии. В состав Японии входит почти семь тысяч островов, но четыре наиболее крупных из них занимают 97% от общей площади. Официально Япония до сих пор является империей. Это единственная империя, сохранившаяся до наших дней. Япония – единственная в мире страна, против которой в ходе военных действий применялось ядерное оружие. Согласно своей же конституции, Япония не имеет первой права объявлять кому-либо войну. Снеговиков в Японии лепят из двух снежных шаров, а не из трёх, как в других странах. Центрального отопления в Японии нет. При этом в северных городах зимой подогреваются тротуары, чтобы не приходилось чистить снег.

Задержка поезда в метро более, чем на 60 секунд, в Японии считается недопустимым опозданием. Фрукты в Японии стоят безумных денег. К примеру, дыня обойдётся в эквивалент нескольких сотен долларов. Две трети территории Японии покрыто лесом. Леса здесь вообще не вырубаются. В метро Токио столько людей, что там работают люди, чья работа заключается в том, чтобы утрамбовывать пассажиров в вагоны. Метро здесь частное, а не государственное, причём разным компаниям принадлежат разные его ветки [11].

В заключении данной статьи можно подчеркнуть, что борьба с коррупцией в Японии представляет собой сложный и многогранный процесс, основанный на системных изменениях, этических принципах и сотрудничестве различных субъектов общества. Посредством внедрения инновационных методов и строгих нормативов в сфере государственного управления, Япония стремится к обеспечению прозрачности, открытости и эффективности в своих институтах. прекращать изучение новых стратегий для укрепления институтов и формирования ответственного общества. Сотрудничество государственных органов, бизнеса и гражданского общества – это ключ к устойчивым результатам в борьбе с коррупцией не только в Японии, но и в мире в целом.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1 Государственный строй Японии. Текст – электронный. Сайт – Wikipedia.org

2 Император Японии. Текст – электронный. Сайт – Wikipedia.org URL: Император Японии — Википедия (wikipedia.org)

3 Политический режим в Японии: Демократия с японской спецификой. Текст – электронный. Сайт – Studme.org. URL: Политический режим в Японии: Демократия с японской спецификой – Политическая система Японии (studme.org)

4 Избирательная система Японии – парламентские выборы. Текст – электронный. Сайт - cirkf.ru URL: cikrf.ru/international/japan_250809.php

5 Система государственного управления Японии. Текст – электронный. Сайт – www.miep.edu.ru URL: https://www.miep.edu.ru/upload/science/limarenko_work_08

6 Государственное устройство Японии. Текст – электронный. Сайт – smekni.com URL: Государственное устройство Японии (smekni.com)

7 Население Японии. Текст – электронный. Сайт – Wikipedia.org URL: Население Японии — Википедия (wikipedia.org)

8 汚職防止. Текст – электронный. Сайт - www.city.musashimurayama.lg.jp. URL: oshokubousi.pdf (musashimurayama.lg.jp)

9 Международный научный журнал «Молодой ученый». Текст – электронный. Сайт- moluch.ru URL: Антикоррупционная политика Японии | Статья в журнале «Молодой ученый» (moluch.ru)

10 Список стран по индексу восприятия коррупции. Текст – электронный. Сайт – Wikipedia.org URL: Список стран по индексу восприятия коррупции – Википедия (wikipedia.org)

11 27 интересных фактов о Японии. Текст – электронный. Сайт – стофактов.рф URL: 27 интересных фактов о Японии — СТО ФАКТОВ (xn--80aexocohdp.xn--p1ai)

ӘОЖ 1174

Тулентаева К.А.
Қазақ спорт және туризм академиясы
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ АУЫЛ МЕКТЕБІ: ДАМУ ҮРДІСІ (1991-2023 ЖЖ.)

Ауылдық қоршаған ортада мектеп қазіргі таңға дейін жергілікті социумды біріктіруші, мәдениетті жасаушы және таратушы сынды күрделі де сындарлы қызметін абыроймен атқарып жалғастыруда. Демек, ауыл мектебі – республикалық деңгейдегі білім беру және әлеуметтендіру жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады.

Елде бүгінгі күні Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің ақпаратына сүйенсек, 7 723 мектеп, олардың 2 449-ы қалаларда, 5 274-і ауылдарда жұмыс істеуде. [1,13-б.]. Басқаша айтсақ, егер Қазақстанда 7500 мектеп бар болса, оның 70 пайызы ауылдық жерлерде орналасқан.

Мемлекет Тәуелсіздікке қол жеткізген шақта тұралаған ел экономикасын көтерумен қатар білім саласына да назар аударылғаны сөзсіз. Республикада 2003-2005 жылдар «Ауыл жылдары» болып айдарланған кезең аралығында аймақтық мектеп мәселесінде бірқатар жандану үрдісі байқалған-ды. Мәселен, Қарағанды облысында ауылды өркендету кезеңіне сәйкес «Ауыл мектебі» атты үш жылды қамтитын 8 тараудан тұратын кешенді бағдарлама қолға алынды. Сол тұста өңірде 345 ауыл мектебінің 158-і типтік, 27-бейімделген ғимараттарда орналасып, 3-і авариялық жағдайда, 74-і күрделі жөндеуді қажет етті. Бекітілген бағдарламада мектеп әкімшілігінің ресурстарды сарапқа сала отырып, мектеп құрылысы және оларды жабдықтауға қатысты басымдық міндеттерді айқындаудың нәтижесінде оқу ошақтарын удәуір жақсартуға қол жеткізілді [2,21-б.]. Дегенмен мемлекеттің «Ауыл жылдарымен» тұстас атқарылған жалпы білім ошақтарын, соның ішінде ауылдық мектептерді салу, жөндеу, жабдықтау т.б.жөніндегі жоспарлық көрсеткіштері өз мәресіне жетпегені айғақ.

Республикадағы жалпы орта мектеп бастауыш (1- 4 сынып), негізгі (5-9 сынып), жоғары (10-11 сынып) сатылы; кәсіптік мектептер (лицейлер) мен колледждерден (күндізгі және кешкі оқыту түрі) тұрады.

Қазақстанның ауылдық аймақтарындағы орта білім беру жүйесін шартты түрде жалпы білім беретін қалыпты мектептерден, тірек мектептерден және шағын жинақталған мектептерден (шағын жинақты мектеп) құралған. Соңғылары тұрғындардың ауылдық жерлерден жаппай қалаға қоныс тебуімен байланысты мектеп жасындағы балалардың аздығына орай әрекет етіп отырған мекемелер. ҚР Президенті 2023 жылдың 5 қазанында өткен I Республикалық педагогтар съезінде «ауылдағы білім ошақтарының тең жартысы – шағын мектептер» құрайтынын [3, 2-б.], сөйтіп, бұл жылдар бойы қордаланған түйткілді мәселе қатарынан орын алып отырғандығына арнайы тоқталған-ды. Аталған мектептерді іс-қызметі барлық пәннің мұғалімі бола бермейтіндігімен, бір сыныпта әртүрлі жастағы балалар оқитындығымен, оқушылардың саны аз болғанымен оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастырудың қиындығымен, бір мезгілде екі немесе одан да көп сынып оқушыларына оқу материалдарын меңгерту мұғалімнен үлкен педагогикалық шеберлікті талап етуімен ерекшелінеді. Тек қазіргі таңдағы бір облыстың шеңберінен мысал келтірер болсақ, шағын мектептердің нақтылы жағдайынан хабардар боламыз. Ақтөбе облысындағы 404 мектептің шамамен 70 пайызы ауылдық жерлерде орналасқан, оның 204-і шағын жинақты мектеп. ШЖМ-те оқитын балалар облыс оқушыларының жалпы санының 9 пайызын ғана құрайды [4,12-б.]

Республикада мектеп құрылысына серпін беру мақсатымен 2007 жылы «100 мектеп және 100 ауруxана» мемлекеттік бағдарламасы қабылданған еді. Ол негізінен үш ауысымда оқитын, апатты жағдайдағы мектептерге бағытталған болатын. Бағдарлама шеңберінде 2007-2009 жылдар аралығында 86,3 мың орындық 106 метеп салу көзделген-ді, алайда 85 білім ордасы пайдалануға берілді [5,4-б.] Құрылыс саласындағы салғырттық (нысан құрылыстары мерзімінен кешіктірілді), ведомстволар арасындағы үйлесімсіздік, жүйесіздік, немқұрайдылық, бөлінген қаржылық сметаның дер кезінде игерілмеуі құрылыс материалдарының қымбаттауымен сабақтасып жоспардың орындалмауына әкеліп соқтырды.

«2010-2012 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» заң жобасында 2010 жылға 14 мектептің құрылысына 2 128 266 мың теңге көлемінде қаржы да қарастырылған болатын. Көріп отырғанымыздай, атаулы шара аясындағы жұмыстар кейінгі жылдары да өңір аймақтарында әртүрлі деңгейде жалғасын тапты, алайда «маңызы ерекше» деп танылған мемлекеттік бағдарлама да тұралап қалған-ды.

Тәуелсіздік жылдарында елде 2300-ге жуық мектеп іске қосылды, сөйтіп, білім ошақтары төрт ауысыммен оқытудан арылуға мүмкіндік

алды. Алайда бүгінгі күнге дейін Қазақстанда апатты, ескі және үш аусымды мектептер мәселесі шешілмей отыр. Айта кететін жайт –дамыған мемлекеттерде екімаусымды мектептер тіптен жоқ.

2023 жылы 12 апатты және 29 үш маусымды мектепті қысқарту үшін 132 мың орындық 154 мектеп іске қосылмақ. 2024 жылы «Жайлы мектеп» жобасы аясында 461 оқушыға арналған 217 мектеп салыну жоспарланған. Жоғарыдағы мәліметтер жалпы мектепті қамтиды, ал аудандық және ауылдық мектептерден 2022 жылы 1003 мектеп жаңадан бой көтерсе, 2023 жылы 1 мың оқу ордасы жаңартылмақ [1,8-б.].

2022 жылдың 28 қыркүйегінде бастау алған «Жайлы мектеп» жобасының мақсаты – орта мектептердегі орын тпшылығы мәселесін жүйелі түрде шешу. Жобаның жүзеге асырылуы 842 мың оқушыға арналған жаңа форматтағы мектептер салуға мүмкіндік береді. Жобаға жауапты «Samruk-Kazyna Construction» компаниясы 2023 жылдан құрылысы басталуға тиісті мектептер үшін жер телімін бөлу және инфрақұрылымға қосу жөніндегі барлық мәселенің бір ай ішінде шешілуі қажеттілігін негіздеп, межелерді анықтады.

Жайлы мектептер қалада да, ауылда да тең дәрежеде салынады, олардың сапасы мен ішкі жабдықталынуында ешқандай айырмашылық болмайды, бұл білім деңгейіндегі алшақтықты азайтуға септігін тигізетін бірден-бір фактор. Жайлы мектептер сапалы білім беріп қана қоймай, оқушылардың қабілеттерін дамытып, белсенділігін арттырып, болашақ мамандығын таңдауға жол ашпақ. Үш ауысыммен оқытудан құтылуға жол ашпақ, оған қол жеткізудің жолдары біріншіден, мемлекеттік-жеке меншік бизнес коридоры (мемлекет қаржысымен қоса азаматтық жауапкершілік танытқан ел кәсіпкерлерінің белсенді атсалысуы), екіншіден, жемқорлық үшін жауапқа тартылғандардың заңсыз тапқан табыстың тартылуы арқылы іске асырылмақ. Екі жылдың ішінде барлық аймақта, соның ішінде ауылдық жерлерде жүздеген білім ордасы салынады. Қалай десек те заман талабына сай салынған оқу нысандары бой көтеріп жатыр.

Ауылдық білім сапасын жақсарту, ауыл және қала білім деңгейлерін теңестіру мақсатымен 2022 жылғы қыркүйектің 14 жұлдызында «Ауылдық аймақтардағы тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасы бастау алып, өңірлерде 17 тірек мектепті жабдықтауға «Қазақстан халқына» қорынан 4, 25 млрд. теңге бөлінген болатын. Тірек мектептерге қаржылық қолдау «Қазақстан халқына» және «Білім беруді тұрақты дамыту» қорлары тарапынан көрсетілуде. Жобаны іске асыру барысында мектептерді заманауи талаптарға сай жабдықтауға ерекше мән берілуде, мәселен, STEM зертханаларын, артстудия, киностудия, роботтехника кабинеттерін ашу, дәлдік және жаратылыстану пәндерін тиісті жаңа технологиялармен қаруландыру және т.б. Сонымен қатар ауылдық тірек мектептерге Назарбаев зияткерлік мектептері әдістемелік көмек көрсетіп, озық тәжірибелерімен бөлісуде, демек, жергілікті мұғалімдерді НЗМ-нің

қарқынды да озық оқу бағдарламасын меңгерту негізінде сапалы білімге қол жеткізу көзделіп отыр.

Ауылдық жерлердегі білім ошақтарын техникалық жабдықтауда тәуелсіздіктің отыз жылында едәуір алға басқандық байқалады. Мәселен, көліктер (автобустар), ақпараттық киоскілер, бейне бақылау камералары, электронды кітапхана, интерактивті тақталар, моноблоктар, пәндік «Touch Panel» сенсорлық экрандар қолданысқа түсуде және компьютерлік сыныптар, лингофон, мультимедия бөлмелері, тігін үйірмесіне арналған бөлме, заманауи шеберханалар, асхана, телестудия, спортзалдар, робототехника және педагог-психологтардың кабинеттері әрекет етуде. Бірақ қазіргі таңда мектептердің басым бөлігінің техникалық жабдықталынуы сын көтермейді.

Қала және ауыл мектептеріндегі оқыту үрдісінің ақсап тұрған тұсы – мектеп оқулықтарының сапасыздығы. ҚР Үкіметі тарапынан жиі көтерілгенімен және ҚР Парламенті отырыстарында талқыланғанымен де бұл мәселе де өз шешімін күтуде.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жж. арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру мақсатымен 2006 жылдың 19 шілдесінде ҚР Үкіметі «12 жылдық жалпы орта білім беруге көшу жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту» туралы қаулы қабылдады. Қазақстанның жаңашылдыққа бетбұрысын дүние жүзінде 12 жылдық мектепке есептелген орта білім берудің белгілі халықаралық стандартының қалыптасуымен және оған әлемнің 136 елінде іске асырылуымен түсіндірілмек. Ең бастысы – бұл іргелі шарадан Қазақстанның білім беру жүйесін әлемдік білім кеңістігіне үйлестіруге ұмтылысын көреміз. Қала оқушы қауымымен қатар ауыл баласын жаһандық талаптарға сай жаңа, жоғары деңгейдегі біліммен қаруландыру болмақ.

Ауыл мектебі – әлеуметтік-мәдени, әлеуметтік-педагогикалық орталық, ендеше мұндай қоғамдық ортаның басты тұлғасы – ауыл мұғалімі. 2023 жылғы мәліметтерге сүйенсек, ҚР-сы мектептерінде жалпы 340 958 педагог болса [6, 8-б.], соның он мұғалімнің алатауы ауыл мемктептерінде жұмыс істейді. Жоғары санатты ауылдық мұғалімдердің үлесі қалалық мұғалімдерден екі есе төмен, яғни 16,5: 30,6 пайыздық көрсеткіш аралығын құрайды [7, 91-б.].

Ауылдық жерлерде педагогикалық мамандардың тапшылығы сақталуда. Бүгінде елде 5 мың педагог жетіспейді және олардың 25 пайызында ғана жоғары біліктілік санаты бар. 2017 жылғы мәліметтер жыл сайын 15 мың ауыл мұғалімі қызметін тастап кететіндігін көрсетеді [7, 85-б.]. Мұндай келеңсіз құбылыстың 1,5 %- ы жас мамандарға тиесілі, олардың ауыл мұғалімі мамандығын қаламай, жаңа мүмкіндіктерді іздеп қалаға кетулерінің себептері негізінен жалақының төмендігі және тұрғын үйдің болмауымен түсіндіріледі. Көріп отырғанымыздай, жыл сайын жүзеге асырылатын «Дипломмен ауылға» және де жергілікті атқарушы

органдардың жас мамандарға қолдау көрсету бастамалары толымды кері байланысқа ие болмай отырғандығын айғақтайды.

Қасым-Жомарт Тоқаев 2023 жылдың 5 қазанында Елордада өткен I республикалық педагогтар съезінде білікті ұстаз даярлау ісіне мемлекеттің айрықша мән беріп отырғандығын алға тарта отырып, «... ұстаз – ең алдымен, қадірлі маман. Ал ұстаз болу–қастерлі міндет»- деп ойын түйіндеген болатын [3, 1-б.].

Ауыл мектебі ауылдағы қоғамдық-әлеуметтік, мәдени-руханияттық мәселелерді шешуде маңызды рөл атқарады, демек ауыл мектебі мұғалімін даярлаудың мазмұнын, әдістері мен формаларының саналуан болуын өмір алға тартып отыр. Болашақ ауыл мұғалімдерінің педагогикалық инновацияны, жаңа технологияларды, вебинар технологиясын, интербелсенді оқыту әдістерін меңгеру және пайдалануға даярлау ісі ерекше мәнге ие болуы тиіс. Маманды танымдық қасиетін шыңдаумен қатар, кәсіби мотивациялары мен мүдделерін қалыптастыруға, ұжымдық ойлау мен практикалық жұмысқа үйретуге, модельдеу әдістерін меңгеруге, жүйелі ойлауға т.б. тәрбиелеу керек.

Сүлеймен Демирел университеті үздік мамандарды, ынталы жастарды таңдап алып (төрт сатылы іріктеуден өтеді), педагог болуға кәсіби түрде шыңдайтын «Teach for Qazagstan» жобасын іске қосты. Мұндай келелі бастама әсіресе ауыл мектебінің жаңа идеялармен қаруланған білікті жас мамандарға өткір сұранысты бәсеңдету жолындағы қадамдардың бірі болмақ.

Жас мамандардың біліктілігін шыңдау бағытында республикада соны идеялар мен жаңа шешімдерге негізделген бастамалар қанат жаюда. Соның бірі 2023 жылдың 5 қыркүйегінде Астанада «Жас ұстаз: табысқа апарар жол» атты II республикалық форумы болып табылады. Бұл форумның ерекшелігі – ауылда табысты еңбек етіп жүрген жас педагогтардың бас қосқандығы еді. Атаулы шараның нәтижесінде Республикалық Педагогикалық шеберлік орталығының online.com.kz платформасында «Жас ұстаз мектебі» атты онлайн-курс әзірленді, әр өңірде «Жасампаз жас ұстаз» клубтары құрылды. Сондай-ақ «Шамшырақ» алаңы арқылы үздік жас педагогтардың тәжірибесі таратылады.

Қала мен ауыл мектептері арасындағы білім алшақтығын азайту жолында іс-шаралар атқарылып жатқаны айғақ. Осы мақсатқа бағытталған ауыл оқушыларының республикалық олимпиадасы 2023 жылдың қарашасы мен 2024 жылдың қаңтары аралығында алғаш рет өткізілмек. Олимпиадаға 9-11 сынып оқушылары қатыса алады. Мақсат – елдің шалғай елді мекендеріндегі талантты балалардың қабілеттерін анықтап дамыту, халықаралық олимпиадаларға қатысуға ынталандыру. Тек қосарымыз – ауыл мен қала білімін теңестірудің негізгі құралы инновация мен цифрландыру болып табылмақ.

2023 жылы Астанада ауыл мектептерінің оқушылары үшін «inDrive» компаниясының «BeginIT Summer Fest» IT кәсіптік бағдар беру фестивалі өтті. Әлеуметтік-білім беру жобасына республиканың 17 облысынан 327 оқушы қатысты. Фестивальдің миссиясы – IT саланы шалғай ауылдар мен аз қамтылған отбасы балаларының кәсіби дамуы үшін қолжетімді әрі ашық ету арқылы қала мен ауыл арасындағы орын алып отырған білімдік алшақтықпен күресу. Білім беру квесті түріндегі фестиваль форматы қатысушыларды сыни ойлауға, кәсіби және тұлғааралық қарым-қатынасқа, кқмпьютерлік сауаттылыққа үйретіп баулыды. Мұғалімдерге арнайы танымдық «Smart-педагогика» бағдарламасы ұйымдастырылды. Ендеше бүгінгі ауыл мектебі әртүрлі және көпдеңгейлі білім берудің міндеттерін шеше алатын орталыққа айналуы тиіс.

Білім сапасын ұлттық және халықаралық тұрғыдан бағалау нәтижелерін саралау республика қаламен салыстырғанда ауыл мектептері оқушыларының көрсеткіштері төмен екендігін көрсетіп отыр. ҚР президенті Қ.К. Тоқаев: «Сапалы орта білім алу – әрбір баланың мызғымас құқығы. Мұндағы ең түйінді сөз – «сапа». Сондықтан білім сапасын жақсарту және біліктілігін арттыру ауадай қажет»,-деген болатын [8, 5-б.].

Ауыл мектептерінде оқу және оқыту сапасын арттыру үшін тиісті шараларды қажет. Біріншіден, білікті маман кадрлармен қамтамасыз ету; екіншіден, материалдық-техникалық базамен ресурстық жабдықтауды күшейту; үшіншіден, ауыл мектебінің келешегі ауыл шаруашылығының, ауылдың әлеуметтік-мәдени дамуымен тікелей байланыстығын ескерсек, ҚР Білім министрлігі ғана емес, басқа да жауапты мемлекеттік органдардың белсенді түрде күрмеуі көп күрделі іске атсалысуы қажет. Ең бастысы – жергілікті өңірлерде оңтайлы да ұтымды білім беру саясаты талдап жасалынуы және оның табандылықпен шешімін табуы қажет.

Жаңа дәуірде мектепке, соның ішінде ауыл мектебіне, түбегейлі жаңа көзқарас керек. Заманауи технологияның көмегімен білім беру жүйесін жедел және тиімді жаңғырту, білім сапасын ең үздік халықаралық стандарттарға сай дамыту – уақыт талабы.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Жаңа оқу жылының жаңа сипаты -Egemen Qazaqstan-2023.- 1 қыркүйек.

2 Есенғазы Иманғалиев. Облыстағы ауыл мектептерінің қызметің ұйымдастыру мен дамыту бағыттары. Ауыл мектебі.-2003.-6.

3 Тоқаев Қ.К. Мұғалім болу – қастерлі міндет.- Egemen Qazaqstan-2023.- 6 қазан.

4 Жайық Сұлтан. Тең мүмкіндік ұсынған. - Egemen Qazaqstan-2023.- 5 қыркүйек.

5 Түймебаев Ж. Міндет айқын, мақсат белгілі. Егемен Қазақстан.-2010.-19 қаңтар.

6 Төр – мұғалімдікі- Egemen Qazaqstan-2023.- 5 қазан.

7 Елдос Нұрланов, Гүлбаршын Ноғайбаева, Ерлікжан Сабырұлы. Ауылдағы мектеп білімінің сапасы: ұлттық және халықаралық бағалау нәтижелерін талдау. -Қоғам & Дәуір.-2018.-4.

8 ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2023 жылдың 1 қыркүйегі «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары»-Egemen Qazaqstan-2023.- 2 қыркүйек.

ӘОЖ 1174
Тулентаева К.А.
Қазақ спорт және туризм академиясы
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ТУРИЗМНІҢ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ (1991-2023 ЖЖ.)

Туризм әлемдік экономикада басты рөлдің бірін атқарады. Ендеше Қазақстан да әлемдік туристік нарықта өзінің лайықты орнын табуға бірегей мүмкіндігі бар және әлеуеті де жетерлік мемлекеттің қатарына жатады.

Қазақстан Республикасының статистика агенттігінің мәліметтері бойынша республикада 1029 туристік фирма, 53 жеке кәсіпкер және 1055 қонақүй кәсіпорны қызмет атқаруда. 2012 жылғы мағлұматқа сүйенсек, республикалық туристік фирмаларда 22 819 қызметкер еңбек етуде [1, 13 бет].

Егемендік бастау алған сәттен-ақ, елде туристік индустрияны дамытудың нормативтік-құқықтық базасы құрыла бастаған еді. Сөйтіп, ҚР Туризм және Спорт министрлігінің, ұлттық компаниялардың қатысуымен «Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет», «Туризмінің даму концепциясы» сынды заңдар қабылданды.

2006 жылы 2007-2011 жж. Қазақстан Республикасындағы туризмді дамытуға арналған мемелекеттік бағдарлама қабылданып, онда елдегі туризмнің экономикалық даму үрдісі талқыға түсіп, туризмнің әлсіз және оңтайлы тұстары саралаудан өтті.

2019 жылғы мамырдың 31 жұлдызында Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2019-2025 жж. арналған мемлекеттік бағдарламасы бекітілген-ді. Мемлекеттік құжатта ішкі туризмді дамыту тетіктері жан-жақты қарастырылды: көлік (автомобиль, әуе, теміржол) инфрақұрылымы, туристік дестинацияларды кешенді дамыту және абаттандыру, елдің «ҚР-ның Киелі география» жобасының мәдени-географиялық картасын әзірлеу, т.б.

Қазақстанның жаңғыру кезеңімен сабақтаса Туризм индустриясын дамытудың 2023-2029 жж. арналған жаңа тұжырымдамасы қабылданғанды. Белгіленген алты жыл ішінде туристік қызметтердің жалпы қосылған құны 80 пайызға, теңгеге шаққанда 3,5 трлн. теңгеден 6,3 трлн. теңгеге өсу жоспарланған.

Елдің өзіндік болмысын, табиғатын, тарихын айғақтайтын 10 аймаққа туризмдік басымдық берілуде, атап айтқанда, Астана, Алматы қалалары, мәдени-танымдық нысандары, Бурабай, Баянауыл, Шарын шатқалы, Маңғыстау түбегі.

Туризмді дамыту үрдісі Қазақстан экономикасының біршама тұрақталу кезеңімен сабақтастырылады. Ұлттық экономиканың жаңа моделіне өту жолдарының бірі де туризм сферасын өрістету болып табылмақ. Жер шарының бірқатар мемлекеттері туризм саласын өз халқының әлеуметтік әлеуетін жақсартудың, экономикасын көтерудің ұтымды құрылымы ретінде пайдалануда. Қазақстан да бұл бағыттағы іс-қимылдарын бағамдап, концепцияларын негіздеуде.

Талғампаз шетел азаматтарын Қазақстанға тарту елдің төл табиғатына, өлкенің бай тарихына, этномәдениетіне деген қызығушылын арттырумен сабақтастырылмақ. Ендеше елде мәдени, эко және этнотуризмді өрістету бағытына басымдық беру абзал.

Экотуризмнің ядросы ретінде Көлсай, Қайынды көлдерін, Шарын шатқалын, Іле Алатау Ұлттық паркін топтастырған Алматы өңірін атауға болады. Сонымен қатар әлі де экотуризм жүйесі қатарына лайықты орнын алмай отырған, потенциалы толымды игерілмеген Шығыс Қазақстан мен Маңғыстау өңірлері жатқызылмақ.

Елдегі экологиялық туризм мәдениетінің қалыптасып және даму үстінде екендігін сандық көрсеткіштер айғақтайды. Мәселен, 2020 жылы экотурист 985 мың болса, 2022 жылы 2 миллионға жетті [2, 10 бет].

Қазақстан этнотуризмді дамыту арқылы туризм сынды іргелі саланы жаңа сатыға көтеруге мүмкіндігі мол. Сөзімізге дәлел Алматы, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда, Шығыс Қазақстан облыстары көне заманнан сыр шертетін бай тарихи-мәдени мұралары орын тепкен аумақтар болып табылмақ. Сақ дәуірінің археологиялық ескерткіштері табылған Алматы («Есік қорғаны»), Шығыс Қазақстан («Берел қорымы» және т.б.) және Батыс Қазақстан облыстарындағы сармат қорғандары да шетелдік туристер үшін танымдық тұрғыдан қызықты да тартымды болары хақ.

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылымы туралы» Заңына сәйкес 2018 жылдың 19 маусымында жаңадан Түркістан облысы құрылып, Түркістан орталық болып бекітілді. Осы тарихи сәттен бастап Түркістанның түлеу үрдісі бастау алғаны заңдылық. Түркістанның Ұлы Жібек жолының бесігі ретіндегі танымдық-тарихи, рухани-

эстетикалық бейнесі Қожа Ахмет Яссауи, Арыстан баб кесенелерінен бөлек Керуен сарай туристік кешенімен толықты.

Облыста Отырар мемлекеттік археологиялық музей қорығы сыртқы және ішкі туризмді жандандыруға жаңа серпін берері сөзсіз. 2020-2022 жылдары «Отырар қалашығын ішінара зерттеу, сақтау және қайта жаңғырту» жобасы іске қосылды. Жоба аясында Отырар қалашығын ашық аспан астындағы музейге айналдыру жұмыстары қолға алынған-ды.

Күрмеуі көп логистика саласы қолға алынып, Отырар музей қорығына жету үшін Шәуілдір – Түркістан бағыты бойынша төрт жолақты автомобиль жолында құрылыс жұмыстары жүргізілу үстінде.

Бүгінгі таңда музей қорықтың Арыстан баб кесенесі, Отырар қалашығы, Сапар орталығы, Отырар музейі сынды туристік нысандары әрекет етуде. Түркістан әлеуетін туризм саласында тиімді пайдалану күн тәртібіндегі мәселелердің бірі, бүгінгі күннің өзінде Малайзия, Индонезия, Тәжікстан, Өзбекстан тұрғындары тарапынан қызығушылық танылып отыр.

Маңғыстау өңірінің географиялық орналасуы мен климаттық-табиғаттық өзіндік факторларын ұтымды пайдаланған жағдайда, аймақта adventure-туризмге, яғни саятшылық туризмді өркендетуге жол ашылары сөзсіз.

Қазақстанда жылдың төрт мезгілдік маусымы болатындықтан, кез-келген мерзімде туристерді тартуға мүмкіндік мол. Ендеше осындай қолайлы жағдайды тиімді пайдалану тау шаңғысы туризмін дамыту жолымен іске асырылғаны абзал. Туризмнің аталған түріне сүрлеу салған Алматы (Шымбұлақ тау шаңғылық курорты) және Шығыс Қазақстан облыстарында оны жаңғыртып, соны деңгейге көтеру керек. Республика жергілікті тұрғындарымен қатар қыс мезгілі болмайтын Оңтүстік-Шығыс Азия елдері, Филиппин, Индонезия, Таяу Шығыс елдері, Сауд Арабиясы, Қатар, БАӘ мемлекеттерінен туристер қызығушылық танытуда. 2021 жылдан бастап жеке инвесторларды тарту есебінен Аюсай, Түргенсай, Сартас, Шарын, Горельник, Медеу және Алтынемел ұлттық парктерінде визит-орталықтары салынып, туристердің игілігіне берілді. Сондай-ақ Түрген және Бутаковка шатқалдарында осындай орталықтар салыну жоспарланып отыр.

Бүгінгі таңда сырттан келетін туристер үшін тартымды қала Алматы болып отыр, биылғы жылы мұнда келген шетелдік қонақтар барлық туристің 30,1 пайызын құрады [3, 10 бет]. «eQonaq» ақпараттық жүйесі мәліметіне сәйкес ішкі туризмнің негізгі бағыттары мемлекеттің оңтүстік және солтүстік бөліктері басымдық танытуда. Сонымен қатар ішкі туризмде елдің әлеуметтік ғана емес, экономикалық жануына Алакөл, Балқаш курорттық аймақтары да өзіндік үлесін қосуда.

Мемлекеттің соңғы жылдары туризм индустриясына айтарлықтай бетбұрысы өз нәтижелерін беруде. 2022 жылы елге 4,7 млн. шетелдік турист келіп, ішкі туристер саны 8,6 млн. адамды құрады [4, 6 бет].

Республикада 2030 жылға қарай ішкі туристер санын 11 миллионға, ал шетелдік туристер санын 4 миллион адамға жеткізу көзделіп отыр.

Туризмнің дамуына кері әсер етіп отырған себептің бірі – республикамызда кәсіби дайындығы бар мамандардың жетіспеуі. Дегенмен, Қазақстанда туристік мамандарды даярлау үдерісі 1992 жылы бастау алды. Осы жылы «Тұран» университетінде туризм факультеті және Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің география-экология факультетінің жанынан туризм бөлімшесі ашылды.

Кейінде осындай факультеттер елдің басқа да жоғары оқу орындарында, атап айтқанда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де, Абылайхан атындағы Халықаралық қатынастар және халықаралық тілдер Қазақ мемлекеттік университетінде, Спорт және туризм академиясында туризм факультеттері жұмыстарын бастады және бүгінгі таңда жемісті еңбек етуде.

Туризм саласының дамуына тосқауыл болып отырған себептер баршылық. Олар жүйелі инфрақұрылымның төмендігі, өңірлер арасындағы жолдардың нашарлығы, сервистік қызмет көрсетудің жұтаңдығы, санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталмауы, заманауилық қонақ үйлердің тапшылығы, көлік қызметтерінің олқылық тұстары, ең аяғы көрші Қырғызстан мемлекетіне қарағанда туристік автобус қызметі құнының жоғарылығы және т.б. толық емес тізбектерден тұрады.

Қазақстанда туризмді дамыту және өрістету жолында бетбұрыстық маңызды іс-шараларды қабылдау және қадағалап жүзеге асыру – бүгінгі уақыт талабы. Бұл бағытта мемлекеттік қаржыны ұтымды пайдаланумен қатар, азаматтық жауапкершілігін түйсінген елдің бизнес өкілдерінің көмегіне жүгіну керек. Ең бастысы – ҚР Туризм және спорт министрлігі Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігімен, Мәдениет және ақпарат министрлігімен, сондай-ақ туризм саласына жанама ведомстволардың үйлесімді қимыл-әрекеттері ғана оң нәтижелерге бастамақ. Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және мәдени салаларында әрекет етіп отырған ауқымды серпінді жобалар туризм сферасында да сараланып түзіліп, толымды да ашық іске қосылуы қажет.

Сонымен қатар, мүмкіндігінше, шетел инвесторларын туризм индустриясына тарту.

Дүниежүзілік сарапшылардың зерттеуі бойынша, Қазақстанның туризм саласы соңғы орындардың қатарынан орын алып отыр. Travel & Tourism Development Index 2021 рейтингісі бойынша, Қазақстан рейтинг тізбесінде бар 117 мемлекеттің ішінде 66 орынды иемденеді.

Туризм саласының экономикалық тиімділігін оңтайлы пайдалану жолында ҚР-ы Прламенті және Үкіметі тарапынан іс-шаралар қолға

алынуда. Іс-қимыл бағдарламаларын жүзеге асырудың нәтижесінде 2030 жылға дейін ішкі туристердің санын 11 миллион, ал шетелдік туристерді - 4 миллионға жеткізу, бұл салада жұмыспен қамтуды 800 мың адамға арттыру көзделіп отыр [5, 10 бет]. Дүниежүзілік экономикалық форумның рейтингісіне сәйкес туризмді дамыту бойынша Қазақстанды әлемнің үздік 50 елінің қатарына қосу болып отыр.

Мақалада қазақстандықтардың шетелге сапары емес, керісінше, коммерциялық туризм, яғни елге шетелдік азаматтар саяхаттап келуі мәселесі қарастырылды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 С.Сұрағанова; Б.Сабатаева. Туризм инфрақұрылымы.Оқулық. Алматы, 2012.-302 бет.

2 Экотуристер саны екі есе артты. Egemen Qazaqstan, 2023.-9 тамыз.

3 Туристердің ең сүйікті шаһары. Egemen Qazaqstan, 2023.-9 тамыз.

4Туризм индустриясының даму бағыты Egemen Qazaqstan, 2023.- 3 тамыз.

5 Турист санны екі есе өсті – Egemen Qazaqstan, 2023.- 9 тамыз.

УДК 325.1

Турова Л.П.
Казахстанско-Американский Свободный университет
г. Усть-Каменогорск, Республика Казахстан

К ВОПРОСУ О ПРОБЛЕМАХ МИГРАЦИОННОЙ ПОЛИТИКИ ЕВРОПЕЙСКОГО СОЮЗА В XXI ВЕКЕ

В современных реалиях при решении миграционных проблем и их последствий используется концепция мультикультурализма, претендующая на фундаментальность и основу миграционной политики, целью которой является создание интегрированного общества, с исключением культурных конфликтов между населением страны и приезжими.

Данная политика нашла активное применение на территории Евросоюза, обозначив направленность на сохранение и развитие культурных различий в каждой стране и в мире в целом.

Названная концепция, представленная в экономически развитых странах, где наблюдается значительный поток иммигрантов, являясь аспектом толерантности, который заключается в требовании параллельного существования культур с целью их взаимного проникновения, обогащения и развития, предполагая, прежде всего, включение в свое культурное поле элементов культуры иммигрантов.

Но со временем становилось все больше и больше иностранцев, которые не знали особенностей и ценностей принимающих стран, не чувствуя себя обязанными интегрироваться в культуру, напротив, они сохранили культуру своей родины, религию и язык.

Для Европы феномен мультикультурализма был возможностью понять тот факт, что большое количество мигрантов было приглашено в качестве потенциально дешевой рабочей силы. Данный подход функционировал как особый договор, согласно которому мигранты могли сохранять самобытность культуры своей страны, проживая на другой территории, но, вместе с тем, результаты были отрицательными: получив возможность сохранить свою культуру, интерес к интеграции пропадал, иммигранты отождествляли себя только со своей родиной, а идея о том, что приверженность своей культурной самобытности сопоставима с культурой принимающей страны, иррациональна (что объясняет привлечение и участие иммигрантов-мусульман в различных террористических организациях) [1, с. 9-11].

Таким образом, под миграционной политикой понимается государственная политика, имеющая систему средств, набор правил и мер, направленных на регулирование гражданских и общественных отношений в сфере передвижения людей, при которой, в соответствии с установленными принципами достигаются определенные цели контроля и регулирования международных отношений [2, с. 20].

Со временем термин «миграция» прочно вошел в систему международных отношений, о чем свидетельствует развитие международного права в области миграции, находящего отражение в создании различных международных организаций.

Рассмотрим, как решается проблема миграции на примере некоторых государств. Так в Швеции, процедура предоставления убежища регулируется, и обладатель статуса беженца имеет право жить и работать в этом государстве. Современное шведское население не однородно - граждане страны очень разные, иногда очень экзотического происхождения, и, поскольку значительная часть иммигрантов предпочитает не работать, а жить на социальные пособия или заполнять нишу тяжелой и неквалифицированной работы. Общее количество социальных пособий для населения Швеции меняется, так как доля обособленных и маргинализованных классов в общей численности населения страны растет. Другая проблема, связанная с миграцией, - это растущая сегрегация шведского общества: шведы, и многие иммигранты стремятся максимально дистанцироваться друг от друга, что связано с различными стереотипами и предрассудками, существующими как в шведской, так и в иммиграционной среде.

«Шведский социализм», который был очень хорошей и эффективной моделью развития страны в изменившихся политических условиях,

особенно на транснациональном фоне происходящих изменений, стал причиной многих проблем в отношении чрезвычайно лояльного отношения к иностранным мигрантам, основанного на желании интегрировать их в шведское общество. Фактически, каждый иностранный иммигрант имеет равные права со шведскими гражданами, за исключением права голоса на парламентских выборах [3, с. 113].

Значительная часть иммигрантов, прибывающих в Швецию, не стремится ассимилироваться и даже интегрироваться в принимающее общество: мигранты начинают строить «мини-Сомали», «мини-Сирию», «мини-Ирак»; чрезвычайно высока доля молодых мужчин-мигрантов, которые очень агрессивны, часто устраивают беспорядки на улицах шведских городов. Несмотря на эти проблемы, Швеция не планирует ужесточение миграционной политики, продолжает придерживаться либерального пути их решения, наблюдается лояльность к иммигрантам, государственные власти прилагают все усилия, чтобы интегрировать мигрантов в общество на равных основаниях с местными жителями.

Как и Швеция, Дания - одно из самых социально и экономически процветающих государств Европы. До недавнего времени Дания тоже была почти мононациональной страной, но уже во второй половине 20 века Дания испытывает определенную нехватку высококвалифицированных специалистов из-за старения датского населения.

В отличие от шведской политики, в Дании действует одна из самых строгих политик в области контроля миграционной ситуации, делая Данию примером для северных соседей в том, как выстраивать миграционную политику в современных условиях.

В настоящее время проживающий в Дании иностранец может быть выслан из страны на постоянное место жительства за любое преступление, независимо от того, есть ли у него вид на жительство или даже недвижимость в стране. Выявлено, что одним из факторов является то, что в настоящее время Дания, среди других европейских стран, имеет одно из самых больших представительств праворадикальных партий в законодательных органах страны, что также влияет на направление и содержание ее миграционной политики.

Из этого можно сделать вывод, что миграционная ситуация в скандинавских странах способствует росту социальной и политической напряженности. Наиболее эффективной моделью управления миграционной политикой является Дания, которая опирается на жесткий контроль миграции, наиболее уязвимые позиции находятся в Швеции, Финляндии и Норвегии. Так как решение миграционной проблемы в этих странах во многом зависит от того, как политические силы будут формировать политический курс государств. Кроме того, можно отметить, что, несмотря на одну и ту же модель миграционной политики, в странах

Скандинавии разный подход к решению проблемы мигрантов, что позволяет сделать вывод, что политика мультикультурализма не имеет единого решения и каждая страна строит свою политику на основе своих собственных интересов.

Одной из стран, где политика многокультурности претворялась в жизнь очень эффективно, считалась Великобритания, несмотря на то, что не было провозглашения официальной доктрины. В стране была разработана система мер, направленных на поддержку национальных меньшинств, в частности, приняты специальные законы о равенстве всех культур и толерантность была объявлена обязательной для всех граждан [4, с. 213].

